

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

“Филология ғылымдары” сериясы

Серия «Филологические науки»

№ 2 (40), 2012 ж.

Алматы, 2012

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ

«Филология ғылымдары» сериясы
№2 (40), 2012 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады.

Бас редактор:

филол.ғыл.д., проф. **Б.Әбдіғазилұлы**

Бас ред. орынбасарлары:

пед.ғыл.д., проф. **Ф.Ш. Оразбаева,**
филол.ғыл.д., проф. **С.Д. Әбішева**

Ғылыми редакторлар:

филол.ғыл.д., проф. **Т.С. Тебегенов,**
филол.ғыл.д., проф. **Т.В. Шевякова**

Редакциялық алқа мүшелері:

филол.ғыл.д., проф. **К.И. Мирзоев,**
филол.ғыл.д., проф. **А.Қ. Жұмабекова,**
филол.ғыл.д., проф. **Б.Қасым,**
пед.ғыл.д., проф. **Г.А. Қажығалиева,**
профессор **Н.М. Исмаил,**
филол.ғыл.канд., доц. **Н.Ж. Нұртаева,**
пед.ғыл.д. **Ж.К. Балтабаева**

Жауапты хатшы:

филол.ғыл.к. **А.Д. Ибраева**

© Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті, 2012

Қазақстан Республикасының
мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10109 - Ж

Басуға 13.07.2012 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 15,75 е.б.т.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 271

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

Казахский национальный педагогический
университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия

«Филологические науки»
№2 (40), 2012 г.

**М а з м ұ н ы
С о д е р ж а н и е**

**ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА**

Қасым Б., Жақанова Г. Сандық ұғымдар арқылы жасалған күрделі атаулардан түзілген концептілер	3
Бадагулова Г.М. Понятие символа в лингвистике и философии.....	5
Молдасанов Е.М. Тіл үйренудегі қағидалар.....	9
Тұрсынова М.А. Түркі тілдеріндегі мен, сен, ол есімдіктерінің септелуі	11
Садықова Р., Танаева Д. Парсы және қазақ тілдерінің мағынасы жағынан ұқсас мақал-мәтелдердің қолданылу ерекшеліктері.....	16
Субботина В.В. Предпереводческий анализ текста и его роль в переводеведении.....	18
Ноғайбаева Ж.Ә. Қазақ тілін үйретуде инновациялық тәсілдерді қолданудың тиімділігі.....	21
Бедусенко Г.А. О некоторых функциях разговорной лексики в современной печати.....	23
Қасенов Е. А.Байтұрсынов еңбектеріндегі сөз таптастыру мәселесі.....	26
Ауелбекова Ш. XX ғасыр басындағы тіл туралы пікір таластар.....	29
Жайлаубаева Қ.С. Қазақ тілін орыс мектептерінде фонетика ұғымына сүйене отырып интеграциялық тәсіл арқылы оқыту.....	34
Гасанова Т.Н. Проблемы восприятия иностранной речи.....	36
Асқарова С., Ашегова Б.Н. Ағылшын тіліндегі синонимдерінің түрлері.....	39
Курманова Ж.Б. Государственный язык как фактор развития казахской нации.....	42
Искакова Х.Е., Сейітқұлова Г.Б. Студенттерге кәсіби бағдар беруде шет тілінің терминологиялық жүйесі.....	46
Токтарова Т.Ж. К вопросу о стереотипизации речевого поведения мужчин и женщин.....	48
Құлмағанбетова В.Х. «Әйел» концептісіне қатысты паремологиялардың лингвокогнитивтік мазмұны.....	50
Аскерова Т.М. Грамматический и семантико-стилистический анализ глагольных (предикативных) фразеологических единиц в языке Насими	54
Манатқызы Ә. Қазақ ертегілерінде көрініс тапқан ұлттық реалиялардың түркі тіліне аударылу жолдары.....	57

**ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ**

Нурғали К. Проблемы литературной критики в книгах Н.Ровенского..	62
Ізтілеуова С. Абай, Шәкәрім шығармаларындағы “жан” ұғымы.....	65
Тағиева Н.Ш. Мир Джалал и Шервуд Андерсон: близость и сходство в их творчестве.....	68
Жақсылықұлы З. Түркі тілдес халықтар әдебиеті арасындағы рухани сабақтастық мәселелерінің тексерілуі.....	72
Ибраева А. Қаламгердің әдеби шығармашылық әлемін танытудың жолдары.....	75
Мамедзаде Н. Влияние психоанализа на творчество Германа Гессе.....	76
Тоқшылықова Г.Б. Корей поэзиясының жанрлары.....	80
Рахымжанов Н. Төл әдебиетіміздегі элегия жанрын зерттеу ісінің басты міндеттері жайында.....	83
Алекберова У. Теоретические воззрения Г.Н. Потанина в связи с происхождением саги о Соломоне.....	87

**ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ**

Разахова Ф.Ж. Ұлттық тәрбиенің қазіргі қоғамдағы сарыны және болашағы.....	90
Медәубаева К. Тіл дамыту сабақтарында С.Торайғыров шығармаларын пайдалану.....	93

Периодичность – 4 номера в год.
Выходит с 2000 года.

Главный редактор:

д.филол.н., проф. **Б.Абдигазиев**

Зам. гл.редактора:

д.п.н., проф. **Ф.Ш. Оразбаева,**

д.филол.н., проф. **С.Д. Абишева**

Научные редакторы:

д.филол.н., проф. **Т.С. Тебегенов,**

д.филол.н., проф. **Т.Б. Шевякова**

Члены редколлегии:

д.филол.н., проф. **К.И. Мирзоев,**

д.филол.н., проф. **А.К. Жумабекова,**

д.филол.н., проф. **Б.Касым,**

д.п.н., проф. **Г.А. Кажигалиева,**

профессор **Н.М. Исмаил,**

к.филол.н., доц. **Н.Ж. Нуртаева,**

д.п.н. **Ж.К. Балтабаева**

Ответственный секретарь:

к.филол.н. **А.Д. Ибраева**

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2012

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации РК
8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 13.07.2012.
Формат 60x84 1/8. Объем 15,75 уч-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 271
050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического
университета имени Абая

Аскарлова С.А., Копбаева С.М. Современные проблемы оценки знаний студентов и проведение тестирования.....	96
Джумагульбаева Р.П., Худайбердина Д.А. Речевое и неречевое поведение учителя на начальном этапе обучения иностранного языка..	98
Шуиншина Н.М., Сатбай Г. Türkçe öğretiminde konuşma becerisinin geliştirilmesinde masal ve fabllerin önemi.....	101
Утегулова З.Н. Шетел тілі сабағында рөлдік ойындарды қолданудың тиімділігі.....	104
Косанова Г.А., Джакибаева А.Т. Обучение видо-временной системе английского глагола (на материале группы настоящих и прошедшего неопределенного времени).....	105
Утегулова З.Н. Ранне обучение иностранному языку как фактор повышения качества владения на последующих этапах.....	109
	112
Сейткулова Г.Б., Исакова Х.Е. Введение новой лексики при обучении работе над текстами по специальности.....	115
	117

Утегулова З.Н. Шетел тілін оқытуда қолданылатын прагматикалық кәсіби бағдарлы міндеттерді тиімді шешу.....

Жанқушков Б. Жеке тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеу.....

ЖУРНАЛИСТИКА

	119
Abdygazyuli B., Baymolda D. Coverage of contemporary global issues in the media of Kazakhstan.....	120
Гарибли И. Вопросы просветительства, прессы и науки в публицистике М.Хади (на основе статей, опубликованных в газете «Хайят»).....	124
Мұсатаева Ф.С. Жарнама ұғымы мен оның түрлері.....	

Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті Алқасының шешімі негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы журналының «Филология ғылымдары» сериясын педагогика ғылымдары бойынша диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне енгізілгені туралы хабарлайды.

На основании решения Комитета по контролю в сфере образования и науки Вестник КазНПУ им.Абая, серия «Филологические науки» внесен в перечень изданий для публикации основных научных результатов диссертаций.

ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА

САНДЫҚ ҰҒЫМДАР АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН
КҮРДЕЛІ АТАУЛАРДАН ТҮЗІЛГЕН КОНЦЕПТІЛЕР

Б.Қасым – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры ф.ғ.д.,
Г.Жақанова – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы

Кез келген тілде сан атаулары алғашқы ұғыммен, яғни қандайда бір заттардың санын, басқа заттармен қатынасының сандық мәнін білдірумен қатар, екінші деңгейдегі қолданысқа түсіп, басқа ұғымдарды атауға қатысады. Яғни о бастағы нақты білім басқа, жаңа білімді игеруге көмектеседі. Сол арқылы қоршаған ортаның ақиқат дүниесіндегі құбылыстар адам санасында дайын, бұрыннан бар бірліктер арқылы оңай танылып жатады. Осы процесс сан атауларына әбден қатысты. Мәселен, үш саны нақты бір заттардың мөлшерін көрсетеді, яғни лексикалық бірлік ретінде оның анықтамасын былай беруге болады: үш – екіден көп, төрттен аз сан. Ал осы сан атауы енді ұлттың басқа да руха-ни, мәдени, материалдық мәдениетіне қатысты, әлеуметтік болмысындағы құбылыстар мен заттарды, абстрактілі ұғымдарды тануға қатысады. Мысалы, үш жүз күрделі атауында үш санының атауы нақ-ты бір заттардың мөлшерін атап қана қоймайды, бұнда ол тіркескен жүз сөзімен бірігіп, қазақ халқы-ның этникалық құрылысына қатысты білімді жинақтаушы қызмет атқарып тұр. Жоғарды аталған сандық атаулардан жасалған күрделі атаулар өз алдына когнитивтік жүйеде белгілі орны бар концеп-тілерді түзуге қатысады. Сол концептілерді құраушы білім бірліктері болып табылады. Сандық ұғым-дардың жеке-жеке концептілер екені анықталды. Мысалы, бес сан есімі адамның бес саусағымен бай-ланысты шығып, тұтастық, байланыстылық концептісін құрайды. Ал осы сандық ұғым арқылы жасалған тілдегі көптеген күрделі атаулар когнитивтік сананың жүйелік бірліктерін түрлі концепті-лерді жасайды. Яғни сан ұғымдарын қолданып күрделі атау жасау – жаңа ұғымға ат беру өз алдына бір процесс болса, енді сол күрделі атаулар арқылы әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыру, қоршаған ортаның танымдағы бейнесін құру бұл да өз алдына қарастырыла алатын тағы бір процес болып отыр. Бірінші процес тіл шекарасында өтке, екінші процесс таным деңгейінде жүреді. Екеуі бірінсіз бірі жүзеге аспайды да, тіл мен таным тұтастығының айғағы болып табылады.

Қазақ халқының тарихындағы материалдық және рухани мәдениеттің, тұрмыс-тіршілігің деңге-йін бейнелейтін, яғни этнос өмірінің декеккөзі болар белгілі бір сандарға қатысты біртуар, үш жүз, бесқару, төрт құбыла, алтыбақан, екі дүние, қырықаяқ, Жетіқарақшы, бесатар, үш жұрт, сегізкөз, сегізаяқ, қырықбуын сияқты күрделі атаулардың әлеуметтік мәнділігі кең. өйткені олардың мән-мағы-насы жұртшылыққа, яғни тілдік ұжым мүшелерінің барлығына дерлік кеңінен түсінікті.

«Уақыт» концептісі. Бұл концептіні құрауға күрделі атаулар қазақи танымның, ұлттың болмыс-тың, әлеуметтік-экономикалық тұрмыстың, рухани мәдениеттің ерекшеліктерін көрсететін мынадай күрделі атаулар қатысады: он екі сәт, үш бунақ, бес қонақ және т.б.

Он екі сәт – «ұзақ мерзім» дегенді білдіреді (48, 108). Мысалы, – О, бұл қой әлі ет болғанша мың бір әлем **он екі сәт**. Мұнан қашан әкетеді? Ет комбинатына апарған күні қабылдай қоя ма, жоқ па? (Н.Қазыбеков. Хат. – Жұлдыз, 1986, 127 б.), – деген әңгіменің үзіндісінде он екі сәт күрделі атауы мың бір әлем тіркесімен бірге ұзақ мерзім деген ұғымды білдіріп тұр, уақытқа қатысты «ұзақтылық» концептісі құрап тұр. Бұл жерде аталған күрделі сөз үстірт мағынада қолданылса, он екі сәт сөзінің байырғы нақты мағынасын екінші бірі біле бермейді, сондықтан оның шын мәніде білдірген тілдің мағынасы астырт мағынаға жатады.

Қазақтың халық күнгізбесін зерттеуші М.Ысқақов кейбір түркі халықтары, оның ішінде ұйғырлар тәулікті он екі шаққа (сағатқа) бөлген деген Ұлықбектің мағлұматына назар аударады. Тәулікті он екі шаққа бөліп, оны он екі жыл есебімен атау монғол халықтарында да бар: 1) хулгана цаг – тышқан шақ, 2) ухер цаг – сиыр шақ, 3) бар цаг – барыс шақ, 4) туулай цаг – қоян шақ, 5) луу цаг – ұлу шақ, 6) моғай цаг – жылан шақ, 8) морин цаг – жылқы шақ, 8) хонин цаг – қой шақ, 9) бичин цаг – мешін шақ, 10) тахиа цаг – тауық шақ, 11) нохой цаг – ит шақ, 12) гахай цаг – доңыз шақ [1, 108].

Үш бунақ. Қазақтарда және түркі халықтары үшін бір жылды үшке бөліп қарастырумен туындаған уақыт ұғымы. Бұл шаруашылыққа байланысты туындаған ұғым. Есепшілер шаруашылықты ауа-райымен сабақтастырып жүргізу үшін бір жылды 120 күннен тұратын үш бунаққа бөлген. Ұш бунақ-тың алғашқысы бас бунақты шаруалардың тілінде қара қатқак деп те атайды. Бұл мезгілде мал төл-дейді, жабағы жүн қырқылып, бие бау тартылады. Орта бунақта шөп

қуаты басына шығады. Аяқ бунақ қазанның тоғызынан ақпанның тоғызына дейінгі уақыт. Малшылар бұл мерзімде «күйек шешіп», жылқыны тебінге түсіреді.

Бесқонақ. Жаз бен күз мезгілі арасында болатын ызғырық, суық күн. Бес қонақ күрделі атауы тоғау есебіне байланысты: бірінші қонақ 31-наурызда, қазіргі күнтізбе бойынша 21-сәуір – көктем мейрамы, еңбек мерекесі; екінші қонақ 31-мамыр, қазір 22 маусым – жаз мерекесі; үшінші қонақ 31 маусым, қазір 22-шілде – ақын, өнер, парасат күні; төртінші қонақ 31 шілде, қазір 22 тамыз – тіл мерекесі және ұлттық дәстүр күні; бесінші қонақ 31 тамыз, қазір 22-қыркүйек – күз мейрамы, сабантой [2, 108].

Бес күндік пәни – шектеулі ғұмыр дегенді білдіреді. «Бес күндік» деген «қысқа» мағынасында жұмсалып, жалған дүние, адамның жарық дүниеге келіп, о дүниеге аттану аралығындағы уақыт өлшемі білдіреді. Бір жағынан бұл күрделі атау «дін» концептісіне «діни уақыт» өлшемі ұғымына да келеді.

«Туыстық» концептісі. Бұл концептіні жасауға сандық ұғымдар арқылы жасалған мынадай күрделі атаулар қатысады: үш жүз, үш жұрт, бес ата, жеті ата және т.б.

Үш жүз – қазақ халқының іргесі үш жүз құрамынан тұрады. Олар: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз. Бұл күрделі атаулардың құрамындағы «жүз» лексемасы туралы әртүрлі пікірлер бар. С.Аманжолов «жүз» лексемасы 100 санымен астарлас бөлшек ұғымын береді десе, Ж.Досқараев та жүз сөзінің эти-мологиясы жөнінде жүз сөзінің төркіні дүз, түз деген сөздермен байланысты болса керек деген пікір білдіреді. Себебі, біріншіден, қазақ тілінің кейбір говорларында д/ж дыбыстары алмасады, екіншіден, әрірек уақытта бұрынғы этно топтардың үш жаққа бөлінуіне байланысты жүз (дүз) сөзінің қолданылуы заңды құбыды екені аңғарылады. Дыбыстардың алмасуына байланысты кейбір қарттардың сөйлеу тілінде жүз деудің орнына дүз деп те айтылады. Үшіншіден, тілімізде түз/дүз «дала, сахара жақ» деген мағынада қолданылады. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде Ж.Досқараевтың пікірі шындыққа жанасатыны көрсетілген. Ал Е.Жанпейісов жүз лексемасының этимологиясын «буын, ұрпақ» сөздерімен байланысты дей келе, басқа түркі тілдерімен салыстыра зерттейді [3, 105]. Сонымен, үш жүз құрамындағы жүз сөзінің төркіні ұрпақ сөзімен байланысты. Үш жүз деп қазақ даласы емес, қазақ халқы бөлінген, әрі тарихи романдардан «Үш жүз – қазақтың ағайынды үш баласы» деген сөйлемдерді кездестіруге болады. Сонымен, үш жүз күрделі атауы қаны бір туысқан. ағайын-ды деген ұғымды білдіреді.

Үшжұрт. Халқымыз «жігіттің үш жұрты бар. Олар – ағайын жұрт: жігіттің әкесі жағынан келетін туыстары, нағашы жұрт – шешенің төркіні, қайыңжұрт – әйелінің төркіні» деп айтады. Осы күрделі атау құрамындағы сандық ұғымдағы үш сөзінің о бастағы сан мағынасы көмескіленіп, этнос-тың туыстық-элеуметтік құрылымы болмысының бір көрінісіне қатысты құбылысты атауға қатысып тұр. Мысалы «үш жұртың аман ба?» дегенде айналаң, ортаң аман-есен, жағдайың жақсы ма деген ойды меңзеп тұр.

Бесата. Бұл прецеденттік мәтін. Тарихи оқиғаға байланысты туындаған ұғым. Бесата – Қоңырат руынан тарайтын бір бұтақтың аты.

Жетіата. Қазақта рулық қатынас тарихи даму кезеңдердің ұзақ мерзімі бойы элеуметтік-экономикалық жағдайдың басты критерийі болды. Этностың тіршілігін, қоғамдық әрекеттестікті ұйымдастыру – туыстық қатынас негізінде орнығып, жүзеге асты, сондықтан да әр бір этнос өкілі өзінің о бастағы тараған тамырын, ата-бабасының жұртын жақсы білу керек болды. Қазақта жетіата деп жеті ұрпаққа қатысты айтқан: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене. Ал қазақтың ұғымында бұл күрделі атау «тамыр, түп-төркін, тек» мағынасын білдіреді. Жеті атасын білу деген тек қана өз ұрпағының арғы аталарын білу емес, жалпы шығу тегін, өз тарихын білу, өткенге құрмет көрсету, ұрпақ сабақтастығы деген ұғыммен сабақтасып жатады.

Сандық атаулардан жасалған күрделі атаулар өз алдына когнитивтік жүйеде белгілі орны бар концептілерді түзуге қатысады. Сол концептілерді құраушы білім бірліктері болып табылады. Сандық ұғымдардың жеке-жеке концептілер екені анықталды. Мысалы бес сан есімі адамның бес саусағымен байланысты шығып, тұтастық, байланыстылық концептісін құрайды. Ал осы сандық ұғым арқылы жасалған тілдегі көптеген күрделі атаулар когнитивтік сананың жүйелік бірліктерін – түрлі концептілерді жасайды. Яғни сан ұғымдарын қолданып күрделі атау жасау – жаңа ұғымға ат беру өз алдына бір үдеріс болса, енді сол күрделі атаулар арқылы әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыру, қоршаған ортаның танымдағы бейнесін құру бұл да өз алдына қарастырыла алатын тағы бір үдеріс. Сандық ұғымдар негізінде жасалған күрделі атаулар қазақ тілінде тек қана материалдық немесе рухани мәде-ниеттің нақты көріністерін ғана танытушы бірліктер емес, сонымен бірге ұлттық болмысты, дүниета-нымды көрсетітін таным бірліктері – концептілерді құраушы тілдік бірліктер [4]. Яғни сандар дүние-ні танудың құралы, сол танымды жианқтаушы таңба, сол жиналған ақпаратты реттеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін дайын білімнің кілті деуге

болады.

Сонымен сан ұғымдары арқылы жасалған күрделі атаулар тілімізде алуан түрлі концептілер түзе-ді, яғни олар белгілі бір тілдік ортаның, этностың өкілі болып табылатын индивидтің өзіндік тұрмыс-тіршілігіне сәйкес дүниені танып, ол туралы білімді жинақтап, қорытып аталым жасаудың тілдік құралы қызметін атқарады.

1. Базылхан Б. Монғолша-қазақша сөздік. – Улаанбаатар-Өлгий, 1984. – 880 б.
2. Ысқақов М. Халық календары. 1980. – 220 б.
3. Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алматы: Наука, 1989. – 288 с.
4. Қасым Б. Сөзжасам: семантика. Уәждеме. – Алматы, 2003 – 168 б.

Резюме

В статье описываются концепты образованные от сложных наименований количественных понятий.

Summary

This article describes concepts, formed of complicated items of quantitative notions.

ПОНЯТИЕ СИМВОЛА В ЛИНГВИСТИКЕ И ФИЛОСОФИИ

Г.М. Бадагулова – канд. филол. наук, доцент

Действительность описывается символами или образами. Известно, что, наряду с естественным языком, существует так называемый “язык символов”. В человеческой культуре он играет чрезвычай-но значимую роль. С помощью именно символа в языке выражается какой-то глубинный пласт содержания, по-иному невыразимых. В их числе будут как те, которые имеют общечеловеческий характер и отражены в мифах, преданиях, легендах, сказках, так и те, которые по своей природе индивидуаль-ны. «Можно без преувеличения сказать, что нет никаких шансов понять природу человеческих мыслительных способностей (как сознательных, так и бессознательных), если мы будем пренебрегать языком символов, т.к. именно в нем находят свое выражение содержания, имеющие отношение к фундаментальным основам человеческого существования (а точнее, бытия)» [6].

Язык символов используется для выражения самых основ бытия – и мира, и человека. Самые разные, причем чрезвычайно значимые, сферы человеческой жизнедеятельности оказываются существен-ным образом замкнутыми на языке символов. «Символотворческая функция, – пишет С.М. Лангер, – одна из первичных в человеческой деятельности подобно питанию, ориентации в пространстве, пере-движению. Она является фундаментальным и постоянным процессом человеческого ума. Иногда мы осознаем ее, иногда просто обнаруживаем ее результаты и понимаем, что определенные переживания прошли через наш мозг и уже освоены им» [5].

По сущности и смыслу символического восприятия и описания действительности существует огромная литература. Она восходит к именам Платона и Пифагора, к Филону Александрийскому.

Впервые образно-символическое истолкование универсума в христианском понимании дал Климент Александрийский (3 в.). Согласно воззрениям раннехристианских мыслителей, символ выступает как своего рода посредник, связывающий мир, недоступный чувствам и невидимый, и мир человеческий, земной. Высшие истины, невысказываемое, тайное всегда передаются через символы, в отличие от явного, легко познаваемого. Все понятия о высших истинах переданы нам в символах, “ибо уму нашему невозможно подняться к невежеству, подражанию и созерцанию небесных иерархий иначе, как через посредство свойственного ему веществ, руководства, полагая видимые красоты изображе-нием невидимой красоты”.

У св. Августина подробно разработана на основе античного и раннехристианского материала концепция знака. Для семиотики интересны августиновские дефиниции знака, обозначаемого и значе-ния; классификация знаков на естественные и условные; предметные, визуальные и вербальные; буквальные и переносные. Так, В.В. Бычков отмечает, что “знак у позднего Августина становится важной всеоб-емлющей категорией, позволяющей понять и осмыслить весь мир материальных и преходящих духов-ных вещей и явлений в качестве пути к “предметам вечным”... Знаково-символический характер искус-ства станет отныне главной доминантой эстетического мышления средних веков” [3, 219]. Все искус-ства, по Августину, должны способствовать или непосредственному постижению той или иной ступени красоты, или приобщению человека к духовным, в частности философско-религиозным, ценностям. Выполнить это свое назначение они могут одним из двух способов: или путем прямого эмоционально-эстетического воздействия на субъект восприятия (например, как юбилеяция в музыке), или с помощью своей знаково-символической функции. Изучение этих способов эмоционально-эстетического воздей-ствия

приводит Августина, с одной стороны, к детальной разработке знаковой теории, а с другой – к исследованиям в области эстетического восприятия, т.е. к созданию [3].

Идеи св. Августина были вновь возобновлены в работах Ч.С. Пирса, который рассматривал под символом «любой знак, не имеющий со своим объектом сходства и не находящийся с ним в какой-то естественной или физической (причинной) связи, но выполняющий свою функцию знака только потому, что он интерпретируется как знак этого объекта» [12, 87]. Пирс классифицирует знаки на иконические, индексы и символы. Для символа характерным является то, что он как знак «...связан со своим объектом благодаря ... интеллектуальному акту», который способствует образованию обще-го понятия, то есть знак связан со своим объектом через ассоциацию общих идей [12, 65]. И далее: «символ для говорящего – любой знак, не имеющий со своим объектом сходства и не находящийся с ним в какой-то естественной связи, но выполняющий свою функцию знака только потому, что он обычно интерпретируется как знак этого объекта» [12, 87].

Символ как один из основных способов познания мира человеком рассматривается Э.Кассирером. Он пишет: «Без символизма жизнь человека уподобилась бы жизни пленников в знаменитой плато-новской пещере. Человеческая жизнь ограничилась бы в пределах его биологических нужд и практи-ческих интересов; она не могла бы найти никакого доступа к «идеальному миру», открываемому ей с различных сторон, религией, искусством, философией, наукой» [4]. Для Кассирера человеческое поз-нание является символическим познанием. По мнению Кассирера, для раскрытия сущности челове-ского бытия, необходимо, прежде всего, обратиться к исследованию культуры “аккумулирующей в себе его всеобщие свойства”. Поэтому “основной вопрос, который надлежит разрешить, приступая к философскому анализу культуры, это именно вопрос о возможности обнаружить за всем многообра-зием ее проявлений нечто общее, лежащее в ее основании” [4, 242]. Для этого неокантианец Кассирер модифицировал кантовскую “априорную форму” (означающую формальный синтез чувственного многообразия) и стал трактовать ее как “символ”, придав ему статус центральной категории своего философствования. Символообразующая способность человека трактуется Кассирером как “априор-ное свойство человека”. Те разнообразные сферы проявления культуры (язык, религия, миф, искус-ство, наука), которые Кассирер называет “символическими формами”, не сводимы к некому общему. Каждая “символическая форма” (особая символическая функция сознания) по Кассиреру воплощается в особом типе реальности, то есть языке, мифе, религии, искусстве, науке. Это позволило ему прийти к мысли о том, что человек это не animal racionle, а, прежде всего homo symbolicus [4, 242-243].

Символ только может быть непосредственно понятен тем, кто сознательно связан с ним в своей жиз-ни и язык символов является неотъемлемой составной частью естественного языка и развивается в про-цессе естественной эволюции последнего. Различие между ними, например И.А. Бескова видит в том, какой тип взаимодействия человеческого сознания с миром оказывается доминирующим. Отмечая, что «взаимодействие человека с миром происходит на разных уровнях», она называет такие уровни вос-приятия окружающей действительности человеком, как «поверхностный – когда внимание субъекта лишь скользит по воспринимаемому; углубленный, – когда субъект заинтересован объектом и стремится его изучать; и глубинный, – когда субъект полностью концентрируется на объекте, становясь с ним одним целым [2]. При этом И.А. Бескова подчеркивает, что «первый уровень взаимодействия с миром как раз и обусловит формирование повседневного естественного языка. Последний – создаст предпо-сылки для появления символов как особой эпистемологической формы репрезентации информации» [2]. Названные уровни взаимосвязаны, они есть «альтернативные формы проявления действия одних и тех же универсальных сил: на поверхности – в той форме, которая доступна большинству членов сообщества при нормальных условиях в обычном состоянии сознания; глубоко – в том варианте, который некоторым индивидам дается или в измененном состоянии сознания, или в экстраординар-ных условиях (угроза жизни, стресс, сильная усталость, состояние сенсорной дегенерации и многое другое)» [2].

Символическое словоупотребление, как отмечает И.А. Бескова [2], отличается от обыденного тем, что выражение, выступающее как содержание символа, не является конечным смыслом, а в свою оче-редь, адресует к более глубоким пластам содержания. Это может быть и многократная референция: глубина понимания символа зависит от способности человека раскрывать все более глубокие содер-жания и в этом смысле практически безгранична.

Однако что представляют собой эти поверхностные и глубинные содержания? Именно оно состав-ляет подлинную основу эзотерического знания, религиозных верований, мифологических предст-авлений. Средством их выражения и является язык символов.

В некоторых философских трудах символ рассматривается как «вещь, имеющая смысл в

отношения сознания». А.Ф. Лосев, объясняя, что он имеет в виду под символом, писал: «Символ – там, где, с одной стороны, налицо два пласта бытия, не имеющие между собою совершенно ничего общего и сопоставляемые чисто внешне, механически, без малейшего внутреннего соответствия (как, например, различимость и неразличимость), а с другой, оказывается, что эти два пласта бытия есть один и тот же пласт, что между ними – полное тождество, и субстанциональное, и смысловое (как, например, тождество различимости и неразличимости во всяком живом становлении)» [6].

Символ по А.Ф. Лосеву есть смысловое отражение вещи. «Символ вещи, – пишет он, – есть ее отражение, однако не пассивное, не мертвое, а такое, которое несет в себе силу и мощь самой же действительности, поскольку однажды полученное отражение перерабатывается в сознании, анализируется в мысли, очищается от всего случайного и несущественного и доходит до отражения уже не просто чувственной поверхности вещей, но их внутренней закономерности. В этом смысле и надо понимать, что символ вещи порождает вещь» [6, 65].

В совместной монографии философы М.К. Мамардашвили и А.Ф. Пятигорский, исходя из сказанного А.Ф. Лосевым, говорят о трех принципах определения символа. Первый принцип связан с тем, что «символ обладает своим собственным смыслом как «особая вещь» и одновременно смыслом в отношении сознания. Последнее предполагает, что он в некотором роде есть уже «не вещь», поскольку «сознательность» и «вещность» суть понятия различных онтологических планов» [9, 154].

Во-вторых, как «вещность», так и «не-вещность» символа, по мнению названных философов, может существовать в отношении к индивидуальному субъекту как нечто автономное, что означает о нахождении субъекта в так называемом «поле символа». При этом возможны следующие ситуации: «Я» – субъект может не осознавать смысл символа, не знает, что эта вещь – символ, или «Я» – субъект, находясь в «поле символа», осознает его смысл в отношении сознания и, таким образом, сможет контролировать свою психику, испытывающую воздействие этой силы, и, наконец, может случиться так, что и, не находясь в поле символа, «Я» – субъект будет понимать смысл этого символа [9, 155].

В продолжении данной мысли важны также замечания Э.В. Бесковой, которая считает, что «чело-век от начала и до конца, от первого своего действия до результирующей репрезентации, является единственным творцом символической реальности. Он не использует готовые объекты для выражения искомого содержания. Он их полностью создает сам, в процессе постижения глубинной реальности ... символы, найденные человеком, с необходимостью напоминают объекты нашего мира» [2].

В-третьих, как подчеркивают М.К. Мамардашвили и А.М. Пятигорский, при рассмотрении символов «необходимо учитывать своего рода онтологический уровень, где всякий символ будет нам являться как некий комплекс объектов или действий, ни одно из которых не существует (как символическое!) вне единства этого комплекса», что предполагает существование объективного (то есть не фигурирующего в данной ситуации в качестве субъекта своего поведения) наблюдателя, использующего свой метаязык, метаязык будет играть роль посредника между языком наблюдателя и «языком» символов [9, 155-156].

Указывая на основные свойства символа, А.Ф. Лосев выделяет его абсолютную иррациональность, произвольность сопоставлений, полную необоснованность и «анархию в выборе отождествляемых моментов». «Но символ не есть ни логическое и ни чувственное бытие. Из чувственности он берет случайно-внешнюю сопоставленность, но без ее произвола неосмысленности; а из логического он берет обоснованность и осмысленность, но без рационального аппарата определений и выводов. Символ есть бытие *suigeneris* [своего рода – лат.]. Символ не способен дать объяснения по поводу того или иного предмета, вещи, явления. По меткому выражению А.Ф. Лосева, «модели, символы, фиктивные образы мира – игра фантазий», они гипотетичны [7]. А.Ф. Лосев также указывает на то, что «...символы ограничены определенным временем и местом и определенными социальными причинами...» [7, 443].

Считая символами «предельно обобщенные типы», «такую образную конструкцию, которая может указывать на любые области инобытия», А.Ф. Лосев отмечает, что «нельзя провести границу между конечными и бесконечными символами, поскольку это как раз и свидетельствует о том, что категория символа везде и всегда, одной стороны, конечна, и с другой стороны, бесконечна» [7, 443-444].

Сравнивая природу символа и знака, К.А. Свасьян пишет, что «символ всегда есть знак в аспекте своей морфемы, но не всякий знак есть символ в смысле наличия метаморфемы, хотя всякий знак может стать символом» [13]. Она приводит пример с числом 666, который получен «в результате простейших арифметических действий». Первоначально данное число является знаком,

но «в известном контексте оно становится мощным символом» Отсюда К.А. Свасьян делает вывод о том, «что символ, будучи модальной категорией, проявляется в знаке как таковом гипотетически», и поэтому «символ есть потенция знака, могущая в нем актуализироваться; принципиально же символ несводим к знаку» [13].

Таким образом, как говорит И.А. Бескова, «знак или образ могут начать функционировать как символы только в том случае, если будут иметь, как минимум, два пласта смыслов, ни один из которых не является простым уточнением, детализацией, разработкой другого (т.е. не произведен от него, а выражает результат личностного переживания субъектом иного пласта реальности)». И поскольку, в основе символизации содержания лежит принцип двойной референции, для появления символа необходимо: а) чтобы субъект был способен воспринимать и в собственном опыте непосредственно переживать не только поверхностный, но и глубинный пласт значений; и в) чтобы эти два пласта представляли собой не изолированные сферы опыта, а являлись разными формами проявления (манифестации) одних и тех же универсальных сил, определяющих природу мира и человека (в противном случае связь символа с выраженным в нем содержанием будет произвольной) [2].

Лангер, относя символы к знакам, говорит о них как о знаках, которые являются не симптомами явлений, а символами и характеризует их так:

1) это «определенные «знаки», которые не указывают на что-либо, находящееся в нашем непосредственном окружении;

2) эти знаки не объявляют о вещах, а напоминают о них;

3) «они называются «знаками-заменителями», так как «в нашем настоящем опыте они заменяют вещи, которые мы воспринимали в прошлом, или даже такие вещи, которые мы можем просто представить путем сочетания различных воспоминаний, вещи, которые могли быть в прошлом или могут произойти в будущем»;

4) «они служат скорее для того, чтобы дать нам возможность развить характерное отношение к объектам в их отсутствии, которое называется «мышлением о...» или «ссылкой на...», – на то, чего здесь нет». [5].

В семиотической науке считают целесообразным различать семиотику знака и семиотику языка как знаковой системы. По свидетельству представителей Тартуской семиотической школы, «первая восходит к Пирсу и Моррису, вторая – к Соссюру» [15, 18-29].

Проблема соотношения знака и символа является важной не только в философском плане, но это и важная лингвосемиотическая проблема. Ф. де Соссюр первым из ученых, исследовавший знаки, осознал необходимость науки о знаках и назвал ее семиологией: «Следовательно, можно представить себе науку, изучающую жизнь знаков в рамках жизни общества ... мы назвали бы ее семиологией (от греч. *σημείον* «знак»)» [14, 54].

Рассматривая язык как систему знаков, который выражает понятия, Соссюр замечает, что «следовательно, его можно сравнить с письмом, азбукой для глухонемых, с символическими обрядами, с формами учтивости, с военными сигналами и т.д. и т.п. Он только наиважнейшая из этих» [14, 54].

Оформление семиотики как науки связано также с именем Чарльза Морриса, который, как известно, предложил разделять знаки на следующие три вида: индексальные, характеризующие и универсальные. Знаки – по мнению ученого – могут различаться тем, "в какой степени они обуславливают ожидания". Обозначая знаки как индексальные, иконические и знаки-символы, Моррис объясняет их различие различием видов семантических правил, отношением знаков к их десигнатам. При этом «десигнат знака – класс объектов, к которым применим знак, т.е. объекты, обладающие определенными свойствами, которые интерпретатор учитывает благодаря наличию знакового средства» [11, 41]. По Моррису символ – это «индексирующий знак», который не характеризует свой денотат и который не похож и не должен быть похожим на то, что он обозначает. При этом «семантические правила употребления символа формируются с помощью других символов или посредством указания на конкретные объекты, служащие в качестве моделей...» [11, 39].

В культуре каждого народа очень ярко проявляются национальный характер, какие-то свои ценностные ориентации, модели поведения, восприятие действительности, что также отражается в символах как в моделях внешнего мира. В условиях межкультурной коммуникации формируются символы, содержание которых отличается поликультурностью. Такие символы являются интеркультурными [1].

Итак, под символом мы будем понимать знак, 1) который обозначает такую обширную группу текстов (resp. Понятий), что употребление его включает некоторый культурно-смысловой регистр, большую культурно-смысловую область; 2) при этом символ – это «индексирующий знак»,

который не характеризует свой денотат и который не похож и не должен быть похожим на то, что он обозначает; 3) символы ограничены определенным временем и местом, определенными социальными причинами, среди которых особая роль отводится межкультурной коммуникации.

1. Бадагулова Г.М. Интеркультурема как результат номинативной деятельности в условиях межкультурной коммуникации. – Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Филологические науки», 2005. №1 (11), – с. 11-15.

2. Бескова И.А. Эволюции в сознании: (когнитивно-символический анализ). – М., 2001. – 191 с.

3. Бычков В.В. Эстетика Аврелия Августина. – М.: Искусство, 1984. – 264 с.

4. Кассирер Э. Сила метафоры // Теория метафоры. – М.: Прогресс, 1990.

5. Лангер С. Философия в новом ключе. Исследования символики разума, ритуала и искусства. – М.: Республика, 2000. – 287 с.

6. Лосев А.Ф. Проблема символа и реалистическое искусство. – М., 1976. – 320 с.

7. Лосев А.Ф. Знак. Символ. Миф. – М.: МГУ, 1982.

8. Лотман Ю.М. Семиосфера. – СПб., 2001.

9. Мамардашвили М.К., Пятигорский А.Л. Символ и сознание: Метафорические рассуждения о сознании, символике и языке. – М.: Языки русской культуры, 1999.

10. Матурана У. Биология познания // Язык и интеллект. – М., 1996. – С. 135.

11. Моррис Ч.У. Основания теории знаков. // Семиотика. Под общ. Ред. Степанова Ю.С. – М.: Радуга, 1983. – С. 37-89.

12. Пирс Ч.С. Избранные философские произведения. – М.: Логос, 2000. – 448 с.

13. Свасьян К.А. Проблема символа в современной философии. – М., 1998.

14. Соссюр Ф. де. Труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1977.

15. Успенский Б.А. К проблеме генезиса тартуско-московской семиотической школы. // Актуальные проблемы семиотики и культуры. // Успенский Б.А. Семиотика искусства. – М., 1995. – с. 18-29.

Түйін

Мақалада таңба туралы философиядағы және тіл біліміндегі көзқарастар жан-жақты талданып, осы ұғымға тән негізгі белгілер анықталған.

Summary

This article analyzes the concept of character in philosophy and linguistics. The main features that characterize the symbol as an object of linguistics.

ТІЛ ҮЙРЕНУДЕГІ ҚАҒИДАЛАР

Е.М. Молдасанов – ф.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ доценті

Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған қазақ тілін меңгеруде туындаған қиындықтар мен күрмеуі қиын мәселелер әр деңгейдегі мінбелер мен баспасөзде үнемі айтылып келеді. Қазақ тілін мектепте, жоғары оқу орнында, мекемелерде үйретудің өзіндік мақсат, міндеттері мен қағидалары бар екені де айқындалып отыр. Тәжірибе көрсетіп отырғанындай мектепте де, жоғары оқу орнында да қазақ тілін дайын мәтіндерді жаттау мен тест жүйесіндегі жекелелігін тіл бірліктерін сұрау, грамматикалық қосымшаларды анықтау немесе жекелеген сөздердің аудармасын сұраумен қазақ тілі меңгерілмейтініне көз жетті.

Ендігі мақсат – мемлекеттік тілді үйретудің бірізді, дамытылған тұтас жүйесін құру.

Әдетте мектептен қазақ тілін оқып келген студенттерге жоғары оқу орнында да дәл бұрынғы мектепте өтілген тақырыптар қайталана берілетіні кездеседі. Мәселен, мектеп бағдарламасында өтілетін «қоршаған орта», «отбасы», «менің бөлмем», «күн тәртібім» деген сияқты осыған ұқсас тақырыптар айналасындағы сұхбат пен сұрау-тапсырмалар студенттің тіл меңгеруге деген ынтасын көтермейтіні, мазмұндық жағынан байытпайтыны белгілі.

Бүгінде мемлекеттік тілді меңгерудің бірнеше қағидасы айқындалып отыр. Атап айтар болсақ: тілді жеделдете оқыту қағидасы; мемлекеттік тілді оқытудың деңгейлік қағидасы; қазақ тілін үйрену белсенділігін арттыруда тіл білудің мотивациясы теориясы; мемлекеттік тілдің әлеуметтік болмысын тану теориясы (тілдік жағдай, этнотілдік жағдай, тілдік орта және мемлекеттік тілді оқытудағы оның дидактикалық-тәрбиелік әлеуеті); мемлекеттік тілді оқытудың әлеуметтік-мәдени, лингвомәдени, этнолингвомәдени негіздері; мемлекеттік тілді жеделдете оқыту арқылы мемлекеттік қызметшінің тілдік тұлғасын қалыптастырудың құндылық теориясы (адамқұндылығы, тіл құндылығы тұрғысынан танылуы) /3/ деп мемлекеттік тілді оқытудың, тілдік тұлға қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындалып отыр.

Мемлекеттік тілді жеделдете оқыту қағидасы. Мемлекеттік тілді мемлекеттік ұйымдарда, барлық салаға жеделдете ендіру мақсаты арқаны кеңге салып, «әйтеуір бір үйренеміздің» уақыты өткенін білдіреді. Уақыт талабының өзі бүгінде мемлекеттік тілді жеделдете оқыту қағидасын алдыға тарта-ды. Бүгінгі студент – ертеңгі маман. Мемлекет тізгінін қолға алар әр тұлға тілдік әлеуетті қалыптас-тыруды бүгіннен қолға алуы қажет.

Мемлекеттік тілді оқытудың деңгейлік қағидасы. Кез-келген тілді меңгеру тек дамумен ғана жүзеге асырылатыны белгілі. Бүгінде қазақ тілін балабақшадан бастап үйрету керек деген ойлар жиі қозғалып жүр. Қай халық болмасын өз ұрпағына ұлтының тілін туғаннан бастап құлағына сіңіріп, сәби кезінен үйрету керектігі әр ғылым саласында дәлелденіп отырған қағида болып отыр. Бұл тұрғы-дан келгенде қазақ тілі өз ұлтына әлі де өгей болып отырған жайлары мольнан ұшырасады. Қай халық болмасын қазақ тілін үйренуді балабақшадан бастау орынды. Бұл тілді меңгеруде сөйлеу аппа-раттарының қалыптасып, тілдің айтылым әрекетінің дұрыс қалыптасуына жағдай жасайды. Бұдан әрі мектеп пен жоғары оқу орнында қазақ тілін меңгерудің тиісті деңгеймен ұстасуы абзал. Тілдік тұлға-ның тіді меңгеру дәрежесін анықтауда көптеген қиындықтар туындап жатады. Қайсібір тестілертің өзі тілдік тұлғаның деңгейін анықтауға дәрменсіз. Бұл әр жеке тұлғаның даму дәрежесінің әр түрлі екендігін білдіреді. Әрине, тұлғаның тілді меңгеру қабілеті мен тілді үйренуге деген мотивациясына да көп нәрсе байланысты болып келеді. Сондықтан да болар тілді оқытуды көбіне жеке тұлғамен жүргізілген сабақтар нәтижелірек болады.

Тілді меңгеруде тіл үйренушілерді деңгейін анықтап, оны келесі деңгейге жеткізу аса маңызды.

Қазақ тілін үйрену белсенділігін арттыруда тіл білудің мотивациясы теориясы осыған дейінгі айтылған ойлардың көбіне өзек болып келеді.

Елбасы “...Патриотизммен тығыз байланысты мемлекеттік маңызды мәселе – мемлекеттік тіл мәселесі. Мемлекеттік тіл – бұл Отан бастау алатын ту, елтанба, әнұран секілді дәл сондай нышан. Және ол елдің барша азаматтарын біріктіруі тиіс. Тәуелсіздіктің барлық жылдарында біз бүкіл пост-кеңестік кеңістікте ең либералды тіл саясатын жүргіздік. Қоғамда біздің тіл саясатымыздың мәнін тереңірек және дәлірек түсіндіру керек. Ол кез-келген мемлекеттің ұлт саясатының өзегі болып табы-латыны жақсы мәлім” деген болатын /1/. Ондай болса, қазақ тілін мемлекеттік тіл мәртебесінде оқы-туда тіл саясатынан, ұлт саясатынан бұра тартып, жасқанудың ешбір қисыны жоқ. Бұл – мемлекеттік тапсырма. Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқытуда барлық халықтардың ортақ мүддесі, ортақ құндылығы екендігін танытуымыз керек. Сондықтан өзге шет тілдерін оқыту ұстанымдарынан қазақ тілін оқыту ұстанымдарының айырма белгілері бар екенін ескеріп, көңіл бөлу керек деп санаймыз. Мемлекеттік тілді меңгерудің мотивациясының төмендігі тіл саясат кейбір сыңаржақ тұстарын да айқындап отырғандай.

Н.Назарбаевтың “Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде” /2/ деуі Қазақстандағы тіл саясатының бүгінгі мен болашағын айқындайды десек, қателеспейміз. Ендеше, ел тәуелсіздігінің ең маңызды нышаны – мемлекеттік тіл. Қаласақ та, қаламасақ та, мемлекеттік тіл – тәуелсіз ұлттың мәдениеті мен рухани болмысының негізгі тірегі болуы керек. Тіл – ұлттың өзіндік бейнесін анықтайтын, рухани келбетін көрсететін төлқұжаты сынды. Ол – ұлттың өзгеден ерек табиғи даралығын анықтайтын жал-қы белгі. Күнделікті сөйлеуде қазақ тіліндегі сөздерге өзге тілдің қосымшаларын қосып, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін орысша құрап сөйлеу – тілге басты қауіп. Сондықтан қазіргі таңдағы басты мәселе – қазақ тілінде дұрыс сөйлесу. Таза сөйлеу. Тілдің сөйлеу (айтылу) жүйесі мен жазу жүйесі қай кезде де, қай тілде болса да бірдей болған емес. Жазу – таңба, ол адамдардың өз қолымен келісіп жасалатын, ақылдасып шешетін дүниесі. Шындап келгенде, қазіргі кезеңдегі оқу жүйесінің дамуында екі түрлі үлкен бағыт бар: дәстүрлі қалыпта оқыту және инновациялық стратегиялық жүйемен, уақыт талабына сай болып жатқан өзгерістермен байланысты мамандарға деген қоғамдық сұранысты анық-тай отырып, жаңа деңгейде оқыту. Біздің алдымыздағы ендігі күрделі мәселе – мектепте және жоғары оқу орындарындағы орыс топтарында оқитын қазақ баласына оқытылатын қазақ тілі сабағында бері-летін ақпаратқа терең мән беру. Қай халықтың өкілі болмасын тілді үйрену мотивациясын күшейту.

Мемлекеттік тілдің әлеуметтік болмысын тану теориясы (тілдік жағдай, этнотілдік жағдай, тілдік орта және мемлекеттік тілді оқытудағы оның дидактикалық-тәрбиелік әлеуеті). Қазақ халқының кемеңгер ұлдарының бірі М.Жұмабаев: “Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмы-сы, мінезі айнадай көрініп тұрады” – деген болатын /4/. Қазақ тілін өз дәрежесінде, барлық болмыс, бітімімен меңгеруде тілдің ішкі рухын жалаңаштай отырып, “мәтін қазақ тілінде беріліп отыр ғой” дегенмен ештеңе өнбейтініне көз жеткізді.

Кез келген ұлт тілін меңгеруде тілді сол халықтың ділінен, ұлттық сырынан, салт-санасынан, ұлт-тық табиғатынан бөлектеп алу мүмкін емес. Халықтың ұлттық құндылықтарын бағалай

отырып қана сол ұлт тілін терең меңгеруге болады. Абайдың “Махаббатсыз дүние бос” дегеніндей тілді меңгеру шын ықыласпен, ынтамен, махаббатпен, сол тілге деген құштарлықпен, халыққа деген құрмет сезімі-мен ғана қабалданатыны белгілі.

Тіл – қай халықтың болмасын жан-дүниесі, рухани негізі, ел болмысы мен ұлттың ерекшелігін та-нытатын басты белгісі. Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін өзге тілдерден (Қазақстанда тұратын өзге ұлт тілдерінен) ерекшелейтін фактор бар. Ол – мемлекеттің мүддесімен қабысып жатқан қазақ тілінің халықты топтастырушы, біріктіруші қызметіне байланысты. Сондықтан мемлекеттік тілді білу – өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі. Олай болса, тілді өмірдің барлық саласында қолданып, аясын кеңейту жолында әрбір қазақстандық өз азаматтық міндетін атқаруға тиіс. Ол үшін тіл білуді мақсат тұтып, алдына талап қоя, қажымай ізденіп, айрықша көңіл бөліп, аянбай еңбектенсе, мемлекеттік тілді меңгеретіні анық.

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың “Ана тілі” газетіне берген сұхбатынан. “Ана тілі”, 11.05.2006.

2. ҚР Президенті Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы. 2008 жыл. 6-ақпан.

3. Құрманова Н.Ж. “Мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметшілерге жеделдете оқыту Тұжырымдама-сы” // Ересектерге қазақ тілін оқытудың тиімді әдістемелік жүйелері” атты республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. – Астана, 2008.

4. Жұмабаев М. «Ұлттың ұлт болуына бірінші шарт – тіл» // Тіл және қоғам, 2. 2004.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы изучения государственного языка в высшей учебной заведениях.

Summary

In the article it questions of the study of official language in higher educational institutions.

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ МЕН, СЕН, ОЛ ЕСІМДІКТЕРІНІҢ СЕПТЕЛУІ

М.А. Тұрсынова – Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

Түркі тілдеріне байланысты тарихи-салыстырмалы зерттеу жүргізу арқылы қазір өмір сүріп отырған туыстас тілдердің өзіндік ерекшеліктерін, ортақ түркілік белгілерін білуге мүмкіндік туады. Себебі қазіргі түркі тілдерінің даму, қалыптасу кезеңдеріне байланысты әрқайсысының өзіндік жүріп өткен жолдары, даму заңдылықтары бар.

Қазіргі түркі тілдері салыстырмалы морфологиясында сөз таптары, жұрнақ, жалғаулардың даму тарихы, қазіргі тілдердегі сипаты сияқты мәселелер қарастырылады да, айтылған мәселелерді қарастыруда тарихи-салыстырмалы зерттеудің маңызы зор екендігі шындық.

Туыстас түркі тілдеріндегі олардың ортақтығын дәлелдейтін, тектестігін көрсететін мәселенің бірі – септік жалғаулары. Қазіргі түркі тілдеріндегі септік жалғауларының сипатын өзара салыстыру барысында қосымшалардың варианттарындағы фонетикалық ерекшеліктерді, септік жалғауларының саны-на байланысты айырмашылықтарды, жай септеу мен тәуелді септеудегі өзгешеліктерді айтуға болады. Сондай өзгешеліктердің бірі – есімдіктің септелуі.

Түркітануда жіктеу есімдіктерін туынды сөздер қатарына жатқызады: Менің сабымын сымады – менің сөзімді өзгертпеді; Сіні табғашуғ өлүртеңі тірмен – сені табғаш өлтіреді деймін; Аны іртіміз – оны (оларды) қудық. Бен, мен, сін, ан жіктеу есімдіктерінің екі элементтен тұратындығын тұңғыш рет В.В. Радлов көрсеткен. Жіктеу есімдігін жасап тұрған н дыбысының шыққан тегі жайында көптеген талас пікірлерді екшей келе, Әрсен Ибатов өзінің «Қазақ тіліндегі есімдіктер тарихынан» деген еңбегінде н дыбысын ілік септігінен пайда болған деген қорытындыға келеді [1].

Ескерткіштерде жіктеу есімдіктерінің көпше түрі біз, сіз есімдіктері қолданылады: Сізіме алтмыш йашымда адырылтым – сізден алпыс жасымда айрылдым; Бізің сү ату туруқ – біздің әскердің аты арық. Түркітануда сіз және біз сөздері де екі элементтен тұрады деген пікір бар: бі+з, сі+з. Түбірге жұптық немесе көптік мағынаның көрсеткіші – з жұрнағы жалғанып көптік мән үстеген [2, 178]. Жіктеу есімдіктерінің қолданылуында тағы да мынанда ерекшелік

кездеседі: есім сөздерден, шартты райдан жасалған баяндауыш қызметіндегі негізгі сөзден соң ІІ, ІІІ жақтың жіктік есімдіктері (сен, ол) айтылады. Нақ бұл қолданыстағы жіктік есімдіктері өзінің тура мәнінде емес, жалғау қызметін атқарып тұрған тәрізді. Ол мұнда ол – ол мұнда; Мұны тілемесе сен – мұны тілемессің; Бірақ сөз болып отырған есімдіктер осын-дай құрылымдағы сөйлемдердің бәрінде бірдей ұшыраса бермейтіні байқалады [3, 165].

Есімдіктердің септелуіндегі, әсіресе, жіктеу есімдіктеріндегі ерекшелік басқа сөз таптарымен салыстырғанда айқын байқалып, бұл қазақ немесе басқа түркі тілдерінде, сондай-ақ көне жазба ескерткіштерінде де орын алған. Оған төмендегідей мәселелерді жатқызуға болады:

1. Мен, сен, ол сөздерінің ілік септіктегі тұлғасы;
2. Мен, сен, ол сөздерінің барыс септіктегі тұлғасы;
3. Мен, сен, ол сөздерінің табыс септіктегі тұлғасы;
4. Мен, сен, ол сөздерінің шығыс септіктегі тұлғасы;
5. Көмектес септігіндегі ы, і дыбыстарының пайда болуы;
6. Кей тілдердегі сілтеу есімдіктерінің септелуіндегі ерекшеліктер;

Түркітануда мен, сен, ол, сіз, біз т.б. есімдіктерінің тарихына қатысты бұлардың екі компонентке ажырайтындығы туралы пікір бар: ме+н, се+н, сі+з, бі+з т.б. Бұл жерде сіз, біз есімдіктеріндегі – з көптік ұғымды білдіретін қосымша ретінде танылса, мен, сен сөздеріндегі – н дыбысы туралы бірізді пікір жоқ. Ол пікірлер, біріншіден, – н дыбысын қыстырма дыбыс немесе жалғастырушы дауыссыз деп тану, екіншіден, – н дыбысын «факультатив» көрсеткіш деп тану, үшіншіден – н дыбысын ілік септігінің қысқарған түрі деп қарау сияқты болып келеді [1, 12-13].

Мен, сен, ол сөздерінің ілік, табыс, шығыс септіктеріндегі тұлғасы қазақ тілінде – н дыбысының түсіп қалуымен байланысты: менің, мені, менен. Осы қолданыстың басқа түркі тілдеріндегі көрінісін айтпас бұрын көне жазбалардағы қолданысқа зер салсақ, көне ескерткіштерде мен, сен есімдіктерінің септелу үлгісі бенің, менің, бені, мені, минітен (менен), синітен (сенен) түрінде кездесетіндігін көруге болады.

Орхон-Енисей жазбаларында жіктеу есімдіктерінің септелу үлгісі ретінде: бенің, менің (ілік); баңа, маңа, саңа (барыс); бені, бізні, сені (табас); анта, бізінде (жатыс) мысалдары көрсетілсе, көне ұйғыр жазбаларында жіктеу есімдіктерінің септелуін төмендегідей көрсеткен:

Жекеше:

Атау	мен	сен	ол
Ілік	менің	сенің	оның
Барыс	маңа	саңа	аңа, аңар
Табыс	мені	сені	аны
Жатыс	менте	синте	анта
Шығыс	минітен	синітен	анынтын

Көпше:

Атау	біз	сіз	олар
Ілік	бізнің	сізнің	оларның
Барыс	бізке	сізлеріңе	оларқа
Табыс	бізні	сізні, сізлеріңі	оларны
Жатыс	бізте	сізлерте	оларда
Шығыс	бізніден	сізнідін	олардын

М.Қашқаридың сөздігінде жіктеу есімдіктерінің жекеше тұлғалары ілік септікте менің, сенің, оның болып айтылып, ілік жалғауы -ың түрінде жалғанса, көпше тұлғалары бізнің, сізнің, яғни ілік жалғауы -ның түрінде жалғанады. Бірақ, біз есімдігінің ілік септікте бізің (-ің) сипатында тұлғалануы да кездеседі. Соған қарағанда, сіз есімдігінің ілік тұлғасы сізің түрінде де қолданылуы да ықтимал. Сондай-ақ, табыс септік жалғауы жекешеді -і түрінде жалғанса, көпшеде -ні түрінде жалғанған (мені, бізні). Барыс жалғауы жекешеді -е, -на, (-ғар), -ға түрінде (мене, аңар, аңға) жалғанса, көпше тұлғаларға -ге (бізге, сізге) болып жалғанған. Шығыс жалғауының ашық, қысаң дауыстылармен келетін варианттары алмасып та қолданылып отырады (менден, мендің). III жақта айтылатын ол есімдігінің басқы о дыбысы септелген уақытта а-ға айналады да, соңғы л дыбысы н-ға айналады. Мысалы: Аның үзә йоғұрқан йапылды – Оның үстіне көрпе жабылды; Ол маңа сув іштүрді – Ол маған су ішкізді; Ол аңар қапұғ йаптүрді – Ол оған қақпаны жаптырды [3].

Қазіргі түркі тілдерінде мен, сен, ол сөздеріне ілік, табыс қосымшалары жалғанғандағы негізгі формасы менің, сенің, оның, мені, сені, оны (фонетикалық өзгерістерімен) тұлғасына келіп саяды: мән-мәним, мәни, сән-сәнин, сәни, о-онун, ону (әзірбайжан); мин-минем, мине, син-синең, сине, ул-аның, аны (татар); мен-мэң, мени, сен-сэң, сени, ол-ооң, ону (тува), мен-мениң, мени, сен-сениң, сени, ол-оның, оны (түрікмен); мен-меним, мени, сен-сенинъ, сени, ол-онынъ, оны (ноғай) т.б. [4].

Ілік, табыс септіктеріндегі жіктеу есімдіктерінің тұлғасы көне жазбалармен сай келіп жатса, шығыс септік тұлғасын қазіргі түркі тілдерінде екі топқа бөлуге болады: түбір құрамдағы -н дыбысының сақталуы және -н дыбысысыз қолданылуы. Бірінші топқа қазақ (менен, сенен, онан), башқұрт (минән, һинән, унан), алтай (менең, сенен, оноң), шор (мененъ, сененъ, ананъ) сияқты тілдерді, екінші топқа әзірбайжан (мәндән, сәндән, ондан), түрікмен (менден, сенден, ондан), ноғай (меннен, сеннен, оннон), татар (миннән, синнән, аннан) [4] сияқты тілдерді жатқызуға болады. Бұл жерде шығыс септігіне байланысты қазіргі тілдердегі әрқилылық аталған септіктің тарихына байланысты, яғни оның кейіннен пайда болғандығына қатысты болса керек.

Жіктеу есімдіктерінің барыс септігіндегі формасы көне жазбалар тілінде де, қазіргі түркі тілдерінде де ерекшелігімен көзге түседі. Қазіргі қазақ тіліндегі маған, саған түріндегі қолданыс көне мұра-ларда бана, маңа, саңа, маа, мана, маға, манға, маға, саһа, санға, саа [3] сипатында болып келсе, қазіргі түркі тілдеріндегі қолданысты төрт топқа ажыратуға болатын сияқты:

1. Мана, саңа түріндегі қолданыс (фонетикалық варианттарымен): әзірбайжан – мәнә, сәнә; чуваш – мана, сана; түрікмен, ұйғыр – маңа, саңа; татар – миңа, сиңа; тува – меңәә;
2. Маға, саға түріндегі қолданыс (фонетикалық варианттарымен): ноғай, құмық, қырғыз, шор – маға, саға; хақас – маға, саға; алтай – меге, сеге;
3. Маған, саған түріндегі қолданыс: қазақ, қарақалпақ – маған, саған;
4. Менга, сенга түріндегі қолданыс: өзбек – менга, сенга;

Осыларды топтай келгенде, байқалатын басты ерекшелік мен, сен сөздерінің кейбір тілдерде түбір күйін сақтаса, кей тілдерде ма, са ретінде өзгеруі. Бұл жіктеу есімдіктерінің шығу төркінімен байланысты екені белгілі. Себебі жазба мұралар арқылы, зерттеушілердің еңбектері арқылы мен, сен сөздерінің ма, са тұлғаларында болғандығы бізге мәлім. Маңа, саңа түріндегі қолданыстар көне жазбаларда кездесетінін жоғарыда айттық, ал мана, сана сипатын фонетикалық сәйкестікке, яғни түркі тілдерінде орын алған н-ң алмасуларына жатқызуға болатын сияқты. Бірен-саран болса да, қырғыз, өзбек тілдерінде қазақ тілімен салыстырғанда, н-н сәйкестігі байқалады. Бұған өзбек тіліндегі қалин /қалын/, қайин /қайын/, танлаш /таңдау/ сөздері мен қырғыз тілінің ілік септігінің жалғауын айтуға болады. Қырғыз тілінде ілік септігі жалғаулары -нын /-нин, -нун, -нүн/, -дын /-дин, -дун, -дүн/, -тын /-тин, -түн, -тун/ варианттары басқа түркі тілдеріндегідей н арқылы емес, н-мен беріледі. Мысалы: аттың - аттин, судың-сунун, досыңның-досундун т.б.

Мен, сен жіктеу есімдіктерінің барыс септіктегі маға, саға, меге, сеге сипаты ма, ме, са, се түбірлеріне жалғанған барыс септігінің нақты көрсеткіші. Бұл, әсіресе, өзбек тілінде анық көрінеді. Аталған тілде ешбір өзгеріссіз мен, сен есімдіктеріне –ға барыс септігінің қосымшасы жалғанып тұр: менга, сенга.

Қазақ, қарақалпақ тілдеріндегі қолданыс өзіндік ерекшелігімен көзге түседі және бұл

туралы зерт-теушілер пікірлері әр түрлі. Бұл туралы Ә.Ибатов өзінің «Қазақ тіліндегі есімдіктердің тарихынан» деген еңбегінде мынандай түсінік береді: «...Бұл келтірілген пікірлерді жүйелей келгенде, негізінде үш салаға топтауға болатын сияқты. 1) Барыс септік жалғауы басында -ғару болған да, кейіннен -ғар формасына түсіп, одан -ған түріне ауысқан. Сонда -ғару>-ғар> -ған боп қалыптасқан. 2) Барыс септік жалғауының соңғы н дыбысын ингредиент деп тану, бұл негізінде оғар>оға>оған дегенге тура келеді. 3) Шалғай метотезис арқылы н және ғ дыбыстарының орын алмасуы, яғни онға>оған боп қалыптасу» [1, 69]. Айта кететін бір жайт Ә.Ибатов осы пікірлердің әрқайсысына талдау жасай отырып: «...қазіргі қолда бар материалдарда кездесетін және барлық ғалымдардың ең көне форма деп жүрген -ғару//-ғары формасының бір кездерде -ғану//-ғаны сияқты варианттарының болуы да мүмкін. Бұл вариант-тар бергін келе екі түрлі бағытта ықшамдалып,

-ғару//-ғары>-ғар

-ғану//-ғаны>-ған

деген сияқты қатар формалар тудыруы да ықтимал. Олай болса, -ғар сияқты -ған формасы да барыс септігінің көне жалғауларының бір түрі есебінде танылуы шарт», – деп қорытындылайды [1, 70].

Егер біз өз пікірімізді білдіретін болсақ, ма, са түбіріне өзімізге белгілі -ға барыс септігі жалған-ған, ал -н дыбысы біздің сөйлеу тілімізге байланысты орнығып қалған сияқты. «Маға» деп қолданған-ның өзінде дәнекер -н дыбысы естіледі. Осыған ұқсас құбылыс тәуелді септеуде де орын алған. Жатыс септігінде жай септеуде -да, -де қосымшасы, тәуелді септеуде -нда, -нде болатыны белгілі. Бұндағы -н да дәнекер дыбыс болса керек, олай дейтініміз, «баласыда, әкесіде» деп айтқанның өзінде -н дыбысы естіліп тұрады. Маған, саған сөздеріндегі -н дыбысын дәнекер дыбыс деп және оны жатыс септігінің тәуелді септеуімен байланыстыруымыз соған байланысты.

Түркі тілдерінде жіктеу есімдіктерінің ерекше көзге түсетін сипаты чуваш тілі болып табылса, септелуінде де басқа түркі тілдерінен өзгешеленіп тұрады. Атау септігіндегі эпе (мен), эсе (сен), вал (ол), эпир (біз), эсир (сендер), весем (олар) сөздері септелгенде басқа түркі тілдеріне ұқсас нұсқаға түсіп, ілік септігінде манан, санан, унан, пире, сире, весене, барыс септігінде мана, сана, ана, пире, сире, весене, жатыс септігінде манра, санра, унра, пиренте, сиренте, весенче сипатында септелдеді.

Қазақ тіліндегі септеу үлгісіндегі бір ерекшелік ретінде көмектес септігінде ы, і дыбыстарының пайда болуы айтылады. Бұл туралы «Қазақ грамматикасында»: «Көмектес септігінің тұлғалық құра-мы ме-ні-мен деген сияқты жеке бөлшектерден тұрады. Сонда ме деген түбір морфема да, -ні деген бір кездерде дербес мағыналы сөз болған нәң («вещ») дегеннен шыққан -нің морфемасының фонети-калық өзгеріске түсе ықшамдалу дәрежесінің бір көрінісі болып саналады. Ал, соңғы -мен тұлғасы көмектес септік жалғауы. Бұл тұлға – ертеде толық мағыналы шылау сөздерден мынан//менен>ман//мен деген сияқты жолдармен пайда болған қосымша», – делінген [5, 484].

Осы қолданыстың басқа түркі тілдеріндегі сипатына назар салып көрейік. Біріншіден, көмектес септігі қазіргі түркі тілдерінің көбінде жоқ. Бұл септік қазақ, қарақалпақ, қарайым, тува, тофалар, хақас, чуваш, якут сияқты тілдерде ғана орын алған. Екіншіден, қазақ тіліндегідей көрініс қарақалпақ тілінде ғана бар: менименен, сенименен, оныменен. Көмектес септік қолданылатын басқа тілдерде қосымшаның (көмектес септік қосымшасының) басқа формада болуына байланысты қазақ, қарақал-пақ тілдеріндегідей ерекшелік жоқ: тува – менче, сенче (менімен, сенімен); хақас – миннең, синнең (менімен, сенімен); чуваш – манпа, санпа (менімен, сенімен).

Мысалдар: Анын жоругу баарыбызга маалим. – Оның жорығы бәрімізге мәлім. Менин жээним он беште. – Менің жиенім он бесте (қырғыз); Менинг халқим ор ва номусни билади. – Менің халқым ар мен намысты біледі (өзбек); Мен сего торко тон кийдирем, чыйрак јакшы атка миндирем. – Мен саған жібек шапан кигіземін, ең жақсы атқа мінгіземін. Қарындажым меге айтты: «Мен сен ле кожо барат-тым» – Қарындасым маған «Мен де сенімен барамын» – деді (алтай); Анламым, не сайа болду. – Саған не болғанын түсінбедім (қарайым); Каһ о мәнә гулаг асды, каһ мән ону динләдим. – Бірде ол мені тыңдады, бірде мен оны тыңдадым. Китабы мәнә вер! – Кітапты маған бер! (әзірбайжан); Буьгуьн оглым мени сага ийберди. – Бүгін ұлым мені саған жіберді (ноғай); Ме сана пашал! – Міне, саған мылтық (чуваш); Исемен нисек һинен? – Сенің есімің кім? (башқұрт); Мен, әлбетде, эртир сизе гелерин – Мен,

әлбетте, ертең сізге келемін (түрікмен);

Сілтеу есімдіктерінің септелуіндегі ерекшеліктерге кей тілдерде түбір мен қосымша аралығында пайда болатын немесе түбір құрамындағы дыбыстың қосымша жалғанғанда түсіп қалатындығын айтуға болады. Қазақ тілінде ол, бұл, сол есімдіктеріндегі л дыбысы септелген жағдайда н дыбысына айналуы не түсіп қалуы (бұның, соның, оның, бұған, соған, оған) аталған сөздердің түп төркінімен байланыстырылады. Осыған ұқсас қолданыс қарақалпақ (бул-буның), башқұрт (был-бының), қырғыз (бул-мунун) тілдерінде де бар. Ал басқа тілдерде л дыбысынсыз қолданылғанымен (әзірбайжан, ноғай, құмық, татар, өзбек, ұйғыр, түрік, түрікмен т.б. – бу, хақас – пу, чуваш – ку, шор – по т.б.), өзбек, ұйғыр тілдерінде бу (бұл), шу (сол), у (ол), уша (осы) сөздеріне барыс, жатыс, шығыс септікте-рінде н дыбысы қосылады. Мысалы: бу+н+ға (бунга-бұған), шу+н+ға (шунга-соған), у+н+да (унда-онда), уша+н+дан (ушандан-осыдан) [6, 57].

Түркі тілдерінің дамуы сонау көне замандардан басталып, қалыптасу кезеңіне дейін бірнеше дәуірлерді бастан өткерді. Туыстас тілдердің фонетикасы, лексикасы немесе грамматикасына қатыс-ты жалпы түркі тілдеріне тән ортақ заңдылықтармен қатар, әрбір тілдің өзіндік ерекшелігіне қатысты даму сатысы болды. Бұл – түркі тілдерінің даму, қалыптасу дәуірлеріне байланысты ерекшеліктің бірі. Түркі тілдерінің эволюциясына сәйкес салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу арқылы байланыс-ты байқалатын айырмашылықтың себебін білу үшін көне мұраларға сүйене қарастыру қажет болады. Сол арқылы қазіргі тілдің ерекшелігінің, тіл-тілдің айырмашылығы мен ұқсастығының себебін білу мүмкін.

Есімдіктердің септелуіндегі ерекшеліктер қазіргі қазақ тілінде басқа сөз таптарынан ерекшеленіп тұрады және ол ерекшеліктер көне жазбалар тілінде де, басқа түркі тілдерінде де орын алған. Салыс-тырмалы-тарихи зерттеу ол ерекшеліктердің болуының себебін тілдің дамуына, жеке тілдің өзіндік ерекшеліктеріне және көне сипатын сақтауымен байланысты екенін көрсетеді.

Түркі тілдерінің дамуы сонау көне замандардан басталып, қалыптасу кезеңіне дейін бірнеше дәуірлерді бастан өткерді. Туыстас тілдердің фонетикасы, лексикасы немесе грамматикасына қатыс-ты жалпы түркі тілдеріне тән ортақ заңдылықтармен қатар, әрбір тілдің өзіндік ерекшелігіне қатысты даму сатысы болды. Бұл – түркі тілдерінің даму, қалыптасу дәуірлеріне байланысты ерекшеліктердің бірі. Қазіргі түркі тілдерінің өзіндік табиғатын тануда салыстырмалы-салғастырмалы әдіс арқылы зерттеу жүргізу – ерекше маңызы бар өзекті мәселе.

1. Ибатов Ә. Қазақ тіліндегі есімдіктердің тарихынан. – Алматы: Ғылым, 1966. – 71 б.

2. Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы, 1976. – 239 б.

3. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1971. – 272 б.

4. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Часть вторая. Морфология. – М.: Изд. АН СССР, 1956. – 334 с.

5. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.

6. Абдурахмонов Х., Шодмонов Э., Рафиев А. Узбек тили. – Тошкент: Укитувчи, 1995. – 198 б.

Резюме

В статье предложен сравнительно-исторический анализ склонения имен прилагательных в тюркских языках. Рассмотрены особенности именного словоизменения на материале различных памятников тюркской письменности. Сходства и различия в адъективном склонении предложены на материале анализа отдельных падежных форм, родительного, дательного и винительного, кроме того, проанализировано развитие и становление этих форм в различных тюркских языках.

Summary

This article investigates the historical-comparative declines of pronouns in Turkic languages. The peculiarities of declines of pronouns in Turkic languages were proved in this article. The differences

and similarities of declines of pronouns in genitive, dative, accusative cases and development and formation of forms of declines of different Turkic languages were given in this research.

ПАРСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНІҢ МАҒЫНАСЫ ЖАҒЫНАН ҰҚСАС МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Р.Садықова – филол.ғыл.канд., Абай атындағы ҚазҰПУ доценті,
Д.Танаева – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың магистранты

Тіл білімінде фразеология, паремиология салаларының жеке пән ретінде қалыптасуында, соның ішінде мақал-мәтелдерді фразеология мен паремиологияның жеке объектісі ретінде қарастырып, олардың іші мен табиғаты, зерттеу әдістерін анықтауда көптеген шетелдік және отандық ғалым-лингвист-тердің маңызды теориялық тұжырымдар мен еңбектері үлкен орын алады. Солардың ішінде В.В. Виноградов, М.М. Копыленко, С.Г. Гаврин, Д.Добровольский, Г.Л. Пермяков, А.Т. Қайдар, Н.Н. Амосова, В.П. Жуков, С.Е. Исабеков, М.Т. Сабитова сынды ғалымдардың еңбектері жоғары бағаланады [1, 125 б.].

Парсы тілінің фразеологиясы өте бай және өзіндік сипатқа ие уникалды болып табылады. Оларды халықтың ұлттық мәдениеті айқын көрініс табады. Кейбір афоризмдер мен тұрақты тіркестерді және қанатты сөздерді орыс тілінде беру мүмкін болмайды. Сонықтан орыс тіл біліміндегі лексикография-лық еңбектерде көбіне парсы тіліндегі контекст тұтас алынады. Парсы фразеологизмдері сонымен қатар көпқырлы функционалды рөл атқарады, халықтың этнопсихологиялық және әлеуметтік-этика-лық нормаларын көрсететіндіктен контрастивті-мәдениеттанулық талдау жасау үшін барынша маңызды болып саналады [2].

Ертеректегі ауыз әдебиетінің ең көне түрі мақалдар мен мәтелдер. Ол ғасырлар бойы халықтың ұқыптап сақтап келген еңбек тәжірибесінің жиыны, ой-пікірінің түйіні, аңсаған асыл арманының арнасы, өмір тіршілігінің айнасы, көнеден жаңаға, атадан балаға қалдырып келе жатқан тозбайтын, тот баспайтын өмірлік өшпес мұрасы [3, 3 б.].

Мақал мен мәтелдерді сара сөз бен нақылдарды халық ежелден жақсы көреді, мақал-мәтел әрбір халықтың көне де байырғы рухани қазынасы, мақал-мәтелдердің табиғаты барлық тілдерде бір-біріне ұқсас.

«Өмір – ұлы ұстаз» деген нақыл сөз бар. Өмір адам баласын алдымен еңбекке үйретті, еңбек өнер-ді туғызды. Еңбек пен өмір адамды бірлікке бастады, ынтымаққа шақырды. Осыдан халық қорытып: «Көппен көрген ұлы той» десе, ал парсы халықтары «مرگ به انبوه جشن است», «Өрекетте берекет» «همت از تو قوت از خدا» – дейді.

Көріп отырғанымыздай, бұл тәрізді ұқсас мақал-мәтелдерді тек парсы тілінен ғана емес, кез келген түркі тілінен кездестіруге болады.

Ә.Т. Қайдар қазақ мақал-мәтелдері мен зерттеуін «Халық даналығы» деп атады. Осылайша аталу-ын түсіндіре кетіп, кітап атындағы «даналық» түркі тілдеріне парсы тілінен енген – дана (dana) دانا (ақылды, ғалым, білгір адам) сөзімен тәркіндес. Даналықтың кені – шығыста, адамзат қауымындағы даналардың көбіде шығыс елдерінен шыққан. Шығу тегі бір, бір ұяда өсіп, жан-жаққа тарап кеткен ірілі-ұсақты түркі халықтарының тілі ғана емес, рухани-мәдени болмысы да, салт-дәстүр, әдет-ғұрып-тары да, танымдық-тағылымдық қасиеттері де ортақ десек, мақал-мәтелдердің көбісі де түркі әлеміне ортақ мұра [4, 59 б.].

Түркі халықтарына ортақ мақал-мәтелдердің де екі түрлі арна бойынша қалыптасады. Бірінші арнасы түркі халықтарының генеологиялық шығу тегі мен тарихына, екіншісі ғасырлар бойы жіті араласу, өзара етене сіңісу нәтижесінде жүзеге асқан рухани ауыс-түйістер жатады. Негізінде, түркі әлемінде ортақ мақал-мәтелдерді өз тілінің ерекшелігіне сәйкес қалыптастырып, аударып, өз тілінде сөйлетіп келеді. Сондықтан да, иран халқы айтқан мақал-мәтелдерді – түрік халқы түсініп, түріктер айтқаннан – қазақтар түсініп, жалғасып, ортақ мұра болып келеді.

Егер мақал-мәтелдерді біз басқа тілдерден оларға қойылатын «қысқа да нұсқа, бейнелі, ауыспалы мағынасы мен астарлы мәнін сақтап», осы шарттарды орындап, аударып алатын болсақ, «аударма» деген ұғымнан гөрі, «өз тіліңе сәйкестендіру» – деген бұл процеске дәлірек келеді. Көбінесе мағына-лас (синонимдес), не тақырыптас мақал-мәтелдермен, сөздермен алмастырумен, сәйкестендірумен шектеледі. Төмендегі мысалдарға назар аударайық:

Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам.

چراغ دروغ فروغ ندارد.

Қызым, саған айтамын, келінім, сен тыңда.
عروس تو بشنو.

دختر به تو می گویم

Көп түкірсе – көл.

قطره قطره دریا شود.

Аңғармай сөйлеген ауырмай өледі.

زبان سرخ سر سبز می دهد بر باد.

Басаман болса, бөрік табылар.

سر باشد کلاه بسیار است.

Тас түскен жеріне ауыр.

سنگ بجای خودش سنگین

Тесік моншақ жерде қалмас. گوش باشد

گوشواره بسیار است.

Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды.

دو شمشیر در نیامی نکتند.

Жау жоқ деме жар астында,

Бөрі жоқ деме, бөрік астында.

دیوار موش دارد و موش گوش دارد.

Көре-көре көсем боларсың,

Сөйлей-сөйлей шешен боларсың.

شاگرد رفته رفته به استاد می رسد.

Арзанның сорпасы татымас.

ارزان خری انبان خری.

Көппен көрген ұлы той.

مرگ به انبوه جشن است.

Тоқтық не дегізбейді, жоктық не жегізбейді.

آدم گرسنه سنگ را هم می خورد.

Осы мақал-мәтелдерде көріп отырғанымыздай, екі тілдің мақал-мәтелдерін мағынасы жағынан сәйкестендіргенде, парсы тіліндегі мақалды тікелей аударса:

قطره قطره دریا شود Тамшы, тамшы көл болар, біз осы мақалды қазақтың «Көп түкірсе – көл» мақалы-мен сәйкестендіріп алдық. Келесі бір қазақтың мақалын алып қарайық, «Көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың», енді осы мақалға мағынасы жағынан сәйкестендіріп алған парсы тілі мақал-мәтелін аударып көрейік: شاگرد رفته رفته به استاد می رسد» Шәкірт бара-бара ұстаз болар.

Міне, осы жерде екі тілде алынған мақал-мәтелдерді біз аударып сәйкестендіргенде мағына-мәні өзгеріп, бейнелілігі кеміп тұрған жоқ [5, 165 б.].

Паремология теориясымен шұғылданған адамдар үшін өте қызық мәселенің бірі – осы өзге тіл-дер арасындағы мақал-мәтелдер құрамындағы өзара сәйкес, мағыналас, сыңарлардың сарапталу, ірік-телу, талғану, қалыптасу заңдылығын анықтау болса керек.

«Біреуге көр қазба – өзің түсерсің» – деген мақалды иран халықтарының рухани дүниесінен кез-дестіруге болады екен. Дәлірек айтса, бұл мақал парсы тіліндегі Авеста мен Зендіде: «Провалился в яму тот, кто другим капал яму» (32 б., орысша аудармасы) мағынасында қолданылған екен. Иран ғалымдары да бұл мақалдың шығу тегін иран тілдері және ол өз кезінде өте кең тараған мақал деп санайтын көрінеді. Мәселен, әдебиетші Х.Көроғлы: «Источником этой широко известной в пародии пословицы названа священная книга иранцев «Авеста»» деп көрсетеді.

Бұл мақал «Авестада» тым еретеде (б.д.д. VII ғ.) қолданылса да, қазақ тілінде өзін бөтен тіл эле-менттеріндей емес, сол тілдің етене өзінен туындаған мақалдай сезінуінде.

Даналық сөздер кейде басқа шет тілдерінен тікелей емес, көне түркі жазба ескерткіштері мен көр-кем шығармалары арқылы аударылып жетуі де мүмкін [4, 26-28 бб.]. Мысалы, Иран ақыны Саадидің «Гүлістан» атты шығармадан да біз көптеген мағыналас, рухы ұқсас мақал-мәтелдерді кездестіреміз.

Парсы мақал-мәтелдерін зерттеуші ғалым Халық Көроғлы: «Мақал-мәтелдер қоры әрбір халықтың әлеуметтік хал-күйінің айнасы екендігін көрсетеді» [6, 38 б.]. Алғаш шығыс ақындарына еліктеп өлең жазған ақын Абай. Ұлы ақын нәр алған үш арнаның бірі – Шығыс поэзиясы екені хақ. Парсы ақындары қашаннан-ақ әңгімені тартымды, қызықты етіп жазуға шебер келетін. Тіпті аса көне проза ескерткіште-рінің бірі – Бабақ руынан шыққан Ардашер туралы біздің эрамыздың бас кезінде жазылған әңгіме. Пар-сы әдебиетінде поэзия едәуір дамыды, соның ішінде, әсіресе лирика жетекші орынға ие болды [7, 3 б.].

Мақал-мәтелдердің табиғаты барлық тілдерде бір-біріне ұқсас. Сондықтан да олардың алғаш пайда болуына байланысты айтылып жүрген пікірлермен санасу да қажет. Мәселен, көптеген зерттеушілер мақал-мәтелдер алдымен міндетті түрде жеке-дара адамдардың, көбіне көп ділмәр-шешен, айтқыш-ақылмандардың дуалы аузынан шығып, халық арасына сініп, ел жадында сақталу

арқылы қалыптасады деп топшыласа, кейбір зерттеушілер мұны керісінше қарастырады. Мысалы, белгілі әдебиетші ғалым Халық Көроғлы: «Издавна пословицы и поговорки проникли в персидскую литературу – в прозу и поэзию. Не было ни одного более или менее известного персидского поэта, который не приводил бы в своих произведениях пословиц и поговорок. В персидской и персоязычной литературе классического периода они встречаются в огромном количестве и большей частью в стихотворной форме. С XVI в. Пословицы и поговорки стали собирать в отдельные антологии» – деп көрсетеді [6, 5 б.].

Бұл пікірден парсы мақал-мәтелдері алдымен халық тілінде пайда болып, қалыптасып алғаннан кейін ғана әдебиетшілердің шығармаларында қолданыла бастады деген ұғым туатын сияқты. Шын мәнісінде, олай емес, парсы мақал-мәтелдері де, барша халықтарға тән дәстүр бойынша, алдымен жеке-дара дарынды да шешен адамдардың шығармасында пайда болып, одан кейін ғана ой елегінен екшеліп өтіп, әбден сұрыпталып, ширығып барып шырадай жанатын, ел аузынан тастамай айтып жүретін аталы сөзге айналады.

Сонымен, қорыта келгенде парсы тілінің мақал-мәтелдер жинағын шығарған Иран ғалымы Амини: «Читатель видит, что высказываниях простого человека с базара содержатся жемчужины ума и клады истинны. Выражая их в своих содержательных рассказах, он определяет и указывает нам светлый путь жизни – той жизни, которая, с одной стороны, обязана уму, нравам и старанию его, а с другой – определяется волей бога, судьбой, смирением и терпением перед тем, что нам посылается» – деп баяндайды [6, 2 б.].

Бұл пікірдің қазақ мақал-мәтелдеріне де қатысы бар. Расында, қазақ мақал-мәтелдерінің барлығы бірдей бірден бас-аяғы анықталып, біртұтас болып қалыптасқан, қолдануға дайын күйінде пайда бола қойған жоқ. Олардың көпшілігі ұзақ әңгіменің, ой-толғаныстың қорытындысы, тобықтай түйіні, тоқ етері ретінде қысқа айтылатын пікір үлгісі болып келеді.

1. Жумадилова Ф. Парсы мақалдарының топтастырылуы // Шығыстану білімі мен ғылымының іргелі және инновациялық мәселелері. Халық. ғылыми-теориялық конференция жинағы. – Алматы, 2009.

2. Садықова Р.К. Түр-түс атауларының аудармада берілуі «Абай жолы» роман-эпопеясының парсы тіліне аудармасы негізінде: филол. ғылымд.канд. ... диссерт. – Алматы, 2010. – 150 б.

3. Тұрманжанов М.Ө. «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері» – Алматы, 2004. – 272 б.

4. Қайдар Ә.Т. Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу «Халық даналығы» – Алматы, 2004. – 560 б.

5. Рүстемов Л.З., Сәмәре И. Парсы тілінің жолашары. – Тегран, 1995.

6. Короглы Х. «Персидские пословицы и поговорки» – М., 1973.

7. Парсы жазушыларының әңгімелері. – Алматы, 1958. – 260 б.

Резюме

В статье рассматриваются пословицы и поговорки казахских и персидских языков.

Summary

In the article researches proverbs and sayings of Kazakh and Persian languages.

ПРЕДПЕРЕВОДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ТЕКСТА И ЕГО РОЛЬ В ПЕРЕВОДОВЕДЕНИИ

В.В. Субботина – к.ф.н., КБТУ, Базовый Факультет кафедра английского языка

В настоящее время особое внимание преподаватели Переводческого факультета уделяют предп-реводческому и переводческому анализам текстов, поскольку это является неотъемлемой частью при обучении переводу. Для начала целесообразным представляется дать определение понятию «текст». Как отмечает В.П. Белянин, можно встретить более трехсот определений текста. Следует обратиться к «Лингвистическому энциклопедическому словарю», в котором отражено, что текст – это «...объединенная смысловой связью последовательность знаковых единиц, основными свойствами которой являются связность и цельность» /1, с. 507/. По мнению В.П. Белянина, одно из наиболее удачных определений текста принадлежит И.Р. Гальперину: «Текст – это произведение речетворческого процесса, обладающее завершенностью, объективированное в виде письменного документа, произведе-ние, состоящее из названия (заголовка) и ряда особых единиц (сверхфразовых единств), объединен-ных разными типами лексической, грамматической, логической, стилистической связи, имеющей определенную направленность и прагматическую установку» /2, с.18/. Ю.А. Сорокин видит ценность предложенных И.Р. Гальпериним определений

текста в том, что они подтверждают недостаточность интралингвистического подхода к проблеме текста. Таким образом, Ю.А. Сорокин и В.Н. Базылев дают следующее определение текста: «Под текстом мы будем понимать не только некое графически зафиксированное сообщение, но сложное целое, находящееся на пересечении вне- и внутритекстовых связей: только на основе их сопоставления можно говорить о понятии текста» /3, с. 13/.

Мы считаем, что данное определение вполне глубоко отражает сущность текста, поскольку пред-переводческий анализ текста заключается в том, чтобы выявить вне- и внутритекстовые факторы предложенного для анализа текста.

С точки зрения макростратегии в процессе перевода выделяется три этапа: предпереводческий анализ текста оригинала (Vorlauf), собственно перевод (Hauptlauf) и постпереводческая обработка текста (Nachlauf) – проверка и коррекция перевода. Предпереводческий анализ текста характеризуется следующими особенностями, поскольку отмечается различие в степени изолированности этого этапа от последующего. Одни переводчики сначала прочитывают текст оригинала, стремясь понять его содержание, и лишь потом приступают к его переводу. Другие же в процессе чтения ищут переводческие соответствия отдельным элементам текста оригинала /4, с. 92-93/.

Предпереводческий анализ текста представляет особую важность в переводоведении, поскольку переводчик перед тем, как перевести текст должен определить жанр, стиль, особенности переводимого текста. Переводчику следует обращать также особое внимание на грамматические структуры, фразеологические сочетания, цитаты, стилистические особенности текста оригинала. В связи с этим следует отметить, что особую трудность при переводе представляют специальные тексты, в которых отражена специальная терминология. Известно, что каждый текст имеет своего реципиента, а переводчик выступает посредником, поскольку переводит текст с одного языка на другой и наиболее важным этапом является отражение при переводе прагматической функции текста оригинала.

Исследования текста и процессов его понимания чаще всего ведутся на материале художественных текстов разных жанров (поэтических или прозаических), используются также научно-технические, общественно-политические, газетно-публицистические, юмористические тексты; довольно редко берется драма. Чаще всего в число рассматриваемых языков входят русский и английский языки /3, с. 11/.

Многие переводоведы считают, что предпереводческий анализ текста – это переводческая интерпретация исходного текста. В переводоведении различают несколько аспектов предпереводческого анализа. Так, например, И.С. Алексеева предлагает анализировать исходный текст следующим образом:

- сбор внешних сведений о тексте;
- состав информации;
- плотность информации;
- коммуникативное задание;
- речевой жанр /5, с. 22/.

М.П. Брандес и В.И. Провоторов полагают, что переводчик должен выяснить для себя важные аспекты:

- в каком речевом жанре выполнен текст;
- в каком функциональном стиле этот текст существует /6, с. 27/.

Р.К. Миньяр-Белоручев исходит из того, что текст – это не просто последовательность графических или звуковых языковых знаков, ограниченная единым назначением, это еще и система языковых единиц, несущих далеко не равнозначную информацию. Поэтому в ходе анализа переводимого текста переводчик должен различать следующее:

- ключевую информацию;
- дополнительную информацию;
- уточняющую информацию;
- повторную информацию;
- нулевую информацию /7/.

Л.Л. Нелюбин характеризует переводческую интерпретацию исходного текста как видение его глазами носителя другого языка и другой культуры /8/. Предпереводческий анализ текста позволяет переводчику определить следующее:

- верные ориентиры в переводе;
- переводческую стратегию;
- доминанты перевода;
- тип и структуру текста, а также особенности, от которых зависит внутренняя и внешняя

формы текста;

- разнообразные языковые черты, которые непременно необходимо передать в переводе, на кото-рые следует обратить особое внимание, выбор языковых средств при переводе, каким словам и син-таксическим структурам следует оказывать предпочтение;

- информативную ценность отрезков текста;

- что можно и чего нельзя будет допускать в переводе /9, с. 23-24/.

Точка зрения каждого ученого-переводоведа представляет особую важность для современного переводоведения, поскольку перед автором текста перевода стоит нелегкая задача, которая заключа-ется в том, чтобы создать равнозначный текст на другом языке.

Существует довольно много моделей предпереводческого анализа текста, однако за основу мы возьмем модель, предложенную известным немецким переводоведом – К.Норд. Рассматриваемая модель отображает внетекстовые и внутритекстовые факторы (то, о чем нами говорилось ранее). Как правило, анализ начинается с внетекстовых факторов, к которым относятся такие составляющие, как отправитель или автор текста, намерение автора или отправителя текста (интенция). Различают два вида интенции – первичную (текст оригинала) и вторичную (текст перевода). Следующей составляющей является получатель информации (адресат), который может быть первичным (получатель текста оригинала) и вторичным (получатель текста перевода). Переводчику следует обращать особое внима-ние на культуру того народа, для которого предназначен переводимый текст. А.А. Залевская в своей работе «Текст и его понимание» говорит, что текст «обитает» в культуре. «Именно коллективное зна-ние задает те ориентиры, в соответствии с которыми продуцент текста придает последнему опреде-ленную структуру, отвечающую принятым культурой требованиям к языковому оформлению содер-жания высказывания» /3, с. 26/.

Другими немаловажными внетекстовыми факторами являются канал информации (канал связи), место – первичное (где опубликован текст) и вторичное (куда этот текст попадает), время создания текста также может быть первичным и вторичным, повод написания текста и наиболее важным фак-тором является функция анализируемого текста, которая представляет особую важность для перево-да. К.Норд считает, что функцию текста оригинала не всегда можно определить сразу, однако в этом случае особую важность для определения функции составляет прагматика анализируемого текста /10/. Определены следующие функции текста: референциальная (информативная), экспрессивная (художественная литература), функция обращения (реклама), директивная (законодательные акты), фатическая (апеллятивная, контактоустанавливающая).

Прежде чем рассмотреть внутритекстовые факторы, следует отметить, что предпереводческий анализ текста играет важную роль при переводе. Это способствует тому, что переводчик может пра-вильно отразить или передать прагматику переводимого текста. К внутритекстовым факторам отно-сятся тема или тематика текста, содержание, пресуппозиция (подразумеваемая информация на основе фоновых знаний адресата), построение или структура текста (архитектоника), невербальные элемен-ты, встречающиеся в тексте (схемы, таблицы, рисунки), лексика (стилистические элементы, неоло-гизмы, архаизмы, метафоры, реалии, имена собственные, сокращения, аббревиатуры, безэквивалент-ная лексика), синтаксис (анализ структуры предложений). Анализируя синтаксическую структуру предложений, следует обратить особое внимание на то, что при переводе каждого предложения сле-дует провести грамматический анализ: в сложных предложениях найти отдельные простые предложе-ния. Признаком границ предложения обычно служат вспомогательные слова и запятые. В каждом отдельном предложении необходимо найти группу сказуемого, группу подлежащего, группу допол-нения и только после этого давать перевод предложения сначала в черновом, т.е. дословном варианте (группа подлежащего, группа сказуемого, группа дополнения, обстоятельства), а затем в литератур-ном варианте путем перестановок и замен. При этом студент-переводчик должен из нескольких своих черновых вариантов перевода выбрать наиболее удачный.

Заключительным этапом анализа текста являются супrasegmentальные элементы, к ним относятся интонация, мелодика текста (в том случае, если текст представлен в устной форме), пунктуация (если текст выражен в письменной форме).

Внетекстовые и внутритекстовые факторы создают эффект переводимого текста, другими словами, это может быть восприятие текста читателями, воздействие текста на аудиторию, прагматика текста.

Подводя итог всему сказанному, следует отметить, что предпереводческий анализ текста – это воз-можность для переводчика адекватно передать содержание текста оригинала и осуществить перево-дческий анализ текста, который заключается в анализе трансформаций, используемых при

переводе. Таким образом, предпереводческий анализ текста способствует тому, что переводчик глубоко погружается в текст оригинала и решает сложные переводческие задачи, которые стоят перед ним. Результатом его деятельности является адекватно переведенный текст на другом языке.

1. Лингвистический энциклопедический словарь. Под ред. В.Н. Ярцевой – М., 1990. – С. 507.
2. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М., 1981. – С. 18.
3. Залевская А.А. Текст и его понимание. – Тверь, 2001. – С. 11-26.
4. Комиссаров В.Н. Общая теория перевода. – М., 1999. – С. 92-93.
5. Алексеева И.С. Профессиональный тренинг переводчика. – СПб., 2008. – С. 21-26.
6. Брандес М.П., Провоторов В.И. Предпереводческий анализ текста. – Курск, 1999. – С. 26-30.
7. Миньяр-Белоручев Р.К. Теория и методы перевода. – М., 1996. – 208 с.
8. Нелюбин Л.Л. Толковый переводоведческий словарь. – М., 2003. – 320 с.
9. Везнер И.А. Предпереводческий анализ эстетической информации в рекламном тексте // Вопросы теории и практики перевода: Сб. мат-в Всероссийской конференции. – Пенза, 2003. – С. 23-24.
10. Nord C. Text Analysis in Translation. – Amsterdam: Rodopi, 1991.
11. Nord C. Translating as a Purposeful Activity. Functionalist Approaches Explained. – Manchester: St Jerome. – 1997.

Түйін

Мақала негізгі мәтінді аударудың алдындағы талдаулар жайлы мәлімет береді. Автор талданып жатқан мәлі-метті толық түсінуге арналған мәтіннің ішкі және сыртқымәтіндік ерекшеліктері жайлы мәлімет береді.

Summary

The article includes information about pre-translation analysis of the source text. The author analyses intertextual and intratextual peculiarities of the text used for adequate interpretation of analyzed information.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ж.Ә. Ноғайбаева – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы, п.ғ.к.

Білім беру – қоғам мүшелерінің адамгершілік, мәдени және рухани дамуы мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз тәрбие мен оқыту үдерісі. Білім беру ісі шеберлікке, дағдыға баулудың өсіп, өрбіп, белгілі бір кәсіпке, мамандыққа үйретумен тиянақталады. Жүзе-ге асырылатын білім беру бағдарламаларының сипатына қарай білім беру деңгейлері ажыратылатыны белгілі.

Қазіргі таңда ұрпақтан-ұрпаққа өмір тәжірибесін беруді жүйелі жүргізетін – оқытушы. Ал жастарды өмірге дайындау, қоғам талап етіп отырған деңгейде мұғалімдерді дайындаудың қажеттілігі ұдайы өзгерісте болады. Осыған байланысты А.Байтұрсыновтың білім беруде, әрі педагогика мен әдістеме-ден хабардар етіп оқыта білетін ұстаз екендігі жөніндегі айтқан пікірі бүгінгі күнде де өз мәнін жойған жоқ.

Жоғары мектептегі кәсіби кадрларды даярлаудың жүйесін жетілдірудің маңызды факторларының бірі – білім беру процесінде қазіргі заманғы инновациялық технологияны пайдалану [1]. Жоғарғы оқу орнында білім беруде замуани талабына сай жоғары кәсібиленген мамандарға қазақ тілін үйретуді тиімді шешуге мүмкіндік беретін әдістердің бірі – интерактивті әдіс. Білім беру саласында интерактивті әдісі қалыптасуының маңызы зор.

Қазақ тілін оқытуда инновационды технологияны пайдалану, мамандандырылған, бәсекеге қабілетті, әрдайым өсу және өзін-өзі жетілдіруге, маман даярлауда маңызды мәселе болып табылады. Оқу ісін сапалы жүргізу сабақтың әдістемелік жағынан дұрыс ұйымдастыру. Білім беру саласында инновациялық оқу әдістерін қолдану студенттердің оқу үрдісінде белсенді қатысуға мүмкіндік береді және алған білімдерін қорытындылайды.

Инновациялық тәсіл оқу процесіне – тіршілік және әрекет етудің даму динамикасы ерекшелігіне, қашықтықтан оқудың өзгешелігіне және жеке тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің талаптары мен әлеуметтік пайдалы білім алуына, сеніміне, мінез-құлықтың сапасы мен өзгешелігіне, тәлім тәжірибесі мен қатынасына негізделген жаңалық енгізуге бағыттайды.

Бүгінде жеке тұлғаны емес, оның даму процесін басқару қажеттігі айқындалып отыр. Ал бұл, педа-гог жұмысындағы артықшылық жанама педагогикалық ықпал жасауға берілетіндігін білдіреді: тікелей жасалатын әдістерден, қарым-қатынас жасаудың сұхбаттық әдістерін, жаңалықты бірлесіп қарауды, сан алуан шығармашылық әрекетті тәрбиелеуші шарттарды жасау арқылы дамытуды білдіреді.

Негізгі әдістемелік инновациялар бүгінгі таңда оқытудың интерактивті әдістерін қолданумен байланысты. «Интерактив» сөзі бізге ағылшын тілінің «interact» деген сөзінен келген. «Inter» – бұл «өзара», «act» – әрекет ету дегенді білдіреді.

Интерактивті сөзі – өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адам-мен) не болмаса әлде немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Демек, интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында оқытушы мен студенттің өзара әрекет етуі жүзеге асырылады.

Интерактивті оқытудың мәні оқу процесі іс жүзінде барлық студенттің таным үрдісіне тартыла-тындай болып ұйымдастырылуы тиіс, олардың осыған байланысты не біледі, нені ойлайды түсінуге мүмкіндігі болуы тиіс. Таным процесінде оқушылардың біріккен іс-әрекеті, әркім өзінің жеке-дара үлесін қосатын, оқу материалдарын меңгеруді білдіреді, білімдерін, идеяларын, іс-әрекет тәсілдерін алмасу жүргізіледі. Бұл мейірімділік пен өзара бір-біріне қолдау көрсету аясында болады, ол тек қана жаңа білім алуға мүмкіндік беріп қоймайды, таным әрекетінің өзін де дамытады.

Интерактивті әдістерді пайдалану кезінде студенттер түсіну процесіне толық қанды қатысушылар болады, оның тәжірибесі оқу танымының негізгі қайнар көзі қызметін атқарады. Оқытушы дайын білімді бермейді, бірақ студенттерді өз бетімен ізденуге үйретеді. Білім берудің дәстүрлі нысандары-мен салыстырғанда, интерактивті оқытуда оқытушы мен студенттің өзара әрекеттестігі ауысады: педагогтың белсенділігі студенттің белсенділігіне әкеледі, ал берілген тапсырмалар олардың іздену, ойлау үшін жағдай жасаушы.

Бұл әдістерді игеру және қолдану үшін, оқытушыға топтық өзара әрекеттердің әр түрлі әдістемелерін білу қажет. Интерактивті оқыту өзара түсінікті, өзара әрекеттестікті, өзара байытуды қамтамасыз етеді.

Интерактивті әдістер ешқандай жағдайда да дәрістік материалдардың орнын ауыстырмайды, бірақ оны жақсы меңгеруге септігін тигізеді, ең құндысы: пікірді, қатынастарды, мінез-құлық машығына жаттықтыру болады.

Интерактивті әдіске сондай-ақ әр түрлі көмекші құралдарды пайдалана отырып: тақта, кітаптар, бейне материалдар, слайдылар, компьютерлер т.б. қолдану жатады.

Сонымен қатар, оқу процесіне топтық пікірсайыстар, жазбаша мазмұндамалар және шығармалар, сұхбаттар, жастардың бір-бірімен жұмыс істеуге оқыту, бейнефильмдер мен бейнесюжеттерді қарап шығып тақырыпқа қатыстырып талқылау, басқада іс шараларды өткізуге мүмкіндік туғызады.

Интерактивті әдістер ешқандай жағдайда да сабақ өткізудің лекциялық нысанын алмастыра алмай-ды, бірақ лекциялық материалдарды жақсылап меңгеруге бейімдейді, ең маңыздысы сол, пікірлерді, қатынастарды, ізденіс жасау дағдыларын қалыптастырады.

Оқудың интерактивті әдістерін пайдаланудың тиімді жақтары да баршылық. Интерактивті әдістерін пайдалану кезінде оқытушының рөлі өзгереді, ол тек қана реттеп отырады және оны жалпы ұйым-дастырумен айналысады, қажетті тапсырмаларды алдын ала дайындайды, сұрыптайды және сұрақ-тарды, тапсырмаларды сабақта талқылауға арналған тақырыптарды қалыптастырады, кеңес береді, белгіленген жоспардың орындалуына бақылау жасайды.

Тілді үйретуде интерактивті әдістерінің өзіндік ерекшеліктері жеткілікті:

- Тіл үйренушілердің пінге деген қызығушылығын артырады;
- Әр студенттің оқу процесіне қатысу белсенділігін туғызады;
- Әрбір студенттің сезіміне назар аударады;
- Оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді;
- Студенттердің ізденуіне, ойлануына әсер етеді;
- Кері байланысты жүзеге асырады;
- Студенттердің пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады.

Қорыта келгенде, интерактивті оқыту – бұл таным іс-әрекетін ұйымдастырудың арнайы нысаны. Сабақта алға қойылған мақсаттарды орындауға апарады. Осындай мақсаттың бірі студенттер өзінің мүмкіншіліктерін, интеллектуалдық жағдайларын, оқу процесінің барысында қандай іс әрекет жасау керектігін сезінетін, білім берудің қолайлы жағдайын туғызады.

Инновациялық оқыту, білімді меңгерту барысында өзара байланыс жасауға мүмкіндік беретін

оқытудың бір түрі деуге болады. Иновациялық және интерактивті әдістерді пайдалану қазақ тілін оқыту барысында тұрақты білім мен біліктіліктің қалыптасуында игі әсер етеді.

1. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңы, 11 шілде, 1997 жыл, №151-1.
2. Бейсенова Г. Жаңа ақпараттық технологиялардың тиімділігі. Қазақстан мектебі, №6 – 2006 ж.
3. Нышанова С.Т. Болашақ ағылшын тілі пән мұғалімдерін даярлау мазмұнындағы білім мен іскерліктердің сипаты // Изденіс. – Алматы, 2007. – №4. – 272-277 б.

Резюме

Обучение студентов казахскому языку используя современные инновационные технологии для усвоения качественного знания а так же заложить основу для будущего образованного поколения.

Summary

Modern innovational methods used by educational institutions to teach students Kazakh language for high – quality learning skills and also to establish basics for future educated generation.

О НЕКОТОРЫХ ФУНКЦИЯХ РАЗГОВОРНОЙ ЛЕКСИКИ В СОВРЕМЕННОЙ ПЕЧАТИ

Г.А. Бедусенко – к.филол.наук, доцент

Изменения касаются также основных функциональных разновидностей литературного языка: появляются или «возвращаются» типы речевых сообщений, которые не укладываются в традиционную систему функциональных разновидностей (рекламные тексты, ораторские тексты); одна из функциональных разновидностей (деловая речь) становится очень влиятельной, часто диктует свои правила неделовым текстам. В эту стилистическую перестройку включается и газетная речь. Обозначим основные изменения в ее положении:

1) прежде всего именно тексты СМИ стали тем полем, на котором были открыты границы между литературным языком и нелитературными формами национального языка; не существует более стилистических границ между газетной речью, просторечием, жаргонами и диалектами. Однако при этом роли второстепенных форм национального языка меняются: диалекты, по-видимому, безвозвратно утрачивают свое влияние на язык СМИ, а жаргоны и просторечие, наоборот, приобретают сильную власть над газетной речью;

2) газетная речь вышла из жесткой системы книжных стилей и активно взаимодействует с разговорной речью; при этом ближайшим к газетной речи соседом среди книжных стилей становится, как это ни парадоксально, деловая речь;

3) газетная речь активно взаимодействует с рекламными и ораторскими текстами – вновь актуализированными подсистемами литературного языка (это происходит в значительной степени потому, что СМИ являются основным каналом для передачи речевых сообщений подобного типа), которые при всей своей близости к языку СМИ все-таки подчиняются иным стилистическим закономерностям.

В такой ситуации стилистическая идентичность газетной речи оказывается под очевидной угрозой.

Семиотический аспект газетного языка вообще зависит от того, насколько данная система и организация знаков удовлетворяет нужды газетной коммуникации, и потому не может замкнуться, скажем, в рамках одного стиля. Рассматриваемые обстоятельства и выливаются в общие ориентации на стандарт изложения информации в газете и экспрессию, пронизывающие газетный язык, захватывающие его внешние, а отчасти и внутрисконструктурные уровни, воздействуя, таким образом, и на литературный язык в целом.

В этом смысле можно провести, разумеется, в высшей степени условную параллель между газетным языком и другими «языками» внутри единого русского языка, с одной стороны, и между Действительно разными языками – с другой: ведь как отмечают многие исследователи данного вопроса, различия между языковыми системами начинаются там, где выступают разные способы сегментации внеязыковой действительности с помощью языковых средств. Видимо, этим объясняется отмечаемый исследователями факт несомненного сближения «языка» массовой коммуникации в разных языках: оно обуславливается одинаковым элементом – окружающей нас действительностью и одинаковой прагматической направленностью массовой информации.

Итак, любой журналист настроен на поиск экспрессии. Экспрессия, как уже было отмечено

выше, представляет собой слова, увеличивающие выразительность письменной речи.

Многие ученые предлагают различные классификации экспрессивной лексики. Рассмотрим наиболее ранние из них.

В статье Е.М. Галкиной-Федорук выделено три группы эмоциональной (экспрессивной) лексики:

1) слова, выражающие чувства, переживаемые самим говорящим {отвращение, безразличие, злость, любовь, ненависть и т.п.}; 2) слова, выражающие лексическую оценку явления с точки зрения говорящего (добрый, злой, жестокий и т.п.);

3) слова, в которых понятие о чувстве обозначается не лексически, а посредством суффиксов или приставок эмоциональной оценки (цветочек, разудаленький, здоровущий и т.п.) [1, 125].

В статье О.Н. Пономаревой говорится о трех лексических разрядах с точки зрения выражения чувств и настроений: междометиях, служебных словах и эмоционально окрашенной лексике, выражающей чувства вместе с понятийным содержанием [2, 12].

Лишь немногие авторы подходят, например, к стилистическим смещениям, если и не как к дос-тоинству, то, как к естественному качеству газетного языка, показывая его нежелательность лишь там, где оно внутренне не обосновано содержанием, не несет собственно «газетной функции»

Теперь необходимо отметить основные особенности лексических показателей экспрессивности.

Основа, и, прежде всего, корень как главная ее часть, выступает в слове носителем его лексическо-го значения. К лексическим показателям экспрессивности мы относим производные основы с разной степенью структурной членимости и семантической мотивированности. Выделим несколько разно-видностей соотношения производной основы с производящей.

Экспрессивная лексика образуется от экспрессивных основ с помощью экспрессивных суффиксов. Приведем примеры. Плетюха говорят о болтливом человеке сплетнике (обычно женщине). Слово образовано от плести «болтать, сплетничать». «Вот плетюха! Ты че плетешь-то, чё плетёшь!». «Нету ей веры от меня – она известная плетюха, чё попадя. В этих словах показателем экспрессивности являются не столько суффиксы, сколько производящие основы. Не будет преувеличением сказать, что экспрессивность (отрицательная оценка) суффикса тускнеет на фоне экспрессивности производящей основы. Сравним, например, говоруха – руха, моторуха, брехуха, плетюха, в первом показателем экспрессивности выступает суффикс, в остальных – корень и суффикс. А вот еще примеры.

В политике самая настоящая грабиловка. Просторечное, нелитературное. Грабиловка – (переносн.) Разорять, отнимая что-нибудь, обременяя налогами, поборами, побирать. (Л.Смирнов. Раздел «Ново-сти», «Собеседн.», 21.03.11, стр. 3).

Понаделали кустарщины. Разговорное. То, что делают неумело, неорганизованно. (Заголовок статьи Е.Григорьевой, Дм.Сафонова. Раздел «Новости», Собеседн.», 11.03.11, стр. 3).

Появились телевизионщики.

Слово является разговорным. Разговорное название специалиста, работающего на телевидении. (Е.Яковлев «История С.Пахомова, который хотел, да так и не стал космонавтом». Раздел «Новости», «Собеседн.», 11.03.11, стр. 3).

Разбегутся контрактники, а останутся «гусята».

Просторечные, ближе к жаргону. Военнослужащие – призывники. («Оставь шинель, иди домой». Д.Сафонов. «Собеседн.», 17.05.11 стр. 1).

Что приходит в тексты новейшего русского языка? Основной процесс связан с перемещением лексических элементов из периферийных сфер языка в центр системы. К таким элементам относятся жаргон, разговорные элементы, просторечие. Они объединяются по признаку "сниженность" в сравнении с нейтральным уровнем литературного языка. Данные элементы широко употребительны и в языке газет, и в теле- и радиовещании, и в речи образованных слоев населения. В 90-е годы их употребительность резко возросла. Перечисленные группы слов являются стилистически окрашенными, т.е. они являются очень яркими представителями того стиля, к которому относятся. Отметим, что именно подобные категории слов позволяют увеличить экспрессивность текста. В рассматриваемой нами газете «Собеседник» максимально экспрессивными являются заметки в разделе «Новости» в колонке обозревателя. Именно в них встречается максимальное количество разговорных, просторечных, жаргонных слов. Именно использование этих слов придает тексту некую критичность, ироничность или же резкость (если

речь идет о злободневных событиях). Именно через использование стилистически окрашенных слов читатель наиболее ярко и четко представляет позицию автора.

Отметим, что Земская Е.А. в своих исследованиях вводит термин общий жаргон и относит его к стилистически окрашенным словам [3, 131].

Термином "общий жаргон" называются жаргонизмы, используемые в средствах массовой информации и в речи образованных слоев населения. К числу наиболее частотных относятся такие слова, как разборка, зачистка, тусовка, крутой, ящик (телевизор). Эти и подобные слова можно встретить почти в любом номере газеты, каждый день услышать по телевизору. Слова общего жаргона собраны и проанализированы в Словаре общего жаргона (далее СОЖ). Приведем иллюстрации из материалов 2009 г. «Собеседник» публикует рецензию на научное издание стихотворений В.А. Жуковского под названием "Академический ужастик" («Собеседн.», 10.06.11). Жаргонизм ужастик (от слова ужас) называет страшное произведение искусства (фильмы, рассказы и пр.).

А вот несколько жаргонизмов, относящихся к разным сферам жизни и не зафиксированных в СОЖ:

"Банк России... выпустил собственные облигации, названные в кругах общественности «бобрами»" («Собеседн.», 11.06.11).

Поставить на счетчик, включить счетчик – в криминальном мире: назначить срок выплаты денег, по истечении которого неуплатившему грозит смерть или другое жестокое наказание. В общем жаргоне смысл этого выражения расширяется: "грозить применением санкций". Пример: "Россию ставят на счетчик. Западные лидеры угрожают введением санкций" («Собеседн.», 08.12.11).

Шутливый рифмованный ответ-бессмыслица на вопрос "Почему?" – "По кочану" (иногда с про-должением "и по (сырой) капусте"; преимущественно в речи молодежи). Иллюстрация из газеты: "Почему мы все считаем в долларах, а таможня – в дойчмарках и евро? Ответ ясен: по кочану" («Собеседн.», 30.11.11).

Из жаргона компьютерщиков, о котором мы уже говорили выше, распространяются слова: скачать – списать из Интернета; "бродилка" – от англ. browser, программа просмотра файлов в Интернет-те; "искалка" – от англ. searcher, букв. "искатель".

Разговорные и просторечные элементы менее широко включаются в современную речь. Процесс включения подобных сниженных элементов в газетный текст лингвисты нередко называли термином "демократизация языка".

Факты употребления сниженной лексики в речи литературно-говорящих людей и средствах массовой информации многочисленны и разнообразны. Несколько примеров из разговорной речи: ювелир-ка – ювелирная промышленность, обменник – пункт обмена валюты, мобильник – мобильный телефон, боевики – террористы (чаще во мн. числе), силовик – руководитель силового министерства, ведомства или крупного подразделения, дутик – дутая куртка, оэртэшник – сотрудник телеканала ОРТ. Пример. Этот матч видели только обладатели «тарелочных» каналов.

Просторечное. Тарелка – особая антенна для приема телеканалов зарубежья. (Раздел «Спорт», «Критика чистого разума» Д.Навоша, «Собеседн.» 17.05.11, стр. 11). Значительная часть разговорных наименований – это суффиксальные существительные, образованные на базе словосочетаний "прилагательное+существительное". Народ постоянно создает иронические номинации для различных явлений повседневной жизни. Так, куриные окорочка, которыми питается значительная часть наших граждан, люди называют ножками Буша. Ср. газетный заголовок: «Куручка Ряба против "ножек Буша". Защита отечественного производителя может ударить по общественному потребителю» («Собеседн.», 06.03.11)

Просторечные, жаргонные и разговорные слова можно встретить в самых серьезных текстах. В статье «Самозванные "патриоты" воюют против России» («Собеседн.», 06.11.11) находим: главарь-верзила, жаргонное название членов общества "Память" – памятники. Поясим некоторые слова: ражий – прост. "крепкий, здоровый"; верзила – разг. "высокий, нескладный человек".

Сниженные элементы могут выстраиваться в трехчленные синонимические ряды. Так, нейтральная номинация пятиэтажный дом имеет три сниженных синонима: пятиэтажка (разг.) – хрущевка (прост.) – хрущоба (жаргон). Пятиэтажка – суффиксальный универбат, созданный на базе словосочетания; хрущевка – производное с суфф. –к(а) от фамилии Хрущев (при котором строили такие дома); хрущоба – каламбурное скрещение начальной части фамилии Хрущев и конечной части слова трущоба. Иллюстрация – газетный заголовок, в котором соседствуют два члена этого ряда: "Московский проект реконструкции пятиэтажек медленно отмирает (заголовок). Лет через десять "хрущев-ки" сами рассыплются" («Собеседн.», 28.12.10).

В языке начала XXI в. из трех рассмотренных потоков сниженных элементов наиболее

сильный – жаргонный, наиболее слабый – просторечный.

Итак, вышеописанные явления характерны для разговорной лексики современной печати. Они не рассчитаны на экспрессивность, а выполняют, прежде всего, номинативную функцию и отражают процесс вхождения (или не вхождения) чужого слова в русский язык.

Особенно част прием замены принятого слова новым, ключевым для данного текста.

Можно выделить и третий тип преобразования – когда добавленное слово вносит элемент шутки и метафорического намека на суть дела: «Мы бросили варежку “Майкрософту” («Собеседн.», 03.12.10). В известном выражении бросить перчатку (‘вызвать на дуэль’) слово перчатка заменено домашним, чисто русским, простым варежка. Смысл статьи: российские электронщики бросили вызов создателям новой техники.

«Старая метла на новый лад». Использование измененной разговорной поговорки в письменной речи. (Заголовок статьи Р.Сагдиева. Раздел «Экономика». «Собеседн.» 12.03.10, стр. б).

1. Галкина-Федорук. Об экспрессивных особенностях стилистических единиц. – М., 1997.
2. Пономарева О.Н. О стилистике газетных текстов. – М., 2009.
3. Земская Е.А. О городском просторечии. – М., 1998.

Түйін

Бұл мақалада қазіргі баспасөздегі сөйлеу мәдениетінің барысы жан-жақты талданады.

Resume

The article analyses the functions of spoken lexics in modern print.

А.БАЙТҰРСЫНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ СӨЗ ТАПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Е.Қасенов – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы, ф.ғ.к.

Тіл – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан асыл қазынасы, рухани құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа сақтап жеткізуші формасы. «Тіл – бір адам үшін керек емес, тіл – жеке адам үшін жасалған нәрсе. Бір тілмен сөйлесу үшін адамдар бір-бірімен аралас болуы керек» [1, 92 б.]. Бұл тілдің ең алды-мен, қатынас құралы болып табылатындығын дәлелдесе керек. Ал қарым-қатынас жасау құралы болып табылатын тілдің негізгі элементі – сөз. Сөз белгілі бір ойды білдіріп, нақта бір ұғымдарға атау болады. «Сөз белгілі тәртіппен тізіліп барып, хабар болады. Сөздер жеке-жеке жүреді, бірақ олар жекелік үшін жасалған емес, басқаға жанасым тауып, үйлесерлік болып жасалған. Өз басы атау болу-ға жаралған сөзді бүтін дейміз. Бүтін, әрине, бөлшек емес. Сөйте тұра олар құрамды бөлшек болып барып материал болып, тұтас ой туғызатындықтан, жеке сөздерді үйлесім табушылар тобының бір бөлшегі дейміз» [2, 99 б.]. Шын мәнінде де, «тілде сөздерден тыс ешнәрсе де жоқ десе болады. Сөз-ден тыс, сөзге келіп тірелмейтін бірде-бір құбылысты тілден табу қиын. Тіл білімінде сөз лексикалық құбылыс ретінде ғана емес, грамматикалық құбылыс ретінде де қаралады» [3, 176-177 б.].

Тілдегі сөздер грамматикалық құбылыс ретінде қаралатындықтан оларды сөз табына бөліп көрсету тіл білімінде ертеден қалыптасқан. Осымен байланысты қазақ тіліндегі сөздердің де өзіндік топтасты-рылу тарихы бар. Қазақ тілі сөздерін таптастыру мәселесі ең алғаш рет түрколог Н.И. Ильминскийдің 1860-1861 жылдары Қазақ университетінің ғылыми жазбаларында жарияланған «Материалы к изучению киргизского наречия» атты еңбегінде сөз болады. Автор қазақ тіліндегі сөздерді 9 топқа бөледі. Осы жіктеліс П.М. Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казах-киргизского языка» атты еңбегінен басқа барлық еңбектерде сақталған. Тек орыс ғалымы П.М. Мелиоранский сын есімді жеке сөз табы ретінде танымай, зат есім ішіне қарап, 8 сөз табын атайды.

Аталған түркологтардың еңбектерінен тілдегі сөздерді таптастыруда олардың мағыналық жағы бас-шылыққа алынғаны байқалса, Г.Архангельский 1927 жылы «Грамматика казахского языка» атты еңбе-гінде қазақ тіліндегі сөздерді тек формальдық белгілеріне қарай жіктеуге болатынын айтады. Яғни, семан-тикалық бағыт өкілдері сөздерді таптастыруда негіз етіп, сөздердің мағыналық жағын алса, формальды грамматикалық бағыты ұстанушылар грамматикалық форманы басты белгі ретінде таниды.

Қазақ тіліндегі сөздерді таптастыру мәселесі, жалпы морфология мәселесі алғаш рет ғалым А.Байтұрсыновтың «Тіл-құрал» атты оқулығының морфологияға арналған бөлімінде сөз болды. Мұны тілші-ғалым Т.Сайрамбаевтың «А.Байтұрсыновтың морфологиялық еңбегі» атты

мақаласындағы: «Оқулықта сөз таптарына біраз орын берілген. Біз сөз таптары туралы автордың тіл құралының 1923 және 1925 жылғы екі басылымының төңірегінде сөз еттік. Автор әрбір сөзтаптарының ішкі ерекше-ліктеріне келгенде екі оқулықтың, әсіресе, соңғы басылымында едәуір жетілдіре түсуге баса көңіл бөліп отырған» – деген пікірі қуаттайды [4, 7 б.].

Ғалым А.Байтұрсыновтың аталған еңбегінде сөздерді тапқа бөлудің жалпы тіл біліміндегі сонау Платон, Аристотель еңбектерінен бастау алатын дәстүрлі қалпы көрінеді. Себебі, «тілдегі сөздерді топтастыру мәселесі тіл білімі ғылымында алғашқы грамматикалардан басталған» [5, 49 б.]. Тіл бөлшектерін логикалық ілім негізінде топтастырушы Платон сөздерді есім және етістік деп бөлсе, осы бағытты жалғастырушы Аристотель өзінің «Риторикасында» сөздерді **есім және етістік** деп бөледі.

Ғалым А.Байтұрсынов сөздерді атауыш сөздер, шылау сөздер деп екі топқа бөлген болса, бүгінгі таңда сөздер 3 топқа бөлу үрдісі тіл білімінде берік қалыптасқан. Олар: **атауыш сөздер**, **көмекші сөз-дер**, **одағай**. Жалпы қазіргі қазақ тіліндегі сөздер екі түрлі топтастырылады:

- а) Сөздерді 3 топқа бөлу (атауыш сөздер, көмекші сөздер, одағай);
- ә) Сөздерді әр түрлі жеке-жеке сөз таптарына бөлу.

Бұл топтастыру сөздердің бір-бірінен ерекшелігін ашу үшін қолданылып келеді. Бұл жөнінде ғалым Н.Оралбаева: «бұл топтастыруда сөздердің жалпы ерекшеліктері ашылады, соған байланысты сөздің ойды білдіретін лексикалық мағыналы топтары анықталады, олардың сөйлемдегі ойды білді-рудегі қызметі белгіленеді, сондай-ақ ол белгілері жоқ атауыш сөздерге қызмет ететін де сөздер бары, көмекшілер бары анықталады» – деген пікір айтады [5, 52 б.].

Ғалым А.Байтұрсынов қазақ тіліндегі сөздерді әуелі атауыш сөздер, шылау сөздер деп екі топқа бөледі де, әрі қарай іштей жіктеп, қазақ тіліне қатысты тоғыз сөз табын атайды. Ғалым 1923 жылғы еңбегінде **атауыш сөздер** деп атаса, 1925 жылғы еңбегінде **атау сөздер** деп нақтылай келе, оларды: **зат есім**, **сын есім**, **сан есім**, **есімдік** және **етістік** деп беске бөледі. А.Байтұрсынов таптастыру бойынша шылау сөздер: үстеу, демеу, жалғаулық, одағай деп бөлінген. Ал олардың әрқайсысының жеке сөз табы ретінде қаралуында автор семантикалық белгіге сүйенгендігі байқалады. Ғалым әр сөз табын мысал арқылы түсіндіре отырып, әрқайсысына анықтама береді, сұрақтарын көрсетеді. Мыса-лы: «Сөздердің кейбіреуі нәрсенің өзін атайды. Мысалы, **жер, тау... Осындай нәрсенің өзін атай-тын сөздерді зат есім дейміз. Зат есім туралы «кім?», «не?» деп сұраймыз**». Осылайша ғалым А.Байтұрсынов сөз таптарының әрқайсысын нақтылы мысалдармен және терминдерді түсініктеме-лермен толық айқындап отырады. Әлбетте, бұл – тіл білімі терминдерін қалыптастырудағы маңызды жоғары батыл қадам.

Ғылымда сөздерді сөз таптарына таптастыруда мынадай негізгі ұстанымдар қалыптасқан. Олар:

- Сөз табының ортақ семантикалық мағынасы
- Сөздердің морфологиялық, грамматикалық белгілері
- Сөздердің синтаксистік қызметі

Ал ғалым К.Аханов «Грамматика теориясының негіздері» еңбегінде «Тіл білімінде сөз таптарын бір-бірінен ажыратуда грамматикалық белгілер негізге алынады. Грамматикалық белгілердің өзі екі түрлі: оның бірі – морфологиялық белгі, екіншісі – синтаксистік белгі» – деген пікір айтады [3, 179 б.].

Біздіңше, А.Байтұрсынов сөз таптарын жіктеуде сөз таптарының жалпы грамматикалық мағыналары-заттылық, атрибутивтілік, процессуальдылық т.б. мағыналарды негізге алып, сөз таптарын таза грамматикалық категория ретінде қарастырған. Грамматикалық категория түрлері күні бүгінге дейін А.Байтұрсынов еңбектерінің негізінде өзгеріссіз сақталып келеді. **Олар мыналар**: Зат есімнің көптік категориясы, тәуелдік категориясы, септік категориясы, сын есімнің шырай категориясы, етіс категориясы, болымды-болымсыздық категориясы, рай категориясы, шақ категориясы, жақ категориясы.

Дегенмен, «тіл – даму үстіндегі құбылыс, сондықтан ол түрлі өзгерістерге ұшырап отырады. Ол өзгерістер сөздің лексикалық мағынасына да, грамматикалық мағынасына да қатысты. ...Ғылым, оның ішінде тіл білімі де үнемі дамып отырады. Бұл сөздерді таптастыру теориясына да қатысты. Ғылым дамыған сайын сөздерді таптастыру теориясы да айқындалып, ол теорияның ғылыми негізі қаланып, сөздерді ғылыми негізге таптастыру жүзеге асады» – деген ғалым Н.Оралбай пікірін ескерер болсақ, қазақ тіліндегі сөздерді топтарға бөле отырып, таптастыру да тіл білімінің дамуына орай айқындала түсті [5, 50-51 б.]. А.Байтұрсыновтың сөз таптастыру мәселесінде салған дара жолы тілші-ғалымдар үшін сара жолға айналды. А.Байтұрсыновтан кейін сөз таптарын қарастырған Қ.Жұбанов сөздерді мүлде өзгеше арнада топтастырады. Ғалым Қ.Жұбанов: «Сөздің қай сөз табына жататынды-ғын сөйлем құрылысындағы қызметі мен тұрған орнына қарай айту керек. Сондықтан сөз таптары-ның синтаксистік қасиетін ескеру керек. Оны әр сөз табының

арнаулы қасиеті деу керек. Тапқа айырғанда үш түрлі негізге сүйенеміз: 1) лексикалық қасиеттеріне қарай; 2) морфологиялық қасиеттеріне қарай: қандай қосымша, қандай қосалқы ерітетіндігіне қарай; 3) сөйлемде қай мүше болатындығына, қай орында тұратындығына қарай) – дей келе, сөз атаулыны **мүшелі** және **мүшесіз** деп екіге бөледі [1, 110-111 б.]. Мүшелі тобына **түбір (зат есім, сын есім, сан есім, мезгіл-мекен есімі, орынбасар, етістік)** мен **шылау** енсе, мүшесізге тек **одағай** енгізілген.

Бүгінде Қ.Жұбанов қолданылған **мезгіл-мекен есім, орынбасар есім** деген терминдерінің орнына А.Байтұрсынов атап көрсеткен **үстеу, есімдік** терминдері қолданылады. А.Байтұрсынов екі сөз табы ретінде белгілеген жалғаулық пен демеулікті ғалым Қ.Жұбанов **шылау** деп атады. Қ.Жұбанов көрсеткен 8 сөз табы 1952 жылға дейін өзгеріссіз қолданылды. 1952 жылы А.Ысқақов осы сөз таптарының қатарына еліктеуіш сөздерді қосты. 2002 жылы «Қазақ грамматикасы» атты еңбекте тіліміздегі модаль сөздер сөз табы ретінде қосылып берілген. Бұдан әрбір жекелеген сөз таптарының дамуы мен қалыптасуы – тарихи құбылыс екеніне көз жеткіземіз.

Сонымен А.Байтұрсынов еңбектеріндегі сөз таптастыру мәселесі мен ондағы сөз таптарын бүгінгі таңдағы сөз таптастыру мәселесімен салыстыра қарастыра келе, мынадай түйін жасауға болады:

1. Шылау сөздерді іштей: үстеу, демеу, жалғау деп жіктеп, олардың әрқайсысын жеке сөз табы ретінде қарастыруда ғалым семантикалық белгіге сүйенгені байқалады. Демек, сөз таптары бір-бірінен грамматикалық белгілері (морфологиялық, синтаксистік, семантикалық) арқылы ажыратылады.

2. Сөздерді жеке сөз таптарына жіктеудең алдымен, олардың білдіретін мағыналары, атап айтсақ, заттық мағына, атрибутивтік мағына, процессуалдық мағыналары негізге алынады. Ғалым А.Байтұрсынов сөз таптарын жіктеуде сөз таптарының жалпы грамматикалық мағыналары – заттылық, атрибутивтілік, процессуальдылық т.б. мағыналарын негізге алып, сөз таптарын таза грамматикалық категория ретінде қарастырған.

3. Күні бүгінге дейін сөз таптарының басым бөлігі А.Байтұрсынұлы еңбектерінің негізінде өзге-ріссіз сақталып келеді. Ал бүгінгі сөз таптарының санының 10-ға жетуі сөз таптарының бірден қалыптаса салмайтын құбылыс екендігін дәлелдейді. Демек, ол тілдің тарихи дамуы барысында дами-ды, толығып, айқындала түседі.

4. Ғалым еңбектерінде сөз таптарының бір-біріне ауысу құбылысы (субстантивтену, адъективтену, прономиниалдану, адвербиалдану) жайлы қарастырылмаған.

Түйіндей келгенде, А.Байтұрсыновтың тіліміздегі сөздерді сөз таптарына бөлуі, әр сөз табын іштей мағыналық топтарға, категорияларға жіктеуі бүгінгі таңда өзіміз көріп отырғандай, көп өзгеріс-сіз қазақ тіл білімінде орнығып қалды. Мұның себебі ғалымның сөздерді топтастыруда басшылыққа алған мағыналық ұстанымның қазақ тілі үшін өте маңызды, шешуші ұстаным екендігінде жатыр.

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.
2. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995, – 207 б.
3. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Өлке, 2010. – 240 б.
4. Сайрамбаев Т. А. Байтұрсыновтың морфологиялық еңбегі. Өркен газеті, 29 сәуір 1989. – 7 б.
5. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы: Инжу-маржан, 2007. – 390 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы грамматики казахского языка в научных трудах А.Байтұрсынова.

Summary

In given article is considered problems of the grammatics of the kazakh language in scientific works A.Baytursynova.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ТІЛ ТУРАЛЫ ПІКІР ТАЛАСТАР

Ш.Ауелбекова – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың шығыс тілдері кафедрасының аға оқытушысы

19-ғасырдың соңы мен 20-ғасырдың басындағы тіл туралы пікір таластарға тоқталмас бұрын, ең алдымен әліппеміздің тарихына шолу жасағанды жөн көрдік. Түркі халықтары тарих бойынша бірне-ше әліппе қолданды. Әлі қазақ болып тарих сахынасынан бөлініп шықпас бұрын түріктерде түрлі жазу үлгілері болды. Түркологияда көктүріктер деп аталатын түрік қағанаты кезеңі еш күмәнсіз бүгінгі түркі халықтарының барлығына ортақ бір кезең. Ол дәуірде қолданылған руник жазуы түрік-тердің ең алғашқы жазуы болып табылады. Көктүріктерден кейін де бірнеше жүз жыл қолданылған бұл әліппе кең көлемде халық арасында қолданыста болды және кең тарады.

Ұйғырлардың қолданған Ұйғыр, Соғд, Брахми сияқты жазуларының арасында ұйғыр жазуы кең таралған болатын. Көктүрік жазуы Евразияның солтүстік бөлігінде кең қолданыста болса, ұйғыр жазуы болса түріктердің көп қоныстанған оңтүстік бөлігінде кең тараған. Түріктердің жартысынан көбінің мұсылман дінін қабылдаған 10. ғасыр мен 11. ғасырдың өзінде түріктердің жазуы ұйғырша болатын. 1074 жылы Қашқарлы Маһмұт ұйғыр жазуының түрік жазуы болғандығы жайында анық жазған. Әрине 11 ғасырдан бастап түріктердің арап жазуын қолдана бастағанын болжай аламыз. Ұйғыр жазуы 14. ғасыр бәлкі 15. ғасырға дейін кең ауқымда қолданылған. Кансу жерінде және Сары Ұйғырлар арасында өткен ғасырларға дейін қолданылған. Арап жазуы кең ауқымда қолданылған 15. ғасырдың бірінші жартысының өзінде Херат және Самарқанд сарайларында ұйғыр жазуы атадан қалған мирас ретінде қолданылған болатын. Осыған қарап ұйғыр жазуы тек қана бүгінгі ұйғырлардың аталары ғана емес, Қараханлы, Шыңғыс хан, Әмір Темірлердің өмір сүрген жерлерінде бүгінгі қазақ-тардың да аталары өмір сүрген.

Мұсылмандықты қабылдаған бүкіл түркі халықтары арап жазуын қолданған. Көшпенді қазақтар да сол кезеңде оқу жазу білетіндері арапша жазылған «Түрки» деп аталған шағатайша оқып жазғанда-ры белгілі. Абайдың алғашқы өлеңдері де арап жазуы мен «Түрки» мен жазылған.

19. ғасырдың аяғы мен 20. ғасырдың басында қазақ халқының зиялы қауымы мен атақты түрко-логтар білім сапасын қайтадан қолға алып, демократиялық жолмен даму керектігін өздерінің алдына мақсат етіп қойды. Білімді дамытудың ең маңызды жолы мүмкіндігінше жазу графикасын халық тілі-не жақындату еді. Жазу графикасындағы таңбалар ауыз екі тілдегі дыбыстарды беруі қажет еді. Бұрынғы қолданып жүрген арап әліппесі негізінде жасалған түркі жазуының жүйесінде ауыз екі тілде қолданылмайтын көне сөздер мен орфографиялық қателіктер, оқылуы күмән тудыратын графемалар жиі жиі кездеседі. Осындай кемшіліктердің салдарынан арап әліппесінің қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес келмейді деген пікірлер айтыла бастады.

19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басында қазақ халқының зиялы азаматтарының негізгі мақса-ты жазуды ауыз екі тілге жақындату еді. Сол кезеңде жалпы халық арасында қолданылған ауыз екі тіл мен көзі ашық оқыған азаматтардың қолданған әдеби тілінің арасында үлкен айырмашылық бар еді. Осыған байланысты білімді азаматтарымыздың алдында екі жол бар болатын. Олардың біріншісі, ескі жазу жүйесін өзгертпестен ауыз екі тілдің ерекшеліктеріне көңіл бөлу болса, екіншісі жазуды ауыз екі тілдің жүйесіне жақындату, яғни жазу жүйесіне түбегейлі өзгеріс енгізу болатын. Жазу жайындағы бұл екі пікір қазақтардың арасында үлкен ой тудырды. «Дала Уалаяты», «Айқап», «Қазақстан» т.б. газет журналдардың тілінде ауыз екі тілде қолданып жүрген сөздер көбейгенімен, ескі жазу тіліне қатысты кейбір ережелер әлі де болса сақталған еді. Бұлардың бірнеше себептері бар. Олардан ең маңыздысы, бірінші, ауыз екі тіл мен жазу арасындағы ортақ байланыстың сақталуы. Яғни барлық мұсылмандар сияқты біз де арап әліппесін қабылдаймыз, бірақ біздің тілімізде кездесе-тін кейбір дыбыстар арап әліппесінде жоқ, ал арап әліппесінде кездесетін кейбір дыбыстар біздің тілі-мізде жоқ. Осыған байланысты арап әріптерін өз тілімізге сәйкестендіріп, әліппеміздегі керексіз, жүйесіз, артық дыбыстардан тазалап жүйелі әліппе жасау еді. Ал екінші пікір, ескі жазу, яғни арап әліппесін тастап, орыс әліппесіне көшу еді. Осы тақырыпқа байланысты кейбір ғалымдарымыздың пікірін қысқаша былай қорытуымызға болады: «Оренбург білім орталығының оқу істерінің меңгеру-шісі Катаринский мен қырғыз мұғалімдері бірігіп қырғыздырдың орыс тілі мен грамматикасын үйре-нулері үшін көптеген кітаптар жазып жариялады».

Бұл кітаптардың ең үлкен ерекшелігі қырғыз әңгімелерінің орыс әліппесімен жазылуы еді. Осылай-ша білім алып жүрген бір қырғыз өз тілін орыс әріптерімен оқу арқылы тез үйренеді. Өйткені орыс әріптері қырғыз тілінің дыбыстарын арап әріптеріне қарағанда анық береді. Арап әліппесінде бір әріпті бірнеше таңбамен берілуі ол әліппенің кемшілігі болып табылады. Осымен қатар қырғыз тілін бұл тәсілмен жазу әрі бір қырғыз осы кітап арқылы орыс тілін үйренсе, орыстар да қырғыз тілін үйренеді. Арап әліппесін қолданған қырғыз тілінің орыс әліппесіне көшу 1970 ші

жылдардағы Ы.Алтынсариннің пікірі еді. Алтынсарин орыс әліппесімен қырғызша жаза бастады, сол кезеңнен бастап көзі ашық көп азаматтарымыз осы тәсіл арқылы білімді дамытуды алдарына мақсат етеп қойды. Тағы да айта кете-тін бір жайт, Алтынсариннен кейінгі шыққан бүкіл қырғызша кітаптарда бастан аяқ кездесетін арап-ша татарша сөздерден тазарту үшін жасалған алғашқы қадам болуы да көңіл аудартатын мәселе. (О.Алжанов, «Полезные книги для киргизов»).

Қазақ әліппесіне байланысты алғашқы пікір айтқандардың бірі Ахмет Байтұрсынұлы. Ол 1910 жыл-дан бастап арап әліппесінің қазақ тіліне сәйкес болмағанын байқады. Осыдан бастап арап әліппесін қазақ әліппесінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп қайтадан жасауды қолға алды. А.Байтұрсынұлы ең алдымен қазақ тілінің фонетикасын зерттей бастады. 12 май 1929 жылы өз қолымен жазған өмірбая-нында: «1901 жылдан бастап мұғалім болып жұмыс істей жүріп, қолым бос кезінде білімімді жетіл-дірдім, әдебиетпен айналыстым» дейді. «Оренбургқа келгеннен кейін қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрлысын зерттей бастадым. Қазақ әліппесінің емлесін дұрыстап жеңілдету жұмыстарымен айналыстым. Қазақ әдеби тіліні керексіз кірме сөздерден тазартып, синтаксистік құр-лысы жөнінен басқа тілдердің әсерінен арылтуға тырыстым. Қазақ әдеби тілін халық ауыз екі тіліне жақындату үшін терминдер жасай бастадым» деп жазады. А.Байтұрсынұлының арап әліппесін қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сәйкестендіру мақсатында жазған еңбектері бар. Бұл еңбектері «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде 1913-1919 жылдар арасында жарияланған тіл, емле және әліппе жайында мақалалары, оқу құралдары еді.

Сол кезеңде баспасөз беттерінде әліппеге байланысты өз пікірлерін жазған Бейсенбаласы, Бөкейханов, Жанталин, Дулатов т.б. азаматтардың мақалалары жарияланған еді. Осылардың ішінде А.Байтұрсынұлы арап әліппесін реформа жасап, тілімізге сәйкес емле құралдарын жасаған ғалымдардың ішінде ең тұң-ғышы еді. Өйткені оның жасаған жаңа жазу жүйесі халық көңілінен шықты. Оның жасаған әліппесін орыс ғалымдары «Байтұрсынұлы әліппесі» деп атаған. Өз кезеңінде проф. Поливанов «...қайта түзетуді қажет етпейтін, тарихи жағынан қарағанымызда өте бай, дамыған әліппе» деп баға беріп кеткен еді.

Ахмет Байтұрсынұлының жаңа әліппесі 1924 жылы Оренбургта болған Қырғыз Қазақ білім адам-дарының құрылтайында ресми түрде қабылданды. Бұл әліппенің өзгешелігін түсінген өзбек, ноғай, татарлар әліппемізге қолдау көрсетіп, өздері де әліппелеріне өзгертулер енгізе бастады.

Көп ұзамай қазақ әліппесін өзгерту мәселе қайтадан қолға алына бастады.

І. Түркология құрылтайы Бакуда 1926 жылдың 26 ақпаннан 6 науырызға дейін болды. Құрылтайда он төрт мәселе қолға алынды. Бұл мәселелердің әр біріне бес алтыдан баяндама жасалды. Осы мәсе-лелерден ең маңыздысы емле, оқулықтарда қолданылатын сөздер, әліппе және ана тілінде оқытудың тәсілдері.

Әліппе мәселесі туралы сөз қозғалғанда құрылтайға қатысушылар екіге бөлінді. Біріншісі, бұрын-нан бері қолданып келе жатқан арап әліппесін қазақшаға ыңғайластырып қайта жасап қолдану. Ал екіншілері, арап жазуын тастап латын әліппесіне көшу. Бұл мәселе жайында көптеген тартыстар, ұрыстар болды. Арап әліппесін қолдағандар Қазақстаннан келген білім адамдары: А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Б.Сүлеев, А.Байсейтов, Татар білім адамдары: Алпарұлы және Шараф.

Арап және латын әліппелерін салыстыра отырып кемшіліктерін, артықшылықтарын дәлелдеп, арап әліппесін тастап латын әліппесіне өтудің қажеті жоқ екендігін айта отырып кең көлемді баянда-ма жасаған Шараф болатын.

Ахмет Байтұрсынұлы неге арап әліппесін жақтағаны жайында мынадай дәлел ретінде мыналарды келтіреді: «Арап әліппесін бұдан он үш жыл бұрын патша өкіметі кезеңінде қолға алғанын, әліппеге сәйкестендіріп емле жасағаны туралы айтады. Қазақ тілінің терминдерін жасағанын, қазақтардың қолданып жатқан әліппесі ең жақсы әліппе екенін айтады. 1905 жылға қарағанда бірнеше оқулықтар, әдеби шығармалар жарияланғандығы, осылайша Түркі халқының оның ішінде Қазақтардың ескі әде-би мирастарын жоғалтып алмаулары үшін арап әліппесі өте пайдалы екендігін айтты.

Арап әліппесін қолдап, ұсынған дәлелдеріне қарамастан, латын әліппесіне өту мәселесі өкімет тарапынан қолдау көрсетуіне байланысты, құрылтайда дауыстың көпшілігі латын әліппесіне өтуге берілді. Үш-төрт жылға созылған бұл пікір таластың соңы 1927 жылы алғашқысы Ташкентте, содан кейін Қызылордада өткен әліппе мәселесіне байланысты конференциялар қолға алынды.

Жаңа әліппеге байланысты өкімет халыққа таныту мақсатында «Әліппе айтысы», «Жаңа әліппе жолында» атты кітаптар басып шығарды. Бірақ бұл кітапта баяндамасын ұсынған, сөз сөйлеген көп-теген білім адамдарын «халық жауы» деген негізсіз жазалаудың салдарынан бұл кітапты көп уақытқа дейін оқи алмадық.

А. Байтұрсынұлының арап әліппесіне байланысты баяндамасындағы ұсынған пікірлері.

Байтұрсынұлының пікірінше, түркі халықтарының тоқсан пайызы ескіден бері арап әліппесін қолданып келе жатыр. Бір әліппені тастап екінші әліппеге өту оңай іс емес. Әліппе ауыстыру көп шығын әкеледі. Егер екі әліппені бірдей қолданатын болсақ оның шығыны да екі есеге артады. Егер латын әліппесінің арап әліппесіне қарағанда пайдасы болса халық бұл әліппені жақтайтын еді, жазу сызу білетін зиялы қауым да қолдайтын еді. Бірақ бұл әліппенің бізге еш пайдасы жоқ, жақсы жақтары да аз. Керісінше арап әліппесімен салыстырғанымызда кемшілігі көп.

Арап әліппесін латын әліппесімен ауыстыру туралы айтыла бастағаннан бастап білім адамдары екі әліппені салыстырып кемшіліктері мен жақсы жақтарын зерттей бастады. Осы зерттеудің нәтижесінде бұрын соңды байқамаған кемшіліктері шықты.

Ең алдымен қолданатын әліппеміз тіліміздегі дыбыстарды дұрыс бере аламыз, әріп саны жете ме? Арап әліппесінен қазақ әліппесіне он төрт әріпті өзгертпей сол қалпында алдық, ал бес әріпті құрал қою арқылы өзгертіп алдық. Ал латын әліппесінен он бес әріпті өзгертпей, қалғанын өзгертіп алып-ты. Осылай жасағанның өзінде де жеті әріп өзгертуге ыңғайлы, ал қалғандарын өзгерту қиынға соққан. Осыған байланысты *ң, і* дыбыстарын өздерінше *п, j* таңбаларымен өзгертіпті. Бұл жағдайға қарап латын әріптеріне қарағанда арап әріптері қазақша дыбыстарды дұрыс бере алады дей аламыз.

Қай әліппенің оқылуы оңай? Латын әріптері негізінен екі түрлі сызықтан құралып жасалған. Олардың біреуі тік сызық, ал екіншісі домалақ. Латын әріптерінің барлығы осы екі түрлі сызықтың әр түрлі бірлесуі арқылы жасалған. Латын әрібімен жазылған сөздерге қарағанымызда, әріптер бір-біріне жақын қаланған кірпіш сияқты көрінеді. Әріптердің үстіне қойылған белгілері де аз.

Арап әріптері болса, бір сызықтың бойымен төмен жоғары сызықтан асырылып жазылады. Сонымен қатар төмен жоғары қойылатын нүктелері мен белгілері бар. Бұл жерде бір біріне ұқсайтын ештеңе жоқ. Арап әріптерінің бірі жоғары, бірі кішкентай, бірі ұзын, бірі қысқа болып сөздің ішінде әдемі болып көрінеді. Оқуға да ыңғайлы.

Қай әліппенің жазылуы оңай? Сөзді оқыған кезімізде әріптерді жеке жеке емес, бір бүтін қылып оқығанымыз сияқты, жазған кезімізде де бір бүтін қылып жазамыз. Осылайша екі әліппені салыстырған кезімізде, тек бір әріптің жазылуына қарап емес, сөздің бір бүтін болып жазылғанына қарап салыстырайық. Латын әріптерімен жазған кезімізде қолымыздың әрекет ету бағыты сағаттың бағытымен бірдей. Осыған байланысты жазу солдан оңға қарай жазылады. Ал арапша жазған кезімізде қолымыздың қозғалу бағыты сағат тілінің бағытымен бірдей. Яғни оңнан солға қарай жазылады. Латын әрібімен жазған кезімізде, қолымыздың қимылы үлкен жерді алады, жазу да ірі жазылады. Ал арап әрібімен жазған кезімізде, қолымыздың қимылы кішкене жерді алады, жазу да майда болып жазылады. Жазудың майда болып жазылғаны, жазуды жеңілдетеді және жылдамдатады.

Қай әліппені үйрету оңай? Қандай тәсілмен болса да, оқытуды үйрету үшін, сөздің баспадағы түрі мен жазудағы түрін үйрете алсаң, оқуды үйреттің дей аламыз. Арап әліппесі латын әліппесіне қарағанда тез үйретілуге бейім. Латын әріптерінің бас әрібі, кішкентай түрлері бар. Сонымен қатар баспада басқаша, қолмен жазғанда басқаша жазылады. Бұл да оқытуды қиындатады.

Байтұрсынұлының пікірлерін қысқаша былай қорытындылайық: 1. Арап әріптерін латын әріптерімен салыстырғанымызда арап әріптері жазу мен оқу жағынан өте оңай. 2. Арап әліппесі оқу мен жазуды үйрену жағынан латын әріптеріне қарағанда жеңіл. 3. Баспасөзде де арап әліппесі оңай қолданылады. 4. Арап әліппесінің жаңа түрін баспахана машиналарында қолданған, латын әріптеріне қарағанда оңай. 5. Арап әліппесіндегі әріптер қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс бере алады. Қазақ емлесі ең оңай, халық үшін де ең ыңғайлы әліппе болып саналады.

Ахметұлы Илиястың арап әліппесін өзгерту жайындағы пікірі.

Баяндамасында арап, латын және орыс әріптерін салыстыра келіп, қазақ тіліне ең ыңғайлы әліппе А. Байтұрсынұлы әліппесі, басқа әліппе керек емес, дейді.

Проф. Поливановтың А. Байтұрсынұлының әліппесі жайындағы пікірі.

Проф. Поливанов қазақ тілінің әліппесін 1924 жылғы соңғы түзетуден кейін, бұл әліппені қайта түзетудің керектігі жоқ, ұлттық әліппенің тарихи дамуындағы ең үлкен жетістікке жеткен әліппе деп баға береді. Қазақ білім адамдары бұл әліппені үлкен мәдениет жеңісі деп қабылдайды деп ойлаймын, дейді.

Шонанұлы Телжанның қазақ тілі жөніндегі пікірі.

Реформа жасаған арап әліппесін жақтаған Байтұрсынұлының пікіріне қарсы шыққандардың бірі Шонанұлы Телжан. Шонанұлы өз баяндамасында арап әліппесі мен латын әліппесін салыстыра отырып, латын әліппесіне көшкенді жөн санайды. Латын әліппесін қайта өзгертудің қажеті жоқ, дайын, техникалық жағынан да бізге ыңғайлы. Арап әліппесінде нүктелер мен үтірлер өте көп. Бұның барлығы артық шығын. Латын әліппесі жазуға да, оқуға да өте ыңғайлы, сонымен

қатар мәдениетке де жақындатады. Мысалы алгебра, физика, химия сияқты ғылымдарда қолданылған таңбалардың барлығы латын әріптерімен жазылған. Біз бұларды арап әріптеріне аудара алмаймыз. Ең дұрысы біздің латын әліппесіне көшкеніміз, дейді.

Байділдаұлы Абдрахманның қазақ тілі жөніндегі пікірі.

Байділдаұлы Абдрахман да арап әліппесіне қарсы шығады. Ол латын әліппесіне көшуіміздің себебін былай түсіндіреді: Қазан төңкерісінен кейін қазақтардың өмірі қатты өзгерді, жақсара бастады. Басқа дамыған елдердің қатарына кіруіміз үшін біз де жаңа әліппеге өтуіміз керек дейді. Арап әліппесінің кемшіліктерін де көрсетеді. Мыс: бір дыбысты беру үшін бірнеше таңба қолданады. Олар, сөздің басы, ортасы, соңы және әріптің өзі. Осылардың барлығы жиналып біздің дыбысымызды дұрыс-тап та бере алмайды. Арап әріптерінің көбісі бірдей, ажырату қиын. Арап әріптерін оқығанымызда оңнан солға қарай оқимыз, жазамыз. Ал сандарды солдан оңға қарай жазамыз. Баспахана жұмыстарында да қиындық туғызады, дейді.

Бартолдтың ескі әліппе мен жаңа әліппеге байланысты пікірі.

Бартолд өзінің баяндамасында, арап әліппесі түрік тілінің дыбыстарын дұрыс таңбалай алмайтын-дығын орыс ғалымдары бұрыннан білген. Олардың пайымдауынша арап әліппесін тек дін ғана сақтап қала алады, одан басқа еш маңызы жоқ, дейді. Латын әліппесіне көшкеніміз дұрыс, себебі, латын әліппесі батыс еуропа мәдениеті әлі де көптеген жылдар әлемдік деңгейде болады. Бүкіл әлем осы әліппені қолданатын болады дейді.

Ашмариннің ескі әліппе мен жаңа әліппеге байланысты пікірі.

Ашмариннің пікірінше де, латынға көшкен дұрыс деп ойлайды. Өйткені әр дыбысты беру үшін жеке таңба керек. Ол таңба жанындағылардан нүкте немесе харекет сияқты белгілермен бөлінбеуі қажет. Жеке өзіндік таңбамен берілуі қажет. Адам адамнан түр келбетіне қарап ажыратамыз. Әріптер де солай болуы қажет.

Жиркуптың әліппе жайындағы пікірі.

Жиркуп, «Шығыс халықтарының әліппесін өзгерту» тақырыбындағы баяндамасында мына пікірлерін алға тартады. Шығыс халықтары қай әліппені қолданулары қажет дегенімізде, үш әліппе алды-мызға шығады. Бұлар латын, орыс және арап әліппесі.

Латын әліппесін қай жағынан алып қарасақ та ең қолайлы әліппе болып саналады. Патша өкіметі өзінің қол астындағы халықтарды күштеп орыс әліппесін қолдандырғылары келді осыған байланысты халықтың көбі орыс әліппесін жек көріп кетті. Латын әліппесін ешкім күштеп қабылдап қызып жатқан жоқ. Халық бұл әліппені жақсы көреді. Латын әліппесінің жақсы жағы әлемдегі көптеген халық осы әліппені қолданады. Латын әліппесін қолданбайтын елдер ғылыми терминдер мен формулаларды латын әліппесінде жазылуымен қолданады. Латын әріптерінің бір біріне ұқсамайтын түрлері көп. Жазылған кезінде әдемі көрінеді. Латын әліппесінің жазылуы анық, бір кемшілігі әріп санының аз болуы деп атап көрсетеді.

Орыс әліппесінің де латын әліппесі сияқты бірнеше жақсы жақтары бар. Жазылуы оңай, әріптері анық, бір бірінен тез айыра аламыз, тез оқылып, тез үйренуге болады. Сонымен қатар әріптерінің бір біріне сәйкес келмейтін түрлері де бар. Мысалы жазған кезімізде Т, Ш әріптерін бір бірінен айыру қиын, ал Ж әрібінің жазылуы қиын. Орыс әліппесінің латын әліппесінен айырмашылығы әріптерінің көп болуы.

Арап әліппесі Ислам дінімен бірге пайда болған әліппе болып табылады. Халық арасында ислам дінімен бірге тараған. Арап әріптері де орыс әріптері сияқты бір бірінен кейін бірі жазылады, жазылуы да оңай. Бірақ бір бірімен байланыспайтын әріптер де бар. Мұндай әріптерді жазған кезімізде қолымызды көтеріп үзіліс жасауға тура келеді. Тез жазудың салдарынан әріптерді бір бірінен айыра алмаймыз, оқылуы да қиын.

Бұл әліппемен жазылған жазуларды дұрыс оқу үшін, сол халықтың тілін, әр сөзде қолданылатын әріптерді жақсы білу қажет. Осы кемшіліктерді жөндеу үшін әріптердің асты, үстінен нүктелер қоя бастады. Бұл нүктелер кезір де қолданылуда. Бірақ қолмен жазған кезімізде бұл нүктелер әріптерден алыс қойылғандықтан оқыған кезімізде бұл нүктенің қай әріптікі екені астыңғы әріптікі ме, үстіңгі әріптікі ме белгісіз.

Арап әліппесінде бір дыбыстың басқы әрібі, ортанғы әрібі, соңғы әрібі бар. Арап әліппесінің жақсы жағы бас әріп жоқ. Арап әліппесімен жазылған жазуларда бүгінге дейін дауысты дыбыстар жоқ. Бұндай жазуды дұрыс оқи алу үшін арап тілін жақсы білу қажет. Балалар мен шетелдіктерге бұл әліппені үйрену қиын болады.

Арап әліппесіндегі белгілер жазуда әсіресе баспада қиындықтар туғызады. Арап әліппесін өзгертіп жатқандар көп, бірақ қанша өзгерткен мен бәрібір қиындықтар көп. Ең дұрысы Еуропа әріптері яғни латын әліппесі.

Осындай үлкен дау дамайдан кейін өкіметтің қолдауымен Қазақтар латын әліппесіне өту шешімін қабылдады. Латын әліппесі 2-4 маусым 1929 жылы Қызылордада өткен құрылтайда

қабылданды. Қазақ тілінің дыбыстарын дұрыс беру үшін латын әліппесіндегі біраз дыбыстарға өзгеріс енгізді. Дауысты және дауыссыз дыбыстар, үндестік ұйымы, кірме сөздердің жазылуы, қатаң дауыссыз дыбыстарының ұяң дауыссыз дыбыстарына өзгеруі мыс: п б, к г, қ ғ, қазақ тілінде сөз басында екі дауыссыз бірінен кейін бірі келмейді, сөйлемнің құрлысы сияқты бірнеше ерекшеліктерді ескере отырып латын әліппесін өз тілімізге сәйкестендіріп жасады.

Қызылордада өткен қазақтардың жаңа әліппесі комитетінің жаңа емлесі атты құрылтайында Шонанұлы Телжан өзінің баяндамасын жасады. Баяндамасы үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде: қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктеріне шолу жасады. Екінші бөлімде: қазақ тілінің граммати-калық ерекшеліктеріне сүйене отырып, емленің негізгі принциптерін атап өтті. Үшінші бөлімде: қазақ тіліндегі кірме сөздердің емлесіне тоқталып өтті.

Г.Тоғжановтың «Қазақтар арасында жаңа әліппе жеңісі мен оның тарихы» атты мақаласы жарық көрді. Тоғжанов мақаласында, латын әліппесіне өткелі қазақтар арасында сауатты адамдардың саны арта бастағанын, латын әрібімен жазылған көптеген оқулықтар мен әдеби кітаптар жарық көргенін баяндай келе жеткен жетістіктерге тоқталып өткен.

Осылайша латын әліппесі қазақтар арасында он бір жылдай қолданылып, 1940 жылы кирил әліп-песіне толығымен өтті.

1. Ержиласун А.Б. “Қазақшаның Латин Алфавесі ile Yazılması Konusunda Düşünceleri”. Жанпейсов. Ұлт-тық Рухтың Ұлы Тіні. – Алматы: Ғылым баспасы. 1999. – 233-234 б.

2. Нұргелді Уәли. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. «А.Байтұрсынұлы және қазақ жазуының Онтотенездік Дамуы» – Алматы, 1999. – 269-270.

3. Қазақ тілі жөнінде ревалюциядан бұрынғы зерттеулер. – Алматы. 1993. – 134-135 б.

4. Сыздықова Р. «Ахмет Байтұрсынұлы» – Алматы, 1990. – 23-24.

5. Байтұрсынұлы А. «Тіл тағлымы» – Алматы. 1992. – 411-413.

6. «Әліппе айтысы» Дайындаған. Мажитаева Ш. – Қарағанды: Қар МҮ. Баспасы, 1990.

7. «Жаңа әліппе жолында» кітабынан, – Қызылорда. 1927.

9. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Мажитова Ш. «Қазақ жазуының тарихы хақында» 1999. – 286-288.

Резюме

В статье рассматриваются дискуссии об алфавите в начале XX-го века. Анализируется мнение ученых о языке.

Summary

In the article considers it discussions about the alphabet in early XXth century. Is analyzed opinion of linguistic researchers.


ҚАЗАҚ ТІЛІН ОРЫС МЕКТЕПТЕРІНДЕ ФОНЕТИКА ҰҒЫМЫНА СҮЙЕНЕ ОТЫРЫП ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Қ.С. Жайлаубаева – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
қазақ тілі теориясы және әдістемесі кафедрасының оқытушысы

Қазақ тілін орыс мектептерінде интеграциялық тәсіл арқылы оқыту үйренушілерге алдымен фоне-тика ұғымы туралы түсінік беруден басталады. Тіл үйретуде үйренушінің сөзді дұрыс естуі, жазуы, дұрыс оқуы және айтуы ең маңызды мәселе. Әдетте тілдегі сөзді екі жағынан қарастыруға болады, бірінші – мағыналық жағы, екінші – дыбыстық жағы. Қолданылып отырған сөз мағынасының анық, дұрыс берілуі ондағы дыбыстардың дұрыс айтылуына, ал сөздің дұрыс дыбысталуы сол сөздің мағынасын дұрыс түсініп айтуға байланысты. Дыбыстардан сөз, сөзден сөз тіркесі, одан сөйлем құрастыру үшін, үйренуші әрбір сөзді дұрыс, анық сөйлеп, сөз мағынасын дұрыс білдіріп қана қоймай, өз ойын сауатты жеткізу үшін қазақ тілінің дыбыстық жүйесін тіл үйренуші жақсы меңгеруі тиіс. Тіл үйренушілерге үйрену барысында тіл дыбыстарының мәні, қызметі жөнінде мәлімет беріліп отырылады. Қазақ тілінің дыбыс жүйесін түсіндіру барысында дыбыстардың пайда болу жолдары мен оларды дыбыстау мүшелері, олардың атқаратын қызметі туралы түсіндіріліп отырылады. Сондай-ақ, тіл айтылайын деген ойды білдіру үшін қолданылатындығы, сөз дыбыстан тұратындығы, сөздегі әр дыбыстың саны мен мәні әртүрлі болса, мағынасы да өзгертіндігі айтылады.

Интеграциялық тәсіл арқылы тіл дыбыстарының мәні және атқаратын қызметі жайлы тіл үйренушілерге өздерінің ана тілі болып табылатын орыс тілін негізге ала отырып жүйелі білім беріледі. Қазақ тілінің дыбыс жүйесін өту барысында дыбыстардың пайда болу жолдары, оларды дыбыстау мүшелері және олардың сөйлеу кезіндегі қызметі меңгеріледі. Көптеген ғалымдар, атап айтсақ: Д.Н. Боголюванский, М.Н. Феофанов, В.А. Истрин т.б ғалымдар тілдің педагогикалық және психоло-гиялық негізін зерттеуге арналған әдебиеттерді қарастыруда көптеген тіл үйренушілердің жазу техни-касын, орфографиялық, орфоэпиялық дағдыларын қалыптастырудың маңызды екендігін көрсетеді. Орыс мектептерінде қазақ тілінен сапалы білім берудің көптеген қырларын әдіскер-ғалымдар қарас-тырып, күннен-күнге дамытып, толықтырып отырады, әлі де жан-жақты зерттелу үстінде.

Қазіргі кезде бірнеше пәнді біріктірген сабақты көру таңданарлық жай емес, сондай-ақ жоғарыда-ғы үлгіде көргеніміздей бір сабақты бір немесе екі, кейде үш пән мұғалімі бірігіп өткізетін сабақтар-ды да көріп жүрміз. Мұндай сабақтардың мақсаты – білім жүйесін меңгеру, белгілі бір мәдени кезең-ге «кіру», сол кезеңмен диалогқа кірісу, оның әлемдік бейнесін қабылдау, түсіну, белгілері мен рәміз-дерін түсіну, үйрену. Қазіргі кездегі мұғалімдердің педагогикалық тәжірибелерінде мынадай интегра-циялық байланыс түрлері пайда болды: бірізділік, параллельдік және аралас. Материалдың белгілі бір түрмен байланысы сабақтың мазмұнын және оның құрылысын анықтайды. Интеграциялық байланыс-тың бірізділік түрін мына схема түрінде көрсетуге болады:



Өнер мен оқу пәндерінің әр түріне қатысты материалдардың бірізділік түрімен байланысқан сабақ-тарда өзіндік блоктар ұйымдастырылған. Олар тақырыптық, көзқарастық немесе эстетикалық «ара-лық сызықтарды» біріктіреді, және олардың өзара байланысын белгілейді.

Қазақ тілі сабағындағы интеграциялық байланыстың екінші бір түрі – қазақ тілі, әдебиет және өнердің басқа да түрлерінің (оқу пәндерінің) параллель байланысы. Олар сабақтың әр кезеңінде қай-талау арқылы оқытылады. Құрылысы жағынан мұндай сабақтар алдыңғыға қарағанда күрделірек бо-лып келеді, себебі, интеграцияның бұл түрі синтездеудің жоғары деңгейін талап етеді. Онда өнер-дің әр түрі бір-бірін толықтыра көркемдік құбылыстар туралы, уақыт пен кезең туралы тұтас көріністерді қабылдауға мүмкіндік тудырады. Балалар өздері алған білімдерін тәжірибе жүзінде қолдана бастай-ды, себебі алған білімдерін қолданбалы өнерде көрсету өте ыңғайлы әрі оңай іске асады. Қазақ тілін меңгерту мен меңгеруден тұратын оқу процесінің негізгі мәселелері А.Байтұрсынов, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев, Т.Шонанұлы, Ш.Сарыбаевтан басталып,

күні бүгінге дейін әдіскер-ғалымдардың наза-рынан тыс қалған емес. Ғалым Т.Шонанұлы өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытудың негізін қалау-шылардың бірі екендігі белгілі. Ғалым еңбектерінде тілді практикалық жолмен меңгертуге басты назар аударып, қазақ тіліндегі дыбыстардың дұрыс айтылуын, дыбысталуынан бастап, біртіндеп дыбыс үндестігі туралы мәлімдеме бере келе, содан соң оқу техникасын меңгертуге арналған жатты-ғулар жұмысын ұсынып отырады. Т.Шонанұлы қазақ тілінде жазуды фонетикалық қағидаға негіздей-ді, яғни «Сөз қалай айтылса, солай жазылады» – деген пікірді ұстанған. Ғалым орфографияны дұрыс меңгерту үшін, қазақ тілінің дыбыс үндестігі мен дыбыс жүйесінің ерекшеліктерімен таныстырудың қажеттілігіне үлкен мән береді. Әдіскер-ғалым Ш.Сарыбаевтың еңбектеріне сүйенсек, ол өз еңбекте-рінде тілді орыс бөлімдерінде оқыту үшін фонетиканы төмендегідей тақырыптарға бөліп үйретуді ұсынады:

- а) дыбыстау мүшелермен таныстыру;
- ә) дыбыстарды оқыту;
- б) дауысты, дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен айыра таныту;
- в) дауысты дыбыстардың жіктелуін оқыту;
- г) дауыссыз дыбыстардың жіктелуін оқыту;
- ғ) осы үлкен тақырыпқа байланысты талдау жүргізу.

Ғалымның бұл пікірлері – бүгінгі күні де орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесі жүйе-сінде өзінің орны бар құнды қазына болып табылады.

Орыс мектептерінде қазақ тілін үйретуде олардың оқу, жазу техникасын қалыптастыру заңдылығының маңызды екенін Д.А. Журкин, А.П. Журавлев, Г.Ковтун т.б. ғалымдар өз еңбектерінде атап көрсетеді. Сондай-ақ, ауызекі сөйлеуді үйрену үшін тіл үйренуші тілдік тұлғалардың бір-бірімен тір-кесу, қолданылу тәртібін түсініп, іс жүзінде қажетіне қарай пайдалана білуге үйрету керектігін айта-ды. Ал жаңа материалды меңгеру анализ, синтез жұмыстарын жүргізу, салыстыру, белгілерін ажыра-ту, ортақ белгілерін табу, біріктіру сияқты жұмыс түрлерін орындау арқылы іске асырылады. Бұл үшін оқушыларға «Не? Қалай? Неге? Қалай ойлайсың? Неге бұлай, басқаша емес?» сияқты сұрақтар-ды қою арқылы оқушылардың сабаққа деген белсенділігін арттыру жұмыстары жүргізіледі.

Осы тұрғыдан алғанда қазақ тілін үйретуде тілдің дыбыстық ерекшеліктерін меңгерудің маңызы зор. Дыбыстарды дұрыс дыбыстау, сөздерді дұрыс айту, орфографиялық және орфоэпиялық норма-ларды меңгерудің жолдарын, әдіс-тәсілдерін нақтылау ғылыми тұрғыда қарастырылуы қажет. Өзге ұлттарға қазақ тілін меңгерту міндетті түрде дыбыстар жүйесінен басталады. Дыбыстардың пайда болу жолдары, дыбыстау мүшелері, дыбыстардың айтылу, естілу жағдайына аса мән беріледі. Өзге ұлттарға ана тіліндегі дыбыстармен салыстыра айтқызып, дыбысталуына ерекше тоқталады. Дыбыс-тардың өзгеріске түскенін байқатып, оның мағынасына көңіл аударылады. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың тіркесуі, дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке болып, сондай-ақ дауыссыз дыбыс-тардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетіні түсіндіріледі.

Әдетте тіл үйренушілер сөзді жаттап алып сөйлейді. Сөйлемді дұрыс құрастырғанымен, ойын дұрыс жеткізе алмайды. Сөйлем құрастыру үшін түбір сөзге белгілі заңдылықтар негізінде қосымша-лар жалғау арқылы ойды дұрыс жеткізе алады. Жоғарыда айтылғандардан келіп, қазақ тілінің дыбыс-тар жүйесін меңгертуде дыбыс үндестігіне ерекше назар аудару қажеттігін көреміз.

Орыс мектептерінде қазақ тілін үйретуде дыбыс үндестігі туралы түсінік беріліп, оның буын үндестігі, дыбыс үндестігі, ілгерінді және кейінгі ықпал болып бөлінетіні туралы мәлімет беріліп қана қоймай, әр түрлі тапсырмалар орындатып, жаттығу жұмыстарын жүргізу, мәтінмен жұмыс түрлері ұйымдастырылады. Сөздегі буындардың не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болатындығы, осы-ған байланысты буын үндестігі дегеніміз, дауысты дыбыстардың үндестігі екенін меңгертіп, жаттық-тыру жұмыстары арқылы бекітіледі. Дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болып келетініне қарай буын үндестігі бойынша сөздегі буындардың жуан, жіңішке буынды болатындығы түсіндіріледі. Буынның жуан не жіңішкелігіне қарай үндесіп не жуан, не жіңішке нұсқаларының жалғануы және де кейбір жағдайда осы заңдылықтың ескерілмей жалғанатындығын тапсырмалар орындату барысында түсіндіріліп, меңгертіледі.

Қазақ тіліндегі дыбыс үндестігі заңына сай сөздердегі соңғы дыбыстарға жалғанатын қосымша-ның алғашқы дыбыстармен үндесіп жалғануына жаттықтырып, дыбыс үндестігінде ілгерінді және кейінді ықпалдың болатындығына ерекше мән берілуі қажет. Дыбыс үндестігіндегі ілгерінді, кейінді ықпалдың тіркескен дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп айтылуындағы және жазылуындағы өзгеше-ліктерге ерекше тоқталып, оны әртүрлі тапсырмалар, жаттығулар орындату, мәтінмен жұмыс жүргізу арқылы, әр түрлі өрнек, кестелер, сызбалар қолдана отырып, дұрыс ұғындырып, түсіндіру керек. Сон-дай-ақ, байырғы қазақ тіліндегі сөздер бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке келеді. Сондай-ақ, аралас буынды кірме сөздердің де кездесетіні белгілі. Мысалы: кітап, мұғалім, жеңімпаз т.б. Бұл кірме сөз-дерге қосымша жалғауды үйретуде соңғы

буынға мән берілетіндігін сөз ету керек. Қазақ тіліндегі дыбыс үндестігі өзге тілдерден мүлде бөлек. Бұл заңдылық тек қазақ тіліне ғана тән. Қазақтың байыр-ғы сөздері ғана дыбыс үндестігіне бағынады.

Үйренушіге қазақ тілін үйрету барысында сөз бен қосымшаның жігінде немесе сөз аралығында дауыссыз дыбыстардың бірін-бірі өзіне ұқсатып әсер етуін дыбыс үндестігі деген ережені ұғындырып түсіндіру арқылы меңгерту керек.

Орыс мектептеріндегі тілді үйренушілер өз ойын дұрыс жеткізе білу үшін тілдегі белгілі заңды-лықтардың қыр-сырын жетік білуі қажет. Бір-бірімен түсінісуге, жауап беруге, өзара ұғынысуға, қарым-қатынас жасай білулеріне грамматикалық заңдылықтар бүкіл тілдік қарым-қатынастың өзегі болып табылады.

Соңғы жылдары қазақ тілін орыс мектептерінде оқытудың практикалық тәжірибесі жинақталып, теориялық еңбектер жариялануда. Бұл еңбектердің – нақты әдістемелік бағыттары тілді үйрететін кез-келген дәрісханаға қолайлылығы, лингводидактикалық жағынан дамыған аса құнды еңбектер. Сондықтан да олар қазақ тілін өзге ұлттарға үйрету және оқыту жұмыстарын жүргізуде тиімді пайдаланылып жүр.

Резюме

Обучение казахскому языку в русских школах интеграционным методом помощью фонетики.

Summary

With the help of phonetic learning the Kazakh language in Russian schools the integration method.

ПРОБЛЕМЫ ВОСПРИЯТИЯ ИНОСТРАННОЙ РЕЧИ

Т.Н. Гасанова – Азербайджанский университет языков

Кейіннен 1841-1843 жылдары Шмидт «неміс-тибет-тибет-орыс» сөздігін құрылымы, құрылысы жағынан көлемді сөздіктерін шығарды. В.П. Васильевтің ең көлемді, «буддистік-терминологиясын» лексикасын атауға болады. Бұл «Махавьютпатти» деген атпен танылды. Өзге тілдің сөзін сол қалпын-да, тұлғасын өзгерте ала отырып,термин қалыптастыру немесе беруші тілдің өзінің түбір тұлғасын сақтай отырып, оған қазақ тіліндегі қосымша жұрнақ жалғау арқылы терминдер қалыптастыру үрдісі қазақ тілінің терминологиясында кеңінен қолданылатын әдіс болып табылады. Кейіннен «қазақша-орысша, орысша-қазақша физика және астраномия», информатика және есептеуіш техника термино-логиялық сөздіктермен кітап қоры көбеюде. Терминдердің отыздан аса сөздігі басылып шықты. Қазіргі кезде кез-келген тілдің, оның ішінде қазақ тілінің де дамуына неміс, француз интернациона-лизмдер құрамындағы латын, грек тілдері үлкен ықпал етті. Осы кезде шетел сөздерінің тілге енуі нәтижесінде,тіл өзінің ұлттық көрінісін жоғалтпайды, керісінше, ол жетіле түседі. Шетел сөздеріне деген мұндай қатынас қазақ тілдегі шет тілдік лексиканы зерттеуге серпіліс береді. Қазақ терминологиясында шетел сөздері ерекше рөл атқарады. Кірме терминдері ұлттық терминологияға, олар, өздері атау болып табылатын ұғымдармен және құбылыстармен бірге, дайын тілдік бірліктер ретінде енеді. Басқа тілдерден сөз ену – әрбір дамыған тілді және ғылыми тілін сипаттайтын табиғи үрдіс. Қазақ терминологиясы қазіргі таңда жан-жақты қарастырылып, қауырт жиналып терілуде.

1. Ким Г.Ф. История отечественного востоноведение до середины XIX века. – М.: Наука главная редакция восточной литературы, 1990 – 435 с.
2. Хасенов А. Тіл білімінің теориялық және практикалық мәселелері Мектеп, 1985.
3. Қайдаров Ә.Т. Ғылым тілі және әдеби тіл статусы терминдер және олардың аудармалары. – Алматы: Ғылым, 1990 – 21 б.
4. Виноградов В. История русских лингвистических учений. – М.: Наука, 1928 – 283 б.

Резюме

В этой статье рассматриваются основание национального языка и его место в терминологии в системе речи значение исследования лингвистики. Также на развитие казахского языка имеет огромное влияние иностран-ные языки.

Summary

This article is considered of terminology in language system research of linguistic also the foreign languages have a great influence to the development of Kazakh language.

К ВОПРОСУ О СТЕРЕОТИПИЗАЦИИ РЕЧЕВОГО ПОВЕДЕНИЯ МУЖЧИН И ЖЕНЩИН

Т.Ж. Токтарова – доцент, к.ф.н., КазНПУ имени Абая

Объектом исследования современной лингвистики становится человеческий фактор в языке. Те или иные вопросы в лингвистике решаются с использованием понятий антропоцентризм, антропоцентрический принцип. Прежде всего, следует отметить о появлении когнитивного подхода в исследованиях лингвистов. Современная гендерология, изучающая проявление гендерного фактора в единицах языка и речи, явилась логическим следствием понимания того факта, что различия между полами, в достаточной мере проявляющие себя в разнообразных аспектах жизни общества, достаточно своеобразно реализуются также в процессе языковой коммуникации. Стоит заметить, что в самом начале в качестве объекта исследования гендерной лингвистики выступали проблемы отражения гендера преимущественно в аспекте анализа живой речи представителей разных полов, то на данном этапе в круг её интересов входят самые различные вопросы, касающиеся связи языка со всеми видами человеческой деятельности.

Все существующие гендерные отношения, на наш взгляд, основываются, прежде всего, на существующих в том или ином обществе гендерных стереотипах, имеющие национально-культурные аспекты. Гендерные стереотипы мужского и женского поведения имеют диаметрально противоположное значение. Все существующие гендерные стереотипы поддерживаются с помощью процесса социализации, будь то воспитание в семье, школе, коллективе, через средства массовой информации и т.д. Основным компонентом гендерных стереотипов являются культура, традиции, обычаи того или иного народа.

Гендерные стереотипы – это, прежде всего, социальные нормы поведения мужчин и женщин, представления, закреплённые в общественном сознании. Гендерные стереотипы имеют место во всех аспектах жизнедеятельности человека: в поведении, привычках, в вербальной и невербальной речи. Прежде всего, мужчины и женщины различны в анатомо-морфологическом и психологическом плане (психофизиологические реакции, когнитивные процессы, мотивации, интересы), что находит естественное выражение в половом разделении труда, социальных ролях, закрепляется и освещается культурой /1/.

Как отмечает Стернин И.А., «Воспитание мужчин в обществе направлено, прежде всего, на выработку определенных мужских качеств: сила, терпимость, умение скрывать свои чувства, быть спокойным, не плакать, умение добиваться своего, активно конкурируя с другими, умение быть знатком внешнего мира. Женщины же в процессе общения требуют от мужчин проявления противоположных качеств: женщина хочет, чтобы мужчина был эмоциональным, показывал свои чувства, чтобы мужчина был не конкурирующим, а сотрудничающим, чтобы он больше был обращен не к работе, а к семье. Все это означает, что в сфере общения интересы женщин и мужчин могут оказаться прямо противоположными, что создаст почву для непонимания, конфликтов» /2/.

Исследование взаимоотношений языка, культуры, сознания в лингвокультурологии повлекло за собой появлением нового направления лингвокультурной концептологии. «Становление лингвоконцептологии как научной дисциплины, изучающей определенные в языке культурные концепты, и межкультурной коммуникации, занимающейся проблемами общения языковых личностей, принадлежащих различным культурным социумам, видимо, не случайно совпадает с общей антропоцентрической переориентацией парадигмы гуманитарного сознания. Предметные области лингвоконцептологии и межкультурной коммуникации частично пересекаются, так как объектом их исследования является этнический менталитет как совокупность групповых поведенческих и когнитивных стереотипов. При этом следует отметить, что первая направлена на выявление лингвоспецифических характеристик этого менталитета через анализ его семантических составляющих – концептов, а вторая занимается анализом путей преодоления лингвокультурной специфики и возможного ее непонимания в процессе межъязыкового общения» /3/.

А.В. Кирилина рассматривает гендерные стереотипы как "частный случай стереотипа, относящийся к знаниям о лицах разного пола, приписывании им определенных признаков. Гендерные стереотипы фиксируют в языке представления о мужественности и женственности и связанных с ними моделях поведения индивидов" /4/.

По мнению Дж.Виткин, стереотипы в упрощенной форме приписывают, в частности лицам какие-либо свойства или, наоборот, отсутствие свойств. Именно в связи с женским общением отмечают высокую степень стереотипизации. «Наиболее часто используемые стереотипы в отношении женщин в основном негативного свойства» /5/.

Традиционно «женщинам приписывается и сейчас, а тем более в предшествующий период, прежде всего многословность, эмоциональность, склонность к преувеличению. Женщины чаще прибегают к эвфемистическим высказываниям, склонны к уклончивым ответам. Женской речи приписывается отсутствие логики» /6/.

Как известно, "Вопрос о женской логике и ее отличии от «правильной» мужской далеко не нов. Следует отметить, что для большинства авторов, которые затронули эту тему, отправные постулаты были на редкость схожи. Отождествляемая с "матерью-природой", с пассивным началом, женщина просто не имеет права на интеллект, права на активное познание истины" /7/. Однако, заметим, что психологи доказали: женщины превосходно выдерживают тесты на рациональность мышления и что нет никаких данных, которые бы поддерживали мысль о недостатке логического мышления у женщин по сравнению с мужчинами. Исследователи подчеркивают, что "роль стереотипов в общественном сознании сильна, они с трудом поддаются корректировке. Но очевидно, что в реальных условиях релевантными для восприятия мужской и женской речи могут оказаться как наши стереотипные ожидания, так и фактические различия" /8/.

Суммируя вышесказанное, можно сделать вывод о том, что исследование культурных концептов «Мужчина», «Женщина», «мужественность» и «женственность» является одним из наиболее перспективных направлений гендерной лингвистики. Основной целью исследований такого характера является определение представленных универсальных и культурно специфичных черт маскулинности и фемининности в разных языках и культурах. Немаловажную роль играют сопоставительные исследования, посвященные культурным концептам «Мужчина», «Женщина», «мужественность» и «женственность».

Несомненно, гендер, являясь одним из важных параметров самоидентификации личности, оказывает воздействие на процессы восприятия и переработки полученной информации в языковом сознании индивидов, что, конечно, имеет влияние на вербальное и невербальное поведение представителей разных языков и культур. Трудно не согласиться что, гендер, являясь сложным и многоаспектным направлением, занимает в Казахстане определенную нишу. Интерес представляют работы, посвященные этническому аспекту гендера, исследования гендерной лингвистики с точки зрения философии, психологии, социолингвистики, культурологии, этнографии, этикета и т.д., а также сопоставительные исследования.

Признание важности и уникальности человека повлекло за собой смену приоритетов в науке от исследований массовых масштабных явлений к отдельным проявлениям и особым вариантам, связанных с широким внедрением антропологического принципа. Таким образом, прослеживается тенденция исследования разнообразия конкретных проявлений человека: культурных, расовых, гендерных.

1. Сафонова М.В. Гендерные стереотипы и их влияние на поведение человека. // Практикум по гендерной психологии. Под редакцией Клециной И.С. – СПб.: Питер, 2003.

2. Стернин И.А., Быкова Г.В. Концепты и лакуны // Языковое сознание: формирование и функционирование. – М., 2000. – С. 55–67.

3. Семенова Д.В. Гендерный аспект концептуального анализа лексем "мужчина" и "женщина" (На материале фразеологии английского, русского и кабардинского языков): Дис. ... канд. филол. наук: 10.02.19 Нальчик, 2006 – 181 с. РГБ ОД, 61:06-10/781.

4. Кирилина А.В. Гендер: лингвистические аспекты. – М.: Институт социологии РАН, 1999. – 180 с.

5. Виткин Дж. Мужчина и стресс. – СПб., 1996.

6. Санников В.З. Русский язык в зеркале языковой игры. 2-е изд., исправленное и дополненное. – М.: Языки славянской культуры, 2002. – 547 с.

7. Скоков К. «Женское мышление в «мужской культуре». Женщина. Гендер. Культура. – М.: МГЦИ, 1999, – 355-365 с.

8. Табурова С.К. Эмоциональный уровень мужской и женской языковой личности и средства ее выражения (на материале пленарных дебатов Бундестага). Дис ... канд. филол. наук. – М., 1999. – 178 с.

Түйін

Зерттеудің объекті еркек, әйел, ер-азаматтық, әйелдік концепттер болып табылады. Гендер

лингвистикасы-ның және концептологияның қалыптасуының мәселелері қарастырылады.

Summary

The object of this paper is stereotyping of the speech behavior of men and women. The author analyzes the impact of stereotypes on the communicative behavior of men and women.

«ӘЙЕЛ» КОНЦЕПТІСІНЕ ҚАТЫСТЫ ПАРЕМИОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК МАЗМҰНЫ

В.Х. Кулмаганбетова – Алматы үздіксіз білім беру университетінің магистр-оқытушысы

«Ұлт тілі этностың шынайы этникалық болмысының айнасы болғандықтан тілдегі кез келген атау мағынасы арқылы берілетін ақпараттарда ұлттың өзіндік таным-түсінігі жатады» [1, 8 б.]. Бұл ретте тіліміздегі «мақал-мәтелдер халық даналығының ұйытқысы ретінде тіл қорының ең байырғы, әрі құнарлы тобын құрайды. Сондықтан да болар, халықтың барша өмір-тіршілігіне қатысты құбылыс-тарды түгел өз бойына жинап, қалыптастырған, саралап, санамызға сіңірген сан алуан мақал-мәтел-дерден көп қолданылатын, саналы жанның жадында қолдануға дайын тұратын елгезек тіл элементі жоқтың қасы» [2, 106 б.].

Өткен өмірдің тәжірибесі мен өнегесін сөзбен өріп, жадында сақтау қасиеті болмаса, ешбір халық-та дәстүр жалғастығы мен мұрагерлік те болмаған болар еді. Осылайша халықтың жадында сақталып, бізге жеткен қазына байлығымызды толық меңгеріп, дұрыс қолдануға үйрету мақал-мәтелтаным ғылымының да бір міндеті. Ата-бабаларымыздың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазуы мен т.б. ескерткіштер этнос өмірінің мыңда бір елесі ғана. Шын мәнісіндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде, оның мақал-мәтелдерінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа т.б. байла-нысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты тек тіл фактілері ретінде, соның күрделі құнарлы бір сала-сы – мақал-мәтелдер арқылы ғана бізге жеткен. Әсіресе, рухани шығармасы ауызша шығып, ауызша тараған халықтарда осыншама мол дүниені жадында сақтайтын басқа тәсіл жоқ [3, 86 б.].

Адамның не белгілі бір ұлттың түсінігіндегі ақиқат дүниені қабылдау тілдік бірліктер арқылы жүзеге асады. Бұлар салт-дәстүр, ұлттық таным, ұлттық мәдениеттің тілдік көрінісі әдеби шығарма-ларда метафорлар, фразеологиялық бірліктер, мақал-мәтелдер арқылы жиі беріледі. Әр халықтың ұлттық мәдени ерекшеліктері оның ғасырлар бойы жасалған тілінен көрінеді. Кейде сол ұлттың тілін-де ұлттың елде бір қасиеттерін өзгелерден оқшау етіп бағалайтын, анықтайтын тіркестер қалыптаса-ды [4, 193]. Бұл жөнінде зерттеуші Г.Смағұлова: «...Тіл сол шығарманың қаны және соғып тұрған жүрек жаны десек, солардың ішінде фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, сентенция-лық қолданыстар және ауыспалы мағынадағы метафоралық тіркестер шығарма шырайына ерекше өң беретін көркемдік тәсілдер қатарынан орын алады» [5, 169], – деп бағалайды. Осындай көркемдік тәсілдердің бірі – мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдерде халқымыздың әйелге байланысты ұғым-түсінік-тері, қалыптасқан көзқарасы берілген. Сондықтан да «әйел» концептісінің танымдық сипатын ашуда қолданылған Б.Нұржекеұлы шығармаларындағы мақал-мәтелдер әйелге деген қазақы көзқарастар мен бағалар жиынтығы деуге болады. Б.Нұржекеұлы шығармаларындағы паремиологияларда «әйел» концептісі «әке»-«шеше», «ана»-«ата», «қыз»-«жігіт», «қалыңдық»-«күйеу жігіт», «келін»-«күйеу», «келіншек» – «ер азамат», «қатын»-«бай» т.б. әлеуметтік-статустық рөлдердің өзара байланысын бей-нелейтін әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнда көрініс береді.

Мәселен: **«Қатын алсаң отын ал, бір құшағын артық ал»**, – дейді қазақ. Үйді асырау еркектің міндеті дегенді аңғартады ол сөз. Ал ғашықтар үйленген соң, үйдің ішкі жарасымдылығы әйелге байланысты. Меніңше, махаббатпен орнаған семьяны құлатпай сақтау – ең алдымен әйелдің мінде-ті. Үй болған әйелге ең алдымен үйдің қамын ойлау қажет. Еркектерде кездесетін еренсіздік, атүс-тілік – әйелге кешірімсіз, үй ұстаған әйел ол үйді адалдығымен ғана ұстай алады. **«Еркек күнәсын далаға тастап кетеді, әйел күнәсын үйге алып кетеді»**, – дейді екен орыс халқы. Әйелден адалдық кеткен соң, адалдық үйден де кетеді. Әйел семьяның ұйытқысы болмаған жерде семья ұзақ өмір сүрмейді. Еркектен әйелдің бір артықшылығы сонда, өткінші бір қателікке бола үйдің іргесін құла-тып алмаудан ең алдымен әйел сақтану керек [Б.Нұржекеұлы Шығармалар жинағы: Көп томдық, 4-том. «Ерлі зайыптылар» роман, 196-197-б.].

...Блыққан ұрғашы ышқырынан арғыны ойламайды, жығыла кететін жер тапса, жетіскені. [Б.Нұржекеұлы Шығармалар жинағы: Көп томдық, I-том. «Күтумен кешкен ғұмыр»

роман, 55-б].

«**Бақпасаң мал кетеді; қарамасаң, қатын кетеді**», деп бұрынғылар бекер айтпаған. [Б.Нұржекеұлы Шығармалар жинағы: Көп томдық. I-том. «Күтумен кешкен ғұмыр» роман, 78-б.].

Сенікі әншейін «**көңіл шаппаған әйелге көп сылтау**» болып тұр ғой. [Б.Нұржекеұлы Шығармалар жинағы: Көп томдық. I-том. «Күтумен кешкен ғұмыр» роман, 94 б.].

Солқ-солқ өксіп жатқан қызға қарап суық езу тартты. – Көп жылаған әйел күнәден тазарады, ештеңе етпейді. [Б.Нұржекеұлы Шығармалар жинағы: Көп томдық. I-том. «Күтумен кешкен ғұмыр» роман, 111 б.].

– «**Қатын деген киізге ұқсас кіршең келеді, ауық-ауық қағып алмаса, шаң басып кетеді**», – деп жатушы еді қариалар. [Б.Нұржекеұлы Шығармалар жинағы: Көп томдық. I-том. «Күнәлі махабат (Әйелдің сыры)» повес, 205 б.] – деген мысалдарда әйел адамның қоғамдағы отбасылық рөлінен ер адамның қоғамдық-әлеуметтік статусын жоғары қойылып, әйел затын жаратылысынан ер адамнан төмен тұратын екіншілік орындағы тұлға ретінде бағалайтын қазақы түсінік аңғарылады және сол баға-ға сәйкес этнос санасында қалыптасқан стереотиптік образдар әйел затына қатысты қолданылатын көп-теген мақал-мәтелдер бойына жағымсыз коннотация дарытады. Дегенмен қазақтың ментальді әлемінде «әйел – тіршілік жанартушысы, өмірге адам әкелуші, жылылық пен мейірімділіктің, тәрбиенің, береке-нің бастауы» [6, 93 б.] деп түсіндірілетін «әйелдіктің» басты конститутивті белгілері (сұлу қыз, асыл ана, мейірімді шеше, жақсы жар) «ата»-«ана», «әке»-«шеше», «ер-азамат»-«жар», макрофрейдтік тар-мақтарды түзетін паремиялардың «әйелдік» сыңарына жағымды мән дарытады. Мысалы, жазушының: – Көзге айтқаннан көңілің қалмасын, Жақып. Кінә сенде. Қызғанғаның қымбат санағаныңнан шығар, әйткенмен айыпты екенің айыпты. Қолыңа Зеренді қондырып, сен, қайта, жұлдызың жанған жігіт-сің. **Білген жігітке сұлу әйел – бақ, білмегенге – белшеден батпақ: былғанады да жатады.** Зеренді көріп, сұқтанған екен бір тентек ода тұрған не тұр. Көрген еркектің қайсысы қызықпайтын әйел? Оған бола қара орманның құтын қашырма. Сыйла Зеренді, көңіліне қайау салма! Сен де, Зерен, бұрын-ғындай жүр! Бәрін ұмыт! **Әйелі күліп тұрса, әлем күліп тұрғандай көрінеді еркекке.** Оның қателігін өз қателігіндей көр. Кәне, берші қолыңды, ұмыттым деші бәрін! [Б.Нұржекеұлы Шығармалар жинағы: Көп томдық. I-том. «Күнәлі махабат (Әйелдің сыры)» повес, 205 б.]

«Балама әйелді өзім таңдаймын, – деген екен Төле жарықтық. – Өйткені **ердің бақыты – әйел. Әйелі жақсы болмай, ер оңбайды. Ердің бақытын кетіретін де әйел, ерге бақыт әперетін де әйел.** Сондықтан асықпай, келінді ел арасынан өзім іздеймін», – депті [Б.Нұржекеұлы Шығармалар жинағы: Көп томдық. 4-том. «Ерлі зайыптылар» роман, 69-б].

– Әй, сен қыздың да әке-шешен: «Қызым қаладан білімді боп келеді, тәрбие алып келеді», – деп мәз жүр-ау. Сенің бүйтіп жігіт құшақтағанға қарық боп жүргенінді қайдан білсін. «**Әйел жолы – жіңішке**» деді. Ей, естіп тұрмысың, ей? **Қыз жолы – қылдырықтай.** Қыз деген атыңды өзің сыйла-масаң, – андағы қасындағы қайдан сыйлайды? Сыйлар, атаңның басы [Б.Нұржекеұлы Шығармалар жинағы: Көп томдық. 4-том. «Ерлі зайыптылар» роман, 104 б.].

Мәселен, қандай жағдайда да қазақ әйелі күйеуіне қол жұмсамауға тиіс. «**Ерін сыйлаған есікте қалмайды**», – дейді. Меніңше өте жақсы әдет [Б.Нұржекеұлы Шығармалар жинағы: Көп томдық. 4-том. «Ерлі зайыптылар» роман, 189 б.].

Еркектің ісіне еркек те араласпайтын жер бар, қай кезде қайсысы қажет екенін ақыл ғана өлшейді. Тек: «**Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа**», – дейтін ескі кемсітуге әйел баласы өз қарсылығын ақылмен жасап, олай емесін ақылмен дәлелдеуге тиіс [Б.Нұржекеұлы Шығармалар жинағы: Көп томдық. 4-том. «Ерлі зайыптылар» роман, 190 б.].

Б.Нұржекеұлы шығармаларында мақал-мәтелдер ұтымды қолданыс тапқан «әйел» концептісінің көрінісін тізіп айтар болсақ: «Қатын алсаң отын ал, бір құшағын артық ал», «Еркек күнәсын далаға тастап кетеді, әйел күнәсын үйге алып кетеді», «Бақпасаң мал кетеді; қарамасаң, қатын кетеді», «Қатын деген киізге ұқсас кіршең келеді, ауық-ауық қағып алмаса, шаң басып кетеді», «Білген жігітке сұлу әйел – бақ, білмегенге – белшеден батпақ: былғанады да жатады», «Ердің бақыты – әйел», «Әйелі жақсы болмай, ер оңбайды», «Ердің бақытын кетіретін де әйел, ерге бақыт әперетін де әйел» т.б. мақал-мәтелдер аңғартады. Автор әйелдің мінез-күлқын, сыртқы түр-тұлғасын, таным-түсінігін танытуда мақал-мәтелдерді орынды қолдана білген. Әйелдің ақылдылығын, тапқырлығын көрсетуде қазақтың не бір керемет даналық сөздері қолданылған.

Жазушы шығармаларында көрініс тапқан мақал-мәтелдерді «ақыл» концептісі бойынша жүйелеу-ге болады. Мәселен, жазушы туындыларындағы «**Бір қатынның қырсығы қырық нарға жүк**», «**Ердің жақсысы елімен ойласады, әйелдің жақсысы ерімен ойласады**», «**Жаманның қасында жатқанша, жақсының аяғында жат**», «**қатыны қазанның басында, байы қонақтардың қасын-да**» деген мақал-мәтелдер әйел ақылдылығын нақтылай түседі. Шығармада бұл мақал-мәтелдер бірде автор баяндауында, бірде шығарма кейіпкерлерінің әйел

адамды бағалауынан, бірде кейіпкердің өз аузынан шыққан сөздері арқылы беріледі:

Біз не көрсетуші ек, біздікі әншейін **«көппен көрген – ұлы той»** деп ақырын күту. [Б.Нұржекеұлы Шығармалар жинағы: Көп томдық. I-том. «Күтумен кешкен ғұмыр» роман, 94 б.]

Жаңылдан: «Нұржан өзі қандай жігіт?» – деп сұрадым.

– Жаман десем, жігітке жала; жақсы дейін десем, жұмбақ-жұмбақ істері бар, ішіне ит өліп жатпасына көзің жете ме? Қалай дегенмен, ол бойдақ, сен әйел, оныкі әншейін әуестік шығар. **Бой-дақ жігіт – бұйдасыз бұқа** ғой, – деп тұжырып айтпай, тайсақтап сөйледі [Б.Нұржекеұлы Шығар-малар жинағы: Көп томдық. I-том. «Күнәлі махабат (Әйелдің сыры)» повес, 206 б.]

– Ондайлар бірен-саран ғой, апа, – деп, Жұмабек қаланың прапесірін ақтағандай болды.

– Бар бәле сол бірен – сараннан белең алады, балам. Күндердің күнінде сол бірен-сарандарың қай-мақ боп қалқып бетке шыға келеді. **«Ескермеген ауру жаман»** дегенді бұрынғылар бекер айтпаған [Б.Нұржекеұлы Шығармалар жинағы: Көп томдық. I-том. «Күтумен кешкен ғұмыр» роман, 171 б.]

Женешем он бір баланың анасы, ең кенжесі біздің Салтанатпен жасты... Апам жеңешемді келген күннен-ақ жақсы көрді, төрт немересін көріп барып қайтыс болды ғой: **«Етегі берекелі келін – елдің еркесі!»**, – риза болып отыратын [Б.Нұржекеұлы Шығармалар жинағы: Көп томдық. 4-том. «Ерлі зайыптылар» роман, 32 б.]

Өйткені біз: **«Ұл баладан аулақ жүрген қыз ақылды, ұл баланың бетін қайтарып тастаған қыз әдепті»**, – дейтін Бағира апайлардың тәрбиесінде өстік [Б.Нұржекеұлы Шығармалар жинағы: Көп томдық. 4-том. «Ерлі зайыптылар» роман, 43 б.]

- Халық бекер айтпайды: **«Қызға қырық үйден тыю, қала берді қара күннен тыю»**, – деген... Әйелді қорлайтын да еркек бар, қорғайтын да еркек бар...

– Е, кім жерін кем көрген, ода не тұр? Еркек ел қорғайды, бұрынғыдан қалған сөз бар: **«Еркек тоқты – құрбандық»**, – дейді Б.Нұржекеұлы Шығармалар жинағы: Көп томдық. 4-том. «Ерлі зайып-тылар» роман, 69 б.]

– **«Жылқы кісінескенше, кісі сөйлескенше»** деген, сөз бастаудың амалы да, – деп, апам өзі көр-меген жігіттерді жақтап сөйлейді. – Қабағын шытып бетіне түксііп қараған соң, жігіт те сасатын шығар. Адам деп сөз айтқанға адамша жауап беру керек. [Б.Нұржекеұлы Шығармалар жинағы: Көп томдық. 4-том. «Ерлі зайыптылар» роман, 44 б.]

Бұл мәнмәтіндердегі орынды қолданылған мақал мәтелдер нағыз қазақи ұшқыр ойлы, «от тілді, орақ ауызды» қазақ әйелдерінің бар екендігін көрсетеді.

Жоғарыдағы мәнмәтіндерде келтірілген мақал-мәтелдерден бөлек қазақ танымындағы «әйел» ұғы-мына қатысты мақал-мәтелдер де көптеп кездеседі. Бұл жерде айтпағымыз – қазақ қоғамындағы әйел-дердің орны.

«Ел құлағы елу», ертең қайда екенін естиді, оның да артында іздеп келетін елі бар. **«Боларым болды, бойауым сінді»**, – дейтін болсын таң атқанша [Б.Нұржекеұлы Шығармалар жинағы: Көп томдық. I-том. «Күтумен кешкен ғұмыр» роман, 111 б.]

«Ердің жақсысы елімен ойласады, әйелдің жақсысы ерімен ойласады», – дейді ғой халқымыз, мен сол еріммен ойласуды ақыл санаймын [Б.Нұржекеұлы Шығармалар жинағы: Көп томдық. 4-том. «Ерлі зайыптылар» роман, 116 б.]

Өр халықтың өзіне тән әдет-ғұрпы, дәстүрі бар, қызым. Қазақтың ежелгі әдеті бойынша, **ер – түздікі, әйел – үйдікі**. Мен өз басым оған келісем. Ескінің бәрін естен шығарып тастау – әділетсіздік [Б.Нұржекеұлы Шығармалар жинағы: Көп томдық. 4-том. «Ерлі зайыптылар» роман, 201 б.]

«Бір қатынның қырсығы қырық нарға жүк» деген, қарап жүрмей, қырсығым сізге тиіп кетпе-сін, – деп сақтық білдірді [Б.Нұржекеұлы Шығармалар жинағы: Көп томдық. 4-том. «Ерлі зайыпты-лар» роман, 285 б.]

Қазақтың өз мәдениеті бар: **«қатыны қазанның басында, байы қонақтардың қасында»** болады. Бар, маған көмегіңнің қажеті жоқ! [Б.Нұржекеұлы Шығармалар жинағы: Көп томдық. 4-том. «Ерлі зайыптылар» роман, 307 б.]

Жалпы қазақ қоғамындағы «әке»-«шеше», «ана»-«ата», «қыз»-«жігіт», «келін»-«күйеу», «келіншек»-«ер азамат», «қатын»-«бай» т.б. әлеуметтік-статустық рөлдердің өзара байланысын бейнелейтін мұндай мақал-мәтелдер – сол орта, сол қоғам жемісі. Бұл мәнмәтіндерден қазақ қоғамының, онда өмір сүруші қазақ әйелінің ақиқат дүниені қабылдаудағы таным-түсінігін көреміз.

Жоғарыда біз тек «әке»-«шеше», «ана»-«ата», «қыз»-«жігіт», «келін»-«күйеу», «келіншек»-«ер аза-мат», «қатын»-«бай» әлеуметтік рөлдерге қатысты мақал-мәтелдерді қарастырдық. Бұлардан бөлек шығармада **«Қыз мұраты – кету», «Қыздың көркі киімде»**,

«Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық», «Ұрының сөзі шым-шытырық, қарының сөзі тым-тырақай» т.б. мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. Бұл мақал-мәтелдерді оқи отырып кейбірінің

құрылымының өзге-ріске түскенін байқамыз. «Бұлайша құрылымын шығармада түрлендіріп қолдану заңды құбылыс, бұдан мақал-мәтелдің беретін мағынасына нұқсан келмейді. Мұны стилистикада нормадан уәжді ауытқу деп атайды» [7, 34 б.]. Бұл туралы Ә.Қайдар мақал-мәтелдердің қолданысын: узульды (тұрақты) қолданыс және окказиональды (өзгермелі) қолданыс деп бөледі де «окказиональды қолданысқа перемиологияда мақал-мәтелдердің әдеби тілде қалыптасқан дәстүрлі нормасынан әр түрлі себептерге байланысты ауытқып қолдануын жатқызады. Бұл қолданыстың узульды қолданыстан бір ерекшелігі ауытқу шеңбері тұлға жағынан өте кең, әрі сан алуан бола тұрса да, мақал-мәтелдердің мағына-мазмұнына бәлкендей нұқсан келтірмейді. Окказиональды қолданысты перемиологияда «авторлық қолданыс» деп атаудың бір себебі – ол автор еркімен байланысты», – деп атап көрсетеді [2, 112 б.].

Бұл тарауды қорытындылай келе зерттеуші С.Ғ.Қанапинаның сөзімен айтқанда, «мақал-мәтелдердің семантикасына жасалынатын талдау дүниенің тілдік бейнесіндегі ұлттық сипатты ашуға мүмкіндік береді. Әрине, мақал-мәтелдегі дүние бейнесінде адамды бағалау мен сипаттау құбылыстары образды-экспрессивтік және субъективтік бағалау формалары арқылы іске асырылатыны белгілі. Сондықтан да дүниенің тілдік бейнесін сомдауда мақал-мәтелдің атқаратын рөлі ерекше» [8, 24 б.]. Демек, «әйел» концептісі әйелдерге қатысты әр кезеңде қалыптасқан ұғым-түсініктер, тіліміздегі мақал-мәтелдер арқылы да танылады.

1. Қасенов Е.С. І. Жансүгіров поэзиясындағы фитонимдердің ақпараттылығы // Хабаршы. Абай атындағы ҚазҰПУ. Филология сериясы. – 2011. – №4 (38). – 8-10 б.
2. Қайдар Ә. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: «Толғанай Т», 2004.
3. Бекішева Р.Е. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі концептілердің танымдық қызметі // Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының жаршысы. 2008. – №2.
4. Смайылов А. Тұрақты тіркестердегі әйел лексемасының концептілік өрісі // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, 2007. – №4.
5. Смағұлова Г. Мәтін кеңістігіндегі ұлттық концептілердің өрісі // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, №6 (78). 2004.
6. Смайлов А. Әйел лексемасының ұлттық көрінісі. // Қаз ҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №8 (80). – Алматы, 2004. – Б. 93.
7. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы, 1971.

Резюме

В данной статье рассматриваются познавательное проявление концепта «әйел» в произведениях Б.Нуржекеева.

Summary

In this article the cognition of manifestation aspect «әйел»\«women» was considered in B.Nurzhekeeva.

ГРАММАТИЧЕСКИЙ И СЕМАНТИКО-СТИЛИСТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ГЛАГОЛЬНЫХ (ПРЕДИКАТИВНЫХ) ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИХ ЕДИНИЦ В ЯЗЫКЕ НАСИМИ

Т.М. Аскерова – докторант Института языкознания Национальной Академии Наук Азербайджана

Большинство глагольно-фразеологических единиц использованных в языке Насими по своей структуре соответствуют сложным глаголам.

Следует отметить, что в азербайджанском языкознании, к числу устойчивых словосочетаний включаются ряд сложных слов. Некоторые ученые, отмечая идиоматический характер сложных слов метафорического типа, глагольные словосочетания считают устойчивыми словосочетаниями (1, 116). Последние научные исследования подтверждают эту мысль. В связи с этим Г.С. Кязымов пишет: «Глаголы – древние части речи, употребляя их в прямом смысле, большинство их, соединившись с другими (именами) приобретают переносный смысл (иносказательное значение) и образуют фразеологические единицы». Подобны глаголы фразеологических единиц, можно считать сложными глаголами (2, 218-219). В языке Насими много глагольных фразеологических единиц, которые соответствуют сложным глагольным единицам по структуре, образовавшихся в результате соединения имен с глаголами. Подобного типа глагольные фразеологические единицы, как сложные глаголы, соединившись по своему значению и грамматически, имеют единый смысл и формируются как глагольные фразеологические единицы богатого значения с семантической точки зрения (3-175). В статье анализируются глагольные фразеологические единицы, которые в языке Насими состоят из имен существительных в различных падежах:

1.1. Глагольные фразеологические единицы, именную часть которых составляют существительные в именительном падеже, и их семантико-стилистические особенности: *ad euləmək* (прославиться), *baş ɟıxarmaq* (покрыться болячками), *qanad tōkmək* (бояться), *mərcan sarmaq* (плакать), *mərifət satmaq* (проявить воспитанность), *can vermək* (умирать), *qanad tōkmək* (бояться), *güzar etmək* (идти, приход-ить), *könüllər yağlamaq* (успокаивать душу), *könül vermək* (влюбиться), *ətək silkinmək* (отвязаться), *baş olmaq* (получить ранение), *aşiq olmaq* (влюбиться), *dürdanə axıtmaq* (проливать слезы), *yaş axıtmaq* (плакать), *dal olmaq* (согнуться), *reuman tutmaq* (держат слово), *ağular içmək* (страдать от люб-ви), *qüssələr euləmək* (горевать), *xəndan etmək* (обрадовать), *giryən euləmək* (заставить всплакнуть), *baş götürmək* (уйти безвозвратно), *kül qılmaq* (убивать), *daş olmaq* (умереть, в переносном смысле), *məhrəm olmaq* (сблизиться), *uğma euləmək* (разрушить) и т.п.

1.2. Глагольные фразеологические единицы, именную часть которых составляют существительные в дательном падеже, и их семантико-стилистические особенности: *alə düşmək* (попасть в беду), *zəvalə düşmək* (пострадать), *sualə düşmək* (вызывать сомнения), *xəyalə düşmək* (влюбиться), *hələ düşmək* (попасть в трудное положение), *göylərə ɟıxmaq* (усилиться, умножиться до небес), *ələ girməz* (недос-тупный), *başına qaxmaq* (упрекать), *murada irmək* (достичь желаемого), *zəfəgana döndərmək* (пожел-теть), *çörə saumatmaq* (ни в грош не ставить), *ojağa atmaq* (сжечь), *riçariçə düşmək* (перешепты-ваться), *saçına dolaşmaq* (любить-ся), *heçə saumatmaq* (ни во что не ставить), *ayağına düşmək* (умо-лять), *iqraginə durmaq* (терпеть), *şərhinə gəlməz* (неописуемый), *heçə dəyməz* (не стоящий), *başına gilləmək* (вносить), *ortaya qoymaq* (не пожалеть ничего), *qovğaaya salmaq* (обречь на гонения), *qeyli-qala salmaq* (обречь на споры), *dağa salmaq* (обречь на трудности), *taxtə ɟıxmaq* (взойти на трон, в поэти-ческом смысле), *suçə gəlmək* (прийти в экстаз), *xurişə gəlmək* (прийти в экстаз), *aləmə ɟaxmaq* (рас-трзвонить на весь свет), *daşra buraxmaq* (осрамить), *səzayə düşmək* (быть наказанным), *bazara düşmək* (оскандальиться) и т.п.

1.3. Глагольные фразеологические единицы, именную часть которых составляют существительные в винительном падеже, и их семантико-стилистические особенности: *sahənə tutmaq* (распростра-ниться), *ətəgin itirmək* (конца-краю не видать), *ipini taxmaq* (захомутать), *dürdanəni axıtmaq* (пла-кать), *qədrini bilmək* (знать цену), *yüzün döndərmək* (обидеться), *könlünü yandırmaq* (зажечь сердце), *(sözün) dadın vermək* (дать вкус слову), *yömrə şəhrini yıxmaq* (разрушить жизнь), *əhdini sındırmaq* (нарушить обещание), *çiçəgi açılmaq* (радовать-ся), *içi yanmaq* (страдать), *qanı qaupmaq* (закипела кровь), *qanın tökmək* (пролить кровь), *ayağın basmaq* (навредить), *nəfsini öldürmək* (убить желание), *nəfsini qurtarmaq* (сберечь желание), *nəfsi oda atmaq* (отказать от своих желаний), *əqlini itirmək* (потерять голову) и т.д.

1.4. Глагольные фразеологические единицы, именную часть которых составляют существительные в предложном падеже, и их семантико-стилистические особенности: *içindən tütünü ɟıxmaq* (гореть с дымом), *qamudan keçmək* (отказаться от всего), *əlindən qarmaq* (оторвать с рук.), *hicrindən usanmaq* (устать от тоски), *aradan ɟıxmaq* (уйти тайком), *özündən bixəbər olmaq* (не соотносить), *gözündən iraq olmaq* (с глаз долой), *dünyadan getmək* (умереть), *suçundan keçmək*

(простить) и т.д.

1.5. Многокомпонентные глагольные фразеологические единицы и их семантико-стилистические особенности.

В языке Насими глагольные фразеологические единицы привлекают внимание по своему построению. Итак, поэт в целях усиления своих поэтических средств, для внесения ясности в глагольные фразеологические единицы включают разъясняющие слова, что, в конечном счете, становится разъясняющим членом глагольной фраземы: *canını tərک etməк* – умереть, *içindən tütünü çıхmaq* – сгореть дотла, *su olub ахmaq* – течь, превратившись в воду. Подобные глагольные фраземы состоят как минимум из трех компонентов: *dudi göylərə çıхmaq* – дым коромыслом, *tüstüsü göylərə çıхmaq* – сгорел дотла, *уагін әтегін itirmәк* – расстаться с любимой, *boynuna fәrağın ipini тахmaq* – надеть на шею веревку разлуки, *tozlu jahana әтәк silkinmәк* – стать грязной тряпкой мира, *ууса yerdән дәм urmaq* – говорить о высоких материях, *dilini әnsәsindən çәkmәк* – наказать, *başına хумагн çıхmaq* – опьянеть, *qәlbini осаға atmaq* – бросить сердце в огонь, *nәfsin çәrisin basmaq* – уничтожить желание, *nәfsin oda atmaq* – сжечь желание, *әсәл yeli әsmәк* – подул ветер смерти, *eşq odilә ашın bişirmәк* – отдаться целиком во власть любви, *taqәti taq olmaq* – расстроиться, *basarati bağlı olmaq* – лишиться удачи, *doğruya zaval olmamaq* – истина восторжествует, *ciyәri tutuşub уапmaq* – сердце сгорело ярким пламенем и т.д. Часть фразем в языке Насими образуется путем присоединения вспомогательных глаголов *qılmaq*, *eyләmәк*, *etmәк*, *olmaq* (сделать, делать, творить, быть) к различным частям речи (в основном к существительным). При этом глагольные фразеологические единицы в большинстве своем зависят от первого компонента словосочетания:

1.6. Глагольные фразеологические единицы, образованные с участием вспомогательного глагола *qılmaq* (делать) и их семантико-стилевые особенности (4, 174).

а) Глагольные фраземы, первый компонент, которых составляют существительные: *kül qılmaq* – сжечь дотла, *saуgи qılmaq* – обречь на болезнь, *fәda qılmaq* – пожертвовать собой и т.п.

б) Глагольные фраземы, образуемые соединением вспомогательного глагола и *qılmaq* (делать) прилагательными: *baha qılmaq* – удорожать, *уагалı qılmaq* – ранить и т.п.

Все сложные глаголы, образованные с помощью глагола *qılmaq* (сделать) в современном азербайджанском языке употребляются со словами *etmәк*, *olmaq* (сделать, быть): *baha qılmaq* (*baha etmәк*) – удорожать, *уагалı qәlmәк* (*уагалı olmaq*) – быть раненым и т.п.

Глагольные фразеологические единицы, образуемые с помощью глагола *eyләmәк* (сделать).

с) Глагольные фраземы, первый компонент, которых составляют существительные: *әfәq eyләmәк* (выйти в путешествие), *qan eyләmәк* (пролить кровь), *heуgan etmәк* (удивить), *dәrman eyләmәк* (вылечить), *lütf eyләmәк* – простить, *şikayәt eyләmәк* (пожаловаться, высказать обиду) и т.п.

В ряд глагольных фразеологических единиц, образованных с помощью глагола *eyләmәк* (сделать) первую часть словосочетания составляют слова, выражающие качество, т.е. особенности, прилагательные: *әуан eyләmәк* (объявлять), *rünhan eyләmәк* (утаить), *asan eyләmәк* (облегчить), *faş eyләmәк* (распространять), *mәst eyләmәк* (опьянеть), *bәуан eyләmәк* (изложить) и т.п. Такие обороты *әуан eyләmәк*, *rünhan eyләmәк*, *bәуан eyләmәк*, глагольные фразеологические единицы, сегодня требуют дополнительного объяснения, ибо их значение знакомо современному читателю: они имеют одинаковое значение как в языке Насими, так и в народном Азербайджанском языке поныне. Эти фраземы сохранились и в языке поэтов, творивших после Насими. Глагольные фразеологические единицы, образуемые с помощью вспомогательного глагола *olmaq* (быть): *divanә olmaq* (сойти с ума от любви), *dәrman olmaq* (излечиться), *yüregi qan olmaq* (сердце обливается кровью), *su olub ахmaq* (превратиться в воду), *dal olmaq* (обессилить, потерять голову), *tәznә olmaq* (влюбиться, попасть в плен) и т.п.

В языке Насими указанные фразеологические единицы достигают поэтической эмоциональности и содержания, создают высокую эстетическую образность и т.п. Так, что *әsir olmaq* (плениться) в языке Насими становится выражением большой любви поэта. *Qan olmaq* (отомстить) жизненные наблюдения поэта выражают в высоком эмоциональном значении. В языке Насими идиома *su olub ахmaq* (утечь, превратившись в воду) – становится выражением любви, усталости, психологического состояния поэта.

В некоторых глагольных фразеологических единицах – первая часть словосочетания состоит из прилагательных: *rәğişan olmaq* (загрустить), *kәm olmaq* (быть недостаточным), *azad olmaq* (освободиться) и т.п.

1.7. Глагольные фразеологические единицы, образование с участием различных глаголов, в переносных значениях.

В подобных случаях выступающие второй частью фразем глаголы имеют самостоятельное значение, теряют свою семантическую нагрузку, становятся вспомогательным глаголом и

основным средством образования глагольных фразеологических единиц различной семантики. Следует отметить, что подобного типа глагольные фразеологические единицы используются и в современном азербайджанском языке. К ним относятся: *vurmaq* (бить), *atmaq* (бросить), *tutmaq* (поймать), *vermək* (отдать), *düşmək* (попасть), *basmaq* (надавить) и т.п., которые составляют ведущую часть фразем, первым компонентом которых являются имена существительные⁴.

В научной литературе одновременно отмечается и то, что они превращаются в сложные глаголы⁵.

В этом смысле в языке Насими активна роль глагола *düşmək* (упасть, попасть). Выступая второй частью фраземы слово *düşmək* (упасть, попасть) отходят от своего семантического значения, осваивают семантическое значение как бы первой части фраземы, становятся фактором образования нового значения.

В поэзии Насими также активен глагол *tutmaq* (поймать), в переносном значении уловить используются и в современном азербайджанском языке, и большинство из них принадлежит перу Насими: *həsəd tutmaq* (завидовать), *söhbət tutmaq* (разговориться), *qənimət tutmaq* (овладеть трофеем), *hörmətini tutmaq* (уважать), *həsəd tutmaq* (завидовать), *qənimət bilmək* (считать трофеем), *söhbət etmək* (поговорить).

Группа глагольных фразеологических единиц, нашедших свое место в поэзии Насими, образуются путем присоединения к глголам, различных имен существительных: *çiçəyi açılma* (расцвести от радости), *qanı qaunamaq* (полюбить), *süçə gəlmək* – вдохновиться, *xuruşa gəlmək* (попасть в экстремальное положение) и т.п.

В языке Насими наблюдаются глагольные фразеологические единицы, которые употребляются, основном, в утвердительной форме, или же в отрицательной форме.

В аспекте подтверждения: *çiçəyi açılmaq* (расцвести от радости), *daş olmaq* (умереть), *baş çıxarmaq* (покрыться ранами), *əl vermək* (соответствовать) и т.д.

Глагольные фразеологические единицы, используемые в аспекте отрицания: Фраземы этой группы используются в отрицательном аспекте: *bel bağlamamaq* (не доверять), *ələ girməz* (невозможный), *xəyal irəməz* (немыслимый), *al irəməz* (бесстыжий) и т.п. Конечно, фраземы *xəyal irəməz* (немыслимый), *al irəməz* (бесстыжий) используются в переносном смысле (как поэтические выражения) и показывают высокую степень качества. В современном азербайджанском языке эти фраземы используются в значении недостижимое, несравненное.

Исследования показывают, что великий поэт подобные глагольные фразеологические единицы с богатыми семантическими значениями черпал из народного языка и таким образом, обогащал и свой поэтический стиль, и азербайджанский литературный язык XIV века в целом.

1. Adilov M. *Azərbaycan dilində mürəkkəb sözlər // ADU-nun Elmi Əsərləri*. – Bakı, 1957.
2. *Müasir Azərbaycan dili*. II s. – Bakı: Elm, 1980.
3. Kazımov Q.Ş. *Müasir Azərbaycan dili. Morfologiya*. – Bakı: Elm-Təhsil, 2010.
4. *Yenə orada*, – s. 174.

Түйін

Насими тілінде қолданылған етістіктен жасалған фразеологиялық бірліктер құрылымы жағынан күрделі етістікке сәйкес келеді. Азербайжан тіл білімінде тұрақты тіркестерге бірқатар күрделі сөздер де жатады. Бұл мақалада Насими тіліндегі етістіктен жасалған тұрақты тіркестерге грамматикалық және семантика-стистикалық талдау туралы жазылған.

Summary

By structure of the language the most of verbal phraseological units are very proper to the compound verbs. It must be noted, the constant word-combination are included to the compound words in Azerbaijani language. In the result of the names in combination with verbs there are many verbal phraseological units with compound verbal structure in Nasimi language.

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕ КӨРІНІС ТАПҚАН ҰЛТТЫҚ РЕАЛИЯЛАРДЫҢ ТҮРІК ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУ ЖОЛДАРЫ

Ә.Манатқызы – магистрант

Ертегі – бұл халықтың қиялынан, ой-арманынан туып, ойдан шығарылған ауызша халықтық әңгіме. Ерте замандарда біздің ата-бабаларымыз, әйгілі жыршыларымыз өздерінің ойдан шығарған қиял әңгімелерін, тарихи оқиғаларды ұрпақтан-ұрпаққа ауызша мұра етіп қалдырған. Оларға қазақтың халық ертегілері жатады.

Ертегілер халықтың ауыз әдебиетінен мол орын алады. Ертегілер көбінесе ауызша айтылатын болғандықтан, оны ерте замандағы көркем әңгіме деуге де болады. Ертегілерден біздің бабаларымыз-дың тұрмысын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін көреміз.

Қазақ ертегілері дүние жүзінің көптеген тілдеріне аударылды. Қазақ халық ертегілерінің тамаша үлгілері түрік тіліне де аударылып, түрік оқырмандарымен қауышты. «Ақыл алдырмайды», «Ақсақ құла», «Аю мен жылан», «Қонжық пен көжек», «Айқасқаның бұзауы», «Сандуғаш пен қара қарға», «Иттің сырттаны», «Бала мен қарлығаш», «Қайсысы үлкен?», «Ұры мен жолбарыс», «Қорыққан бұрын жұдырықтайды», «Өгіз, айғыр, жолбарыс», «Түлкі мен кекілік», «Маймылдар мен шегіртке-лер» және «Обыр қыз» сияқты ертегілерді Қазақстанда бірнеше жыл қызмет атқарған тіл маманы Ашур Өздемир аударған. Ол оқытушылық қызмет атқара жүріп, тілді үйреніп, көп нәрсені етене танып, ертегілерді аудару ісіне үлкен дайындықпен келген.

Ашур Өздемир аударған бұл ертегілер 2003 жылы «Gonca» баспасынан «Tilki ile Keklik» деген атпен Ыстамбұлда жарыққа шықты. Бұл жинақта аталмыш ертегілер «Akıllı İhtiyar», «Aksak Kula», «Ayı ile Yılan», «Ayı Yavrusu ile Tavşan Yavrusu», «Aykaska'nın Buzağısı», «Bülbül ile Kara Karga», «Cins Köpek», «Çocuk ile Kırlangıç», «Hangisi Büyük?», «Hırsız ile Kaplan», «İlk Yumruğu Korkan Atar», «Öküz, Aygır ve Kaplan», «Tilki ile Keklik», «Maymun ile Çekirgeler», «Obur Kız» болып аударылды.

Фольклорлық шығармалар, оның ішінде ертегілер аудармасы – аса шеберлік пен шығармашылық-ты талап ететін іс. Фольклорды зерттеу әлеуметтік, психологиялық, әдебиеттану, лингвистикалық, архелогиялық, этнографиялық, тарихи, эстетикалық тұрғыдан қарастырылуы тиіс. Оны кешенді түрде зерттеп, танудың мәні зор. Фольклор халықтығы тарихи идеялық-эстетикалық категория болғандықтан, белгілі тарихи кезеңдегі бір халықтың мүдде-мақсатына негізделеді. Сол халықтың тарихын, этнографиясын, дүниетанымын білу – аудармашыға аса қажет.

Фольклор – халықтың ежелгі өмірінің шындығы, рухани мәдениетінің құбылысы. Аудармада шынайылығы, көркемділігі, эстетикалық сипаты сақталуы тиіс. Фольклор – халықтың бай тілінің көзі ғана емес, тарихи дамуының негізі.

Аудармашының міндеті жоғарыда аталған қазақ ертегілерінде көрініс тапқан ұлттық сипаттағы реалиялардың семантикалық мағынасына сәйкес түрік тіліндегі сөздерді, түсініктерді табу болады. Әрине, бұл оңай жұмыс емес.

Аударматанудың теориялық және практикалық мәселелері талқыланатын еңбектерде екінші тілде мағыналық, ұғымдық көлемі жағынан сәйкес келмейтін, сондықтан аударма кезінде қиындық келтіретін немесе аударма жасау барысында мағынасын түсіндіруді қажет ететін сөздер тобы болады. Олар-ды аударматану саласында баламасыз лексика деп атайды. Баламасыз лексика – халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін көрсететін атаулар, реалиялар. Реалия дегеніміз – ұлттық топты, әлеуметтік ортаның ерекшелігін құрайтын заттар, құбылыстар, салт-дәстүрлер. Сонымен қоса оларды білдіретін сөздер мен сөз тіркестерін де реалия деп атайды. Реалиялардың айырмашылық белгісі олардың маз-мұнында, яғни затты бейнелейтін белгілі бір елмен, халықпен, әлеуметтік ортамен байланысы және белгілі бір уақыт кезеңіне тән болуында.

Реалия сөздер аударма жұмыстары барысында аудармашыға ең бір ауыр тиер мәселелердің бірі болып табылады. «Реалия – аударманың ең қиын, күрделі құбылысы, аударма теориясының әлі зерт-теліп бітпеген үлкен мәселесінің бірі. Реалия латынның «relis» – «заттық», «нақтылық» ұғымдарына жақындау. Аударматануда реалия белгілі заттар мен ұғымдарды білдіреді» [1, 89].

Жалпы, аудармадағы реалия сөздер ұлттық және тарихи колоритті аудару мәселесінің бір

қыры болып табылады. Реалия сөздер – басқа тілдерде сәйкес бірлігі жоқ, сол тілдің тұрмысында ғана кез-десетін және сол тілге ғана тән ерекше сөздер мен тіркестердің жиынтығы. Әрине, реалияларды аудару үшін шығармада бейнеленген шынайы болмысты жете зерттеп, сол халықтың салт-дәстүрін жақсы білу қажет.

Реалияларды кейде сол күйінде қалдыруға да, кейде сол тілге жақын, баламалы сөздермен алмас-тыруға да болады. Реалиялар ұлттық тілді жаңа ұғымдармен байытады да, кейде басқа ұлттың төл тіліндегі қолданысқа енеді. Шығарманың ұлттық сипатын, түрін сақтап, ұлттық колоритін дәл, шынайы бере білу аудармашы таланттылығы ғана емес, дара суреткерлік болмысын байқатады.

Тілі білімі мен аударматану саласында көп еңбек еткен ресейлік ғалым, профессор А.В.

Федоров ұлттық реалияларды аударудың мынадай тәсілдерін атап көрсетеді:

«Біріншіден, транслитерация немесе транскрипция әдісі (толық не жекелей). Яғни реалияны білдіретін сөзді не оның түбірін өз тіліндегі әріптермен немесе сол сөзге өз тілінен жұрнақтар жалғау арқылы жазу.

Екіншіден, тиісті затты атау үшін тілде бұрыннан бері қолданылып келе жатқан элементтер мен морфологиялық қатынастар негізінде жаңа сөз не күрделі сөз не сөз тіркесін жасау.

Үшінші тәсіл – шет тіліндегі реалияға қызметі жағынан тең болмаса да, жақын болып келетін сөз-дерді пайдалану. Басқаша айтқанда, бұл – контекст жағдайында анықталатын, кейде шамалас сипат-таумен ғана шектелетін жақындау келетін аударма» [2, 171].

Іс жүзінде ұлттық реалияның нақтылы контекстегі қызметін жеткізу мәселесінің мәні зор. Ұлттық сипаттағы реалияны аудармас бұрын, алдымен реалияның стилистикалық-композициялық рөлін түсі-ну тиімді. Мұның өзі сол реалиялармен қатар орналасқан сөздердің қолданылу мағынасына қарай анықталады. Түпнұсқаның реалиясы мен аударма тілінің реалия сөзін салыстыру барысында оның семантикалық жақындығын айқындау маңызды. Аударылатын тіл мен аударма тіліндегі реалияның стилистикалық экспрессиядағы ұқсастығы аударманың дұрыс жасалғанын көрсетеді.

Осы ретте қазақ ертегілерінде кездескен реалия сөздердің аударылуына тоқталар болсақ, түпнұсқадағы реалия сөздер аударма мәтінде транслитерациялау, мағыналық жағынан жақын сөздермен ауыстыру тәсілдері арқылы көрініс тапқан. Түпнұсқадағы реалиялардың мәнінің мағынасы аудармада сәйкес шықпаған кездері де болады. Олай болса, қазақ ертегілеріне тән реалия сөздерді түрік тіліне аударуда мейлінше транслитерациялау немесе жартылай транслитерациялау әдістеріне жүгінген дұрыс деп санаймыз. Қазақ ертегілеріндегі ұлттық реалиялардың түрік тіліне аударылуына назар аударып көрелік:

Ағасы тіл қатпай, домбыраны дыңылдатып жата береді».

Fakat, ağabeyinden ses çıkmamış. Sadece bağlamanın tıngırtısı duyuluyormuş.

Домбыра түрік тіліне bağlama деп аударылған. Домбыра мен bağlama-ның бір-бірінен айырмасы көп. Екеуі – екі бөлек аспаптар. Қазақ халқының екі шекті музыкалық аспабы болып табылатын дом-быра аудармада, қалай болғанда да, баламасыз лексика болып табылатыны – анық нәрсе. Домбыра секілді ұлттық саз аспаптарының атын аударуда транслитерация тәсілін қолдану тиімді болады.

Сонда бала алтындай жалтылдаған сары қауынды көріп, бөрікн аспанға атады.

Çocuk, altın gibi parlayan kavunu göğünce külahını havaya atarak sevinmiş.

Бөрік – елтіріден, аң терісінен жиек жүргізіп тігілген дөңгелек бас киім. Külah – көбіне киізден жасалып, бас жағы үшкір ұзынша келген ер адамдардың бас киімі. Бұл сөз түрік аудармасында бөрік-тің баламасы түрінде қолданылыпты. Балама дәл емес. Бөріктің түрік тіліндегі тура баламасы – böğk.

«Иттің сырттаны» деген қазақ ертегісін қарастырып көрелік. Бұл ертегі – өзі үлкен, өзі есті, әрі иесін ешкімге «сатпайтын» керемет ақылды ит туралы. Ұзақ сапар шеккен жолаушыға иен далада бір үйір қасқыр кезігіп, оны қоршап алады. Жүрегі мұңға толып, тіршілігінен күдер үзген жолаушының зарлаған дауысын сырттан ит естіп, далаға жорта жөнеледі. Ол жігіттің ажалына арашашы болып, жанының аман қалуына себепкер болады.

Қазақ тілінде сырттан сөзі «алғыр, күшті, қырағы әрі сақтығымен ерекшеленетін зор ит, қасқыр» деген мағынаны білдіреді. Аудармашы иттің сырттаны дегенді түрік тіліне sıns köpek деп тәржімалаған. Sıns köpek сөз тіркесі түрік тілінде «асыл тұқымды ит» мағынасында қолданылады. Көріп отыр-ғанымыздай, sıns köpek қазақ тіліндегі иттің сырттаны деген сөз

тіркесінің мағынасын бере алмай-ды. Өйткені иттің сырттаны тек асыл тұқымды ит қана емес, ол сонымен қатар өте алғыр, есті, әрі қасиетті ерекшелігі бар ит болып табылады.

Сен итке неге «айт» демедің? «Айт!» десең бұл қасқырды тарпа бас салып, дода-додасын шығара-тын еді, – деп өкінеді.

Творчество Мир Джалала можно уподобить горному ручью, который берёт своё начало где-то в снежных горах и постепенно становится мощной и полноводной рекой. Творчество прославленного мастера берёт начало в гуще народной жизни и отражает её богатство и многогранность.

Итак, как авторы коротких рассказов, новелл американский писатель Ш.Андерсон и азербайджанский прозаик Мир Джалал привлекают умением построить острый сюжет, изящную композицию с новеллистически неожиданной концовкой, скупю и чётко обрисовать характеры из народной жизни.

Итак, тематическое многообразие – отличительная черта творчества и Мир Джалала и Андерсона.

Мир Джалал и Андерсон умели подходить к явлениям действительности как социологи. Именно поэтому им удалось живо и в художественном отношении убедительно изображать типичные явления нашей эпохи и типичные человеческие характеры.

Мир Джалал и Андерсон были известны также как литературоведы и критики. В их статьях и литературоведческих работах проанализированы многие важные вопросы как классической, так и современной литературы.

1. Azərbaycan Sovet Ensiklopediyası. I cild. – Bakı, 1976 (на азерб. яз.).
2. Краткая Литературная Энциклопедия. Главный редактор Сурков А.А., том 7. – М., 1972 (Новейшая литература Соединённых Штатов Америки, – с. 32-33). Автор Беккер М.И.
3. Андерсон Ш. Рассказы. Перевод с английского. Составитель и вступительная статья («Шервуд Андерсон», – с. 3-18) Канделя Б.Л. – М.-Л.: Государственное издательство художественной литературы, 1959, 508 с.
4. Шервуд Андерсон. Избранное. Перевод с англ. Составитель и предисловие Ландор М. («Новеллы Шервуда Андерсона», – с. 3-20). – М.: Художественная литература, 1983, – 527 с.
5. Американская новелла XX века. Переводы с англ. Составитель и вступительная статья Мулярчик А. (с. 5-24). – М.: Художественная литература, 1976, – 526 с.
6. Малкольм Каули. Дом со многими окнами. Перевод с англ. / Шервуд Андерсон и его книга мгновений. Перевод Мулярчика А., – с. 102-115. – М.: Прогресс, 1973, – 328 с.
7. Андерсон Ш. Избранные рассказы (Selected short stories) / Составитель сборника Бернацкая В.И. «Пре-дисло-вие» Коренева М., – с. 6-22. – М.: Прогресс, 1982, – 352 с.
8. Дадашзаде Мамед Ариф. Азербайджанская литература. – М.: Высшая школа, 1979, – 232 с.
9. Американская новелла XX века. Сборник. Составитель Лапина Г.В. (На английском языке с параллельным русским текстом). Послесловие («Малая форма и её великаны»). – М.: Радуга, 1989, – 590 с.
10. Мир Джалал. Воскресший человек. Романы и рассказы. – М., 1959.
11. Мир Джалал. Куда ведут дороги. Роман. – М., 1966.

Түйін

Тарихи-салыстырмалы әдіс әртүрлі халықтардың әдебиеті мен фольклорындағы бейненің, сюжеттің тарихи дамуын, ұқсастығын анықтайды. Бұл тұрғыдан алғанда америка және азербайжан әдебиеті салыстыра зерттеуге мол материал береді. Автор мақалада Мир Джалал мен Шервуд Андерсон шығармашылықтарындағы ұқсастық пен жақындыққа тоқталған.

Summary

The paper is dedicated to the literary activity of Sherwood Anderson, the outstanding writer of the USA in comparison with Mir Jalal Pashayev, the famous Azerbaijani novelist, short-story writer and scholar. The author emphasizes that an Azerbaijani reader almost doesn't know the American writer and it is necessary to popularize Anderson in Azerbaijan researching his works comparatively with such a national writer's like Mir Jalal.

3 ТҮРКІ ТІЛДЕС ХАЛЫҚТАР ӘДЕБИЕТІ АРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ТЕКСЕРІЛУІ

3.Жақсылықұлы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қазақ халқының ұлттық әдебиетінің басқа да туысқан немесе көрші халықтар әдебиетімен рухани байланысының тамыры тереңде жатыр. Мәдени-әдеби байланыстың шырқау биігін түркі тілдес халықтар арасындағы рухани сабақтастық мәселелерінен іздеген жөн. Бір бәйтеректің сан алуан бұта-ғы боп өрілген түркі халықтарының тағдырындағы ортақ мәселелер тек әлеуметтік немесе экономи-калық дамуда ғана емес, мәдениет тарихында да көрініс тауып, әдеби-рухани жақындастыққа да сеп болды.

Қазақ әдебиеттану ғылымында әдеби-рухани байланысты аталған тақырып айналасында зерттеп, тексеріс құралына айналдырған ғалымдар шоғыры қалыптасты. Қазақтың белгілі әдебиеттанушы ғалымдары С.Сейітов [1], Р.Бердібаев [2], Н.Келімбетов [3], А.Мусинов [4], Б.Ысқақов [5], Т.Тебегенов [6], С.Сүтжанов [7] және т.б. еңбектерінде түркі дүниесі руханиятының зәру мәселелерінің бірі ретінде өлең-сөз өнеріндегі (көркем әдебиет) сабақтастық жайы да тексеріс көзіне алынған.

Әдеби байланыстардың түзілуін зерттеуші ғалымдардың бірі – С.Сейітов «Әдебиеттер достығы» [1] аталған зерттеу еңбегінде қазақ-өзбек әдеби байланысының қалыптасып, өрбуіне ерекше назар аударды. «Бір кітаптың екі беті» (1961) атты мақаласында қазақ-өзбек халықтарының бауырластығын, тағдырластығын Науаи – Абай, Хамза Хақимзада – С.Сейфуллин, Ғафур Ғұлам – Сәбит Мұқанов ара-ларындағы әдеби шығармашылық шеңберінде тексеріс көзіне алады.

Ғалым пайымдауынша «Қазақ ақындарының ішінде Науаидың ұлылығын ең алдымен таныған, туысқан елдің ойшыл перзентінің есімін зор құрметпен атаған» бірінші ақын – Абай. Сонымен қатар қазақтың тілге шешен, сөзге жүйрік өнерпаздары Науаи туындыларының ізімен «кейде жалпы ұзын ырғасын пайдаланып» өздері де көркем дүниелер (өлең-жырлар) тудырған. Зерттеуші С.Сейітов тол-ғамынша қазақ пен өзбекті байланыстырар ортақ рухани құндылықтар екі ұлттың тұрмыс-салт жыр-ларында жақсы көрініс тапқан. Оған мысал ретінде екі жастың үйлену тойларында айтылатын жар-жар өлеңін мысалға алады. Жоғарыда есімдері аталған екі халықтың ұлттық мақтаншытары – ақын-жазушылар достығын, олардың арасындағы шығармашылық, өнерпаздық байланыстарды алға тар-тып, үлгі ретінде ұсынады.

Филолог-ғалым С.Сейітов өз зерттеулерінде қазақ сөз зергері М.Әуезовтың «Өзбек әдебиеті қазіргі заман әдебиетінің озық үлгі-өнегесімен молығып, байыған әдебиет» [1, 95 б.] деген пікірін және өзбек суреткері Ғ.Ғұламның қазақ әдебиеті хақындағы «Бұл әдебиеттің мазмұны қазақ жеріндегі кең. Абай жырларындай нәрлі, сезімді. Бұл әдебиет қазақ халқының қыр гүліндей әсем, ақылындай пара-сатты. Бұл әдебиет туысқан бауырлардай болған өзбек халқына жақын, сол үшін екеуінің ақыны да, жазушысы да бір-біріне ортақ» [8] деген пайым-толғанысынан үзіктер келтіріп өтеді.

Ғалым зерттеуінше қазақ-өзбек әдеби байланыстарының өзгеше өң ала дамуы басқа салаларға қарағанда лирикалық поэзияда жаңаша сипат тапқандай.

Екі халық әдебиетінің бір-біріне жақын келуі әсіресе, қазақ ақындарының Өзбекстан сапарындағы дүниелермен толыға, қаныға түскен. Мәселен, Д.Әбішевтің «Өзбек – өз ағам», «Гүлстан», Х.Ерғалиевтың «Тағы да келдім Ташкентке!», «Зеравшан бойында», Ж.Молдағалиевтың «Сәлем, саған Самарқанд!», Ғ.Қайырбековтың «Қос жүрек», «Дилижан», сондай-ақ Т.Жароковтың, Ғ.Ормановтың, С.Мәуленовтың және т.б. ақындардың өлеңдері Өзбекстан сапарынан соң туындаған шығармалар екен.

Қарымта шығармашылықта өзбек ақын-жазушыларының қарап қалмағаны да белгілі. Соның дәлелі Абдулла Қаппар, Асхад Мухтар, Ғафур Ғұлам, Зульфия т.б. жинақтары Қазақстан баспаларынан жарық көрген.

Қазақ-түркі халықтары арасындағы әдеби байланыс мәселесін тексеруде С.Сейітовтің қаламынан туған мақалалардың бірі – «Шығыс Шиллері» (1959) аталады. Мұнда түркімен әдебиетінің классигі Мақтымұлы Фраги ақындығына барлау жасалған. Фраги суреткерлігін әнгімелемес бұрын С.Сейітов өзіне дейінгі айтқан пікір-пайымдаулар мен ақынға берілген баға-байламдарға тоқталып өтеді.

Артына он төрт мың жолдай өлең-жыр қалдырған Мақтымқұлы туындыларының тақырыбы мен идеялық мұратына, шығармаларының көркемдік ерекшеліктеріне талдау жүргізе келе ғалым С.Сейітов ақын шығармаларын ана тілімізге тәжімеленген Ғ.Орманов, Ғ.Қайырбеков аудармаларының қазақ оқырмандарының жүрегінен орын тапқандығын, «төл әдебиетіміздің

туындыларының бірін оқып отырғандай, әсер алатынымызды», «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» жақындығын айтып өтеді. Зерттеуші тұжырымынша: «Туыс елдің саңлақ ақынының сұлу сырлы, сырбаз жырларын қазақ оқу-шылары жылы шыраймен қабылдап, өзінің қолтума дүниесіндей қадірлейді [1, 196 б.]».

Қазаққа бір сүйем жақындау қарақалпақ халқымен арадағы рухани байланыстар мәселесіне келгенде С.Сейітов: «Біздіңше қарақалпақ, қазақ халықтары жөнінде «екінің біріндей, егіздің сыңарын-дай» деген мақалды қолдану әбден лайық» [1, 197 б.] – дейді.

Қарақалпақтың белгілі классиктері Бердақ Қарғабайұлы, Күнқожа Ибрайымұлы сияқты шайырла-рының әдеби дәстүрлерін дамытқан берідегі А.Мусаев, А.Бегимовтардың ізін ала Ж.Аймырзаев, Ж.Жапақов, Қ.Досанов, И.Юсупов, А.Дабылов, С.Нұрымбетов және басқалардың Қазақстан туралы, қазақ халқы туралы өлең-жырларының мән-маңызына жіті үңіледі.

Екі халықтың арасындағы достықты, ағайын-бауыр сынды болған жарастықты көркем әдебиеттің лирика жанрында ақындарымыз қалай суреттей алды деген мәселелер төңірегінде ой қозғайды. Қос халық әдебиетінің шығармашылық байланыстарына үлгі ретінде қарақалпақ ақыны Тілеуберген Жұмамұратовтың:

Қазақ досым, келсең біздің араға,
Бөтенмін деп өзіңді әсте санама!
Түсінбеспін қарақалпақ тілін деп,
Байқаусызда бізден тілмаш сұрама! [9, 348 б.]

– деп келетін жыр шумақтарын мысалға келтіре әңгімелейді.

Түркі тілдес халықтар елдері әдебиетінің тарихын зерттеуге тереңдеп барған ғалымдардың бірі – ҚР ҰҒА-ның академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рахманқұл Бердібаев. Оның «Байқалдан Балқанға дейін» аталған зерттеу еңбегі [2] тұтасымен дерлік түркі халықтарының тарихы мен этногенезі, мәдениеті мен әдебиеті мәселелерін тексеруге арналған.

Еңбекте саха, алтайлықтар, ұйғыр, хакас, тува, ұйғыр, қырғыз, өзбек, қарақалпақ, түрік, түркмен, башқұрт, ұйғыр, татар, ноғай, құмық, қарашай, малқар, қараим, әзірбайжан, қырым татарлары, месхет түріктері сынды ұлттар мен ұлыстар өмірінің тұрмыс-тіршілігі мен өткен тарихынан және бүгінгі тынысынан біраз мәліметтер берілген. Бұл еңбектің екінші бір құндылығы түркі халықтарының халық ауыз әдебиетінің үлгілеріне және поэзиялық шығармаларының ерекшеліктеріне әдеби, тілдік талдаулар жүргізілген.

Р.Бердібаевтың «Рухы жығылмаған миллет» атты жазбасы [2, 172 б.] қазақ-татар арасындағы рухани туыстықты дәріптеуге арналған. Патшалық Ресейдің шоқындыру зардабын әбден тартқан татар халқының бірнеше бөлікке ұшырап, жан-жаққа тарыдай шашылған тарихи-саяси тағдырына шолу жүргізе келіп ғалым Астрахан, Қырым, Литва, Еділ татарларының құрамында көптеген көне қазақ руларының (мысалы, найман, жалайыр, қоңырат, үйсін, қыпшақ, токсаба, табын т.б.) ұшырай-тынына үлкен мән береді.

Бұл еңбектің екінші бір құндылығы түркі халықтарының халық ауыз әдебиетінің үлгілеріне және поэзиялық шығармаларының ерекшеліктеріне әдеби, тілдік талдаулар жүргізілген. Мәселен, «Саха деген халық бар» деген жазбасында сахалардың патшалық Ресейдің қол астында бодан болғалы шын есімінен айырылып «якут» аталғанын, өздерінің жаппай шоқындырылып, аты-жөндерінің орысша жазылып, әбден тоқырауға ұшырағанын айта келе, олардың бұл күнге жеткен «олонхо» аталып кеткен батырлар жырының табиғатына назар аударады. Олонхолардың ішіндегі ең көлемдісі (отыз мың жолдан асады) «Нұрғын батыр» («Дьулуруйар Ньурчун боотур») жырының көркемдік қуатын жоғары бағалайды. Тағдыр тәлкегімен Қиыр Солтүстіктен бір шыққан сахалардың (якут) бір замандарда Оңтүстікте өмір сүргендігін аталған жыр-дастан мазмұнынан аңғаруға болатындығын автор: «Якут-тардың бір заманда Оңтүстікте өмір кешкендігіне қосалқы дәлелдер осы олонходан табылады. Жырда оты мол, шуағы мол, жыл он екі ай суық түспейтін өлкенің өсімдігі, жан-жануары, тұрмыс-тіршілігі бейнеленеді» [2, 5 б.] – деп атап өтеді.

Академик Р.Бердібаевтың аталған тақырыптағы зерттеулері кейінгі жас буынға әдеби, ғылыми сонылығымен ізашар, жол сілтер еңбек есебіндегі қызметі шексіз деген ойдамыз.

Егемен еліміздің тәуелсіздігін әлемде алғашқы боп таныған ел – Түркия мемлекеті. Қазақ-түрік әдеби, мәдени байланыстарының шын мәніндегі даму, қарыштау сәттері де тәуелсіздік жылдарынан кейін бастау алса керек.

Екі ел арасындағы экономикалық, саяси-әлеуметтік келісімдер әдеби-мәдени, рухани құндылық-тарға өз әсерін тигізіп, жемісін бере бастады.

Әдебиеттанушы ғалым, профессор Т.Тебегеновтің «Шетел әдебиеттері тарихы» оқу құралы кіта-бында [6] Үндістан, Иран сынды Шығыс елдері әдебиетінің тарихымен қоса Түркия мемлекетінің де әдебиеті тарихы мәселелері де батыл қозғалған. Лирика жанрын дамытушы

Фарук, Нарфыз, Орхан Сейфи, Юсуф Зия және т.б. ақындарды халықтың байырғы шығармашылық мұраларын игеруші, дәс-түр көздерін жалғастырушы ақындар есебінде қарастырады.

Ғалым Т.Тебегенов тексерісінде Яхья Кемал (1884-1959 жж.) – түріктің классикалық әдебиетін жаңғыртушы декаденттық сарынның белгілі өкілі саналса, Ахмет Хашим (1885-1933 жж.) – түрік поэзиясындағы символизмнің негізін қалаушы ақындар санатына жатады. XIX-XX ғасырлардағы түрік поэзиясының өркендеп-қарыштауында Фикрет, Омер Сейфеддин, Хамид Тархан және басқалардың енгізген жаңалық-нышандары ғалым еңбегінде басқа да әдеби жанрлар сабақтастығымен бірлестікте қарастырылады.

Түрік әдебиетінің көрнекті тұлғасы, кеңестік жүйеге кеңінен танымал болған Назым Хикмет Ран-ның шығармашылығын таразылауда зерттеуші Т.Тебегенов әлемге әйгілі суреткердің көркемдік-шығармашылық ізденістерін қазақтың жаңашыл, көрнекті ақындары С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Қ.Аманжолов шығармашылықтарымен тең көреді.

«Назым Хикмет шығармашылығы туралы бағалауда, – дейді автор, – замандық көзқарастарда іркі-лістер бар. Бірақ қазақ поэзиясының тұтас бір буыны сүйіп оқыған ақынның мұрасын толық оқып үйрену – сөз өнері тарихын игерушілер үшін пайдалы істердің бірі» [6, 34 б.] – дейді ғалым.

Қазақтың белгілі қаламгерлері Ж.Саин, Т.Жароков, Қ.Жармағамбетов, Ж.Сыздықов, Т.Әлімқұлов, Ж.Молдағалиев, С.Мәуленов, І.Мәмбетов, М.Әлімбаев, Қ.Жұмағалиев т.б. ақындардың Назым Хикмет туындыларын жаппай аударып, әр кезеңде қазақ тілінде сөйлетуінен-ақ әйгілі суреткердің қазақ елін-де қаншалықты кеңінен таныс болғандығын және қандайлықты құрметке ие екендігін аңғаруға болатындай.

Ежелгі түркі поэзиясының және қазақ әдебиетінің бастау-бұлағын тексеруші ғалымдардың бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор Немат Келімбетов өзінің «Түркі халықтары әдебиеті» атты оқулық-хрестоматиясында [3] түрік әдебиетінің өткені мен бүгінгі дамуына сипаттама бере келіп: «Ең бастысы – түрік және қазақ әдебиеттерінің тарихи тамыры ортақ, шыққан тегі, яғни қайнар бастауы бір екенін ескергеніміз жөн» [3, 214 б.] – деп атап өтеді қазақ-түрік әдебиеттерінің арғы тари-хы хақында.

Түркі тілдес ағайынның бірі – қырғыз әдебиетінің тарихын зерттей келе ғалым Н. Келімбетов XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген халық ақыны Тоқтағұл Сатылғанов өмірі мен шығармашылығына тереңнен назар аударады. «Ерлік пен өрлікті, қайсарлық пен өжеттікті өз толғау-ларына өзек еткен қырғыз ақыны Тоқтағұл жырлары қазақтың жалынды ақыны Махамбет өлеңдері-мен үндес, сарындас болып келеді» [3, 132 б.] – деп ой түйеді автор.

Зерттеуші пайымынша Махамбеттің ежелгі дұшпаны Баймағанбет сұлтанға айтқан монологы мен Тоқтағұлдың қырғыздың үстем тап өкілдеріне (манап-бектерге) айтқан толғау-жырларында екі халықтың өмірі мен өнеріндегі сабақтастық мәселелері айқын аңғарылады. Тоқтағұлдың:

Ел едік біз ежелден,
Қазақ, қырғыз бір туған.
Туысқан елді қасқырлар
Бір біріне қас қылған [3, 132 б.]

– деп келетін монологын ғалым Н.Келімбетов: «Ақын қырғыз бен қазақ халықтарының сан ғасыр-лар бойы үзілмей келе жатқан достығын нақтылы түрде, тарихи деректерге сүйене отырып, мейлінше шеберлікпен жырлайды» – деп тұжырымдайды.

Махамбет Өтемісұлының күрескерлік рухтағы дәстүрі башқұрт поэзиясында үлкен құрметке ие Салауат Юлаев поэзиясында да сипат тапқанын Н.Келімбетов: «Екі ақынның да өмірдің оғындай өткір, лепті, қанатты жырларындағы сөз қолданыстары, тіпті кейбір өлең шумақтары бір-біріне өте ұқсастығы көп жәйтті аңғартқандай болады» [3, 132 б.] дейді ғалым. Зерттеуші түйіні: «Мұның өзі, ең алдымен, түркі тілдес халықтардың сан ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан көркемдік дәстүр жалғас-тығынан туындап жатса керек».

Туысқан халықтар әдебиетінің тарихын бір кісідей тексерген ғалым С.Сейітовтің «Биікке күндей болып көтеріліп» (1966) [9, 305 б.] атты зерттеу мақаласында татар халқының үлкен ақыны, өмірінің басым бөлігін Қазақстанда (Орал қаласында) өткізген Ғабдолла Тоқай шығармашылығы тереңнен қозғалып, кеңінен әңгімеленеді. Ғ.Тоқайдың «Біздің жырларымыз» (1907) атты мақаласында кездесе-тін: «Менің қолымда қазақтың өлеңі тұр. Қазақ ақыны өзінің сүйген жарын қалай әсем жырлайды десеңізші!» – деп келетін ой-толғанысының қазақтың қара өлеңіне қатысты айтылғанын С.Сейітов жоғарыда аталған жазбасында баяндап өтеді.

Қазақ арасында өзінің өлең-жырларымен кең танымал болған Ғ.Тоқай туындыларын С.Торайғыров, Ж.Сыздықов т.б. ақындар аударып, кеңінен насихаттап отырған. С.Сейітов пікіріне ден қойсақ С.Торайғыровтың «Сүйемін туған тілді – ана тілін», С.Сейфуллиннің «Сыр сандық» сынды өлеңдерінде Ғабдолла Тоқайдың шығармашылық ықпалы барлығы айтылады [9, 317 б.]. Өз

дәуірінде Ғабдолла Тоқайдың шығармашылық дәстүрі мен рухани әсері тек қазақ ақындарына ғана емес, сонымен бірге өзбек, түрікмен, қырғыз, қарақалпақ қаламгерлеріне де жаңа серпін бергенін ғалым өз еңбегінде баяндап өтеді.

Қазақ және түркі халықтары әдебиетінің типологиялық сипаты әдебиеттанушы ғалым С.Сүтжанов-тың филология ғылымдарының докторы дәрежесін қорғау еңбегінде [7] біршама қанық сипат тапқан. Бұл еңбекте ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ және түркі халықтары әдебиетінің типологиялық сипаты әдеби байланыстар, тарихи-мәдени процестер ауқымында алынып, кеңінен қарастырыла-ды. Шығармашылық үндестік және көркемдік-эстетикалық ерекшеліктер мен азаттық-ағартушылық арнадағы алмасулар да аталған ғалым еңбегінің түпкі өзегі боп тартылған.

Жалпы алғанда, көркем әдебиеттің лирика жанры бойынша қазақ және түркі халықтары әдеби-мәдени және рухани байланыстарының пайда болу, қалыптасу, даму, жетілу жолдарының өткен тари-хы жайындағы зерттеулер мен толық қанды ғылыми еңбектердің әлі де болса жетімсіздігі байқалады.

Қазақ және түркі халықтары әдеби-мәдени һәм рухани байланыстарын лирика жанры саласындағы басты белгі-нышандары бойынша тексеру, арнайы қарастыру – бүгінгі ұлт әдебиеттану ғылымының зәру мәселелерінің бірі боп табылса керек-ті деген ойдамыз.

Бір бәйтеректің сан алуан бұтағы боп өрілген түркі халықтарының тағдырындағы ортақ мәселелер тек әлеуметтік немесе экономикалық дамуда ғана емес, мәдениет тарихында да көрініс тауып, әдеби-рухани жақындастыққа да сеп болмақ.

1. Сейітов С. Әдебиеттер достығы. – Алматы: Жазушы, 1965. – 272 б.
2. Бердібаев Р. Байқалдан Балқанға дейін. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 256 б.
3. Келімбетов Н., Қанафин Ә. Түркі халықтары әдебиеті. – Алматы: Рауан, 1996. – 256 б.
4. Мусинов А. Казахско-киргизские литературные связи. – Алма-Ата: Наука, 1974. – 160 с.
5. Ысқақов Б. Қазақ-татар әдеби байланысы. – Алматы: Ғылым, 1976. – 175 б.
6. Тебегенов Т. Шетел әдебиеттері тарихы. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1996. – 102 б.
7. Сүтжанов С. ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ және түркі халықтары әдебиетінің типологиялық сипаты // ф.ғ.докт. ...автореф. – Алматы, 2006. – 64 б.
8. Қазақ әдебиеті // 1960 ж., 23 сентябрь.
9. Сейітов С. Туысқандық туғызған. – Алматы: Жазушы. 1979. – 304 б.

Резюме

В этой статье уделяются внимание образованию и истории исследования тюркской литературной связи.

Summary

The article is about formation and history of investigation of the Turkish literary connection.

ҚАЛАМГЕРДІҢ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕМІН ТАНЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

А.Д. Ибраева – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы, филол.ғ.к.

Белгілі бір шығарманың жазылуы ұзақ ізденістің нәтижесі екені анық. Алғашқыда тақырыптың белгіленуі, түрлі арналардан мәліметтердің топтастырылуы, жиналған деректерді қорытып, белгілі бір идеяға бағындыра отыра көркем жинақтау негізінде жазылары анық. Осындай жазу үрдісінде жазушының өзіндік ұстанған бағыты, тәжірибесі айқындалады. Ал қалыптасқан өзіндік ерекшелігі ешбір қаламгерге ұқсамауы әбден мүмкін. Мұның себебі әр адамның өзгеге ұқсамас мінезі тәрізді өзіндік дәстүрі, тәжірибесімен тікелей байланысты болуы мүмкін. Қаламгердің әдеби шығармашылық әлемі дегенде ең алдымен жазушының осындай өзіндік тәжірибесін атауға болады. Бұл шығарма-ны жазу туралы ойтүрткінің пайда болуынан бастап, соңғы нүктесі қойылғанға дейінгі кезеңді қамти-ды. Шығармаға тақырып табу, түрлі арналардан материал жинау дағдысы, деректерді сұрыптау тәріз-ді мәселелермен қатар, жазушының өмір жолы, әдебиетке келу жолы, белгілі бір шығармасының жазылу тарихын сөз етерде осы шығармасымен тақырыптас, өзге туындылармен сабақтастығы, өзі тұстас қаламгерлермен шығармашылық байланысын терең меңгеру қажет. Бұл жазушының шығарма-шылық тәжірибесінің ұшталуына өз әсерін тигізген туындыларын айқындау үшін қажет.

Жазу үрдісіндегі қаламгердің көңіл-күйі, жазу машығы, талап-талғам деңгейі деген мәселелер

де шығармашылық әлеміне қатысты болып келеді. Шығармашылық жұмыс үстіндегі әр қаламгердің өзіндік жазу тәсілі қалыптасатындығы анық. Бір қаламгерлер шығарманы жазу үстінде сурет салған-ды ұнатса, енді біреулері ән салғанды ұнатады. Жазу үстіндегі көңіл-күйге қатысты қойылған сұрақ-тарды қаламгердің кейбірі қатты ұната қоймайтындығы белгілі. Бұл жеке шығармашылық құпиясына қатысты мәселелерге өзгелердің куә болғанын қаламағандықтан туындаса керек. Бұл мәселелер бір жазушының жекелеген шығармасына қатысты көзқарасын танытумен қатар, сол шығарманың құнды-лығын таныту үшін, қаламгерлік тәжірибе алмасуға әкеледі.

Шығармада суреттелетін дәуір шындығын, сол кезеңнің әлеуметтік сипатын анықтап алуға жазу-шы жиналған деректерді іріктейді. Өмір дерегін жинақтап, сұрыптаудан өткізу шығарманың идеясы-мен байланысты жүзеге асады. Бұл жиналған мәліметтердің шығармаға барлығы бірдей пайданыла бермейтіндігін көрсетсе керек. Екінші жағынан өмір шындығы жазушы елегінен өтіп барып, көркем шындыққа айналатындығын байқатады. Өмір шындығын тұтастай көркем өнер заңдылығына орай игерудегі жазушы шеберлігі әр алуан. Шығарма егер тарихи тақырыпқа арналар болса, тарихи кезең-ге қатысты түрлі еңбектер, мұрағаттық жазбалар мен қатар, куәгерлердің естеліктерін кеңінен қолдануы әбден мүмкін. Ал жоспар жасауда жиналған материалды екшеленіп, іріктеледі.

Бұл ретте, көркем бейнені толыққанды етіп танытудың белестері ретінде кейіпкер болмысын про-тотип негізінде суреттеу болып табылмақ. Болашақ кейіпкердің жалпы бітімі, тұлғасын танытатын өмір дерегін зерттеп, ой елегінен өткізу суреткерлер тәжірибесімен тығыз байланысты. Көркем бей-неге түптілге болатын адамның бойындағы кейбір мінез-құлық алынбай, оның орнына басқаларда кездесетін іс-әрекеттер суреттелуі мүмкін. Бұл көркем өнердегі жинақтау, типтендіру тәрізді мәселе-лерімен байланысты, сондай-ақ шығарманың алдына қойған мақсаты, идеясымен байланысты болса керек. Прототипті көркем образға айналдыруда қаламгердің өзіндік қалыптасқан тәжірибесі бар.

Шеберлік ұғымы тек тек жазушы таланты ұғымымен шектелмеуі тиіс. Бұл жерде ой мен сөз жүйе-сі, жазушы сөз саптамы, шығармаға сюжет табу, композиция құру мәселелері де қарастыруға болады. Мұның барлығы өмір дерегінің көркем шындыққа ұласу жолына алып келеді. Қаламгерлердің бұрын-соңды жарық көрген туындыларын өңдеп, шындай түсудегі шығармашылық ізденістері де қаламгер-дің әдеби шығармашылық әлеміне алып келді. Автордың жарияланған шығармасына тың толықтыру-лар енгізіп, қайта қарауының себебі жазушының өзіндік жауапкершілігінде болуы керек.

Бұл аталған мәселелердің қай-қайсысы болса да қаламгердің шығармашылық әлеміне бойлауға алып баратын бағыттар. Әрқайсысы да жеке алдына зерттеуге тұрарлықтай үлкен мәселелер.

Резюме

В статье анализируются творческое мастерство писателей.

Summary

In the article the creative craftsmanship of writers is analyzed.

ВЛИЯНИЕ ПСИХОАНАЛИЗА НА ТВОРЧЕСТВО ГЕРМАНА ГЕССЕ

Н.Мамедзаде – диссертант Азербайджанского Университета Языков

Мнение о том, что литература и глубинная психология имеют всегда общие аспекты, стало еще более ясным начиная с конца XIX века и в начале XX столетия. В результате исследований выясни-лось, что наука и искусство не только два противоречивых мировоззрения, наоборот они излагают два этапа, которые дополняют друг друга, потому что литература также является одним из средств, которая освещает самые темные лабиринты человеческого внутреннего мира. Самое большое откры-тие психологии находит свое отражение в литературе, нежели в науке. Уже начиная с конца XIX века психоанализ стал все больше вызывать интерес. Взявая интерес к процессам бессознательности чело-веческой психологии, к символике и мифологии смерти, психоанализ дал литературе новый толчок для рассмотрения многих старых проблем совершенно с иной стороны. Гессе писал о популярности этой области науки среди литераторов: «Мир мышлений Фрейда сегодня обсуждается и принимает-ся среди поколений юных художников, нежели среди докторов и профессиональных психологов» (1, 137 перевод мой). В действительности психоаналитические учения и сочинения Фрейда, Юнга и их учеников имели свое влияние на многих писателей и критиков, и это стало причиной того, что твор-чество

писателей и поэтов стали связывать с их тяжелым детством и нервными срывами. Сам Гессе был всегда яростным противником того, что его литературное творчество оценивают с этой точки зрения. По его мнению, никакой психоанализ не в состоянии сделать из человека знатока и толкова-телем души, который до этого времени не был поэтом и не ощущал свой внутренний мир, и не пере-жил душевные переживания. По его мнению, чтобы описать творчески все процессы, которые проис-ходят в душе человека, нужно иметь не аналитический, а интуитивный талант (1, 139). Но на основе письма психоаналитика Карл Густава Юнга, который он написал 24.03.1950 года профессору Маям-ского Университета штата Флорида США Эмманиэлу Мастеру, можно прийти к такому выводу, что синтез интуитивного и аналитического таланта может привести к созданию великих литературно-философских произведений: «Я знаком произведением Гессе и с ним лично. Я знаю его лечащего пси-хиатра. Он умер несколько лет тому назад. Именно он стал поводом тому, что мои произведения оказали определенное влияние на Гессу это проявилось в «Демияне», «Сиддхартхе» и «Степном Вол-ке». Примерно на этом этапе (1916) началось мое личное знакомство с Гессе. Его психиатром был др. Й.Б. Ланг. Он был очень необычным, но весьма эрудированным человеком. Он изучал восточные языки (иврит, арабский, египетский) и интересовался, прежде всего, миром мышлений Гнозиса. Я дал ему широкие познания о Гнозисе и этому он научил Гессе. На основе этого материала он написал «Демиян». Но что стало источником произведений «Сиддхарта», и «Степной Волк», осталось для меня неизвестным. Эти произведения имеют непосредственную или, по меньшей мере, посредствен-ную связь с некоторыми моими разговорами с Гессе [...]» (2, 118 перевод мой).

Лечение Германа Гессе у Й.Б. Ланга, сподвижника К.Г. Юнга в 1916-17-ти годах возбудили в нем интерес к психоанализу, и это стало поводом для тесных отношений и переписок с Юнгом. Через определенный период времени это привело Германа Гессе на лечебные сеансы Юнга. Эти отношения оставили в его творчестве неизгладимые впечатления, и это постоянно проявлялось в его произведе-ниях. Умение Германа Гессе, внедряться в глубину человеческой души происходит от того, что он имел глубокие познания в психоанализе. Но нельзя это связывать самим собой или же только психо-анализом. Он был художником и как он сам отмечал, был человеком, который «ощущает свой вну-тренний мир, и пережил душевные переживания».

Вышеназванное учение Гнозиса является синтезом восточных и западных течений и берет свое начало с античных времен. В классической древнегреческой философии термин Гнозиса употребля-ется в техническом значении, обозначая знание, исследование, не имея мистических и эзотерических коннотаций. «Это закон универсальных мистерий, закон, которого очень строго придерживаются с самого начало диалектического порядка» (9, 1). Это учение является синтезом всех религий и фило-софских мировоззрений и дает точную интерпретацию всех ключевых знаков и значений. Это рели-гиозно – философский термин, являясь особым моральным учением, был доступен только тем лично-стям, которые обладали мистической пронизательностью.

Делая наброски проекта Касталийского Ордена, Гессе основывался на гностическую философию, потому что по этому учению человек был создан совсем другой миссией и для того, чтобы достичь эту вершину, человек не должен был жениться и должен был быть в тесном священном связи с при-родой. Игроки в бисер стремились именно к этой связи и медитировали. Символика романа, множе-ственные имена и термины, касающиеся разных областей искусства, требуют от читателя большой эрудиции для понятия произведений Гессе до глубины.

Письмо Карла Густава Юнга от 03.12.1919 к Герману Гессе, связанное с романом «Демиян» пока-зывает большое влияние психоаналитических лекций на Гессе: «Мысль, раскрыть Ваш псевдоним, хотя, кажется нескромным и назойливым с моей стороны, но когда я читал Вашу книгу, у меня создалось такое впечатление, что это как-бы то не было, имеет связь с Люцернам. Несмотря на то, что в работах Синклара я не узнал Вас, но мысль о Синкларе, какой он человек, изумляла меня, потому что его психология казалось мне весьма странным и заслуживающим внимания» (3, 221).

В письме не случайно упомянуто имя Люцерна. Примерно в этих годах Гессе проходил у психо-аналитика Доктора Бернхард Ланга, живущего и работающего в Люцерне, шестидесятичасовой лечебных сеанс и под влиянием этих сеансов он написал статью «Художник и психоанализ». Но в этой статье он не боится критиковать психоанализ. Хотя его мнение «Анализ подтверждает человека как художника перед самим собой», и соответствует выводам, к которым пришли исследователи.

Гессе подчеркивал большое влияние психоанализа на совесть и мораль человека. По его мнению, анализ требует от человека по отношению к себя такую искренность, к которой мы не привыкли и он учит нас видеть, оценивать, исследовать и принимать всерьез такие вещи, которые мы могли бы успешно вытеснить из сознания, которых вытеснили целые поколения под упорным

давлением. (1, 140-141) Большую заслугу психоанализа Гессе увидел в том, что с его помощью человек имеет возможность познать свой внутренний мир. В предисловии к роману «Демиан» Гессе отмечал, что «жизнь каждого человека это путь к самому себя» (4, 480).

Гессе удачно применил приобретенный опыт, как упомянулось выше, в своих произведениях. Это, «Демиан», «Сиддхарта» и «Степной Волк», которые были написаны друг за другом. В этих произведениях можно видеть конкретное влияние психологической теории Юнга на Гессе в том, что почти во многих своих произведениях Гессе обращался к учению Юнга об архетипов и создал их литературный образ. Напр. архетип в романе «Демиан» появляется впервые как «тень» в образе шантажиста и мошенника Кромера и главный герой Эмиль Синклар, который попадает в его сеть, понимает поз-же, что этот демон и есть часть его самого. В то же время роман заканчивается в поисках самопознания и его достижения и это значит завершение процесса индивидуализации, что соответствует учению Юнга.

В «Степном волке» мы видим за спокойной, умной и весьма утонченной натурой Гарри Галлера, скрывающейся звериный инстинкт. Одним словом, Гессе мастер психологической прозы. Он мог умело войти в душу представленного образа, которого он описывал и мог превратить прожитые чувства, внутренние страдания в художественные слова и в его свет и краски. Но Гессе в то же время умелый мастер, в создании психологии эпохи и самой времени, которых он описывал. Герой Гессе является олицетворением души и чувства, но только мораль делает его человеком. Обратим внимание на роман «Степной волк». Гарри Галлер, представитель потерянного поколения интеллигенции XX века, страдающий душевными колебаниями и противоречиями приводится к зеркалу в магическом театре. Именно зеркало представляется здесь как решающий фактор. Это, как бы удвоенный мир, удвоенная личность, удвоенная психика – средство для познания человека самого себя. Все эти методы в психоанализе являются гипнотической интервенцией извне. Со стороны психолога рассматривается для понятия проблем человека и выяснения причин, терзающих его. Гессе подвергает своего героя этому, и Гарри Галлер раскалывается в зеркале на разные образы. Все эти образы – это ступени его жизни. Каждый образ в этом зеркале объединяет пережитые им годы, которые запечатлелись в нем. Это также показывает, что Гарри владеет не двумя, но множественными натурами и его жизнь проходит между двумя полюсами – инстинктом и моралью. Многочисленная натура в душе Гарри формируется согласно учению Юнга о «коллективной бессознательности» или же иными словами массовой психологией. Именно в романе «Степной волк» выясняется концепция «процесса индивидуализации» более четко. Его встреча с другом детства Густавом в этом мире фантазии, их смертельная игра в этом хаотичном мире не случайно. Причина всех этих явлений кроется в образах в зеркале и в пути, которую выбрал Гарри. Гарри следует за своим 16-17 летним образом и по этому встречается со школьным другом Густавом.» Темперамент этого возраста очень буйный, энергичный, горячий, безумный и читатель видит с этого момента в Гарри Галлере эти качества и становится свидетелем превращения его в магическом театре из психологии личности на вышеназванную массовую психологию. А это такой поток, что «сознательный человек здесь исчезает, причем чувства и идеи всех отдельных единиц, образующих целое, именуемое толпой, принимают одно и то же направление» (5, 155). Здесь он потеряет способность думать, анализировать, рассуждать потому что рассуждающий Гарри остался в реальном мире. А в этом мире Гарри следует слепо за своей молодостью и позволяет извержению своих страстей. Но каждое изменение в человеческой психике имеет свою подсознательную причину в корне, и в бессознательном поведении юношеских лет Гарри кроется проблемы зрелого Гарри, который был вынужден жить годами в противоречиях, с которыми он не мог согласиться, и был, отвергнут окружающими его людьми. Наконец-то он позволяет свободному извержению своих протестов и страстей. Но у него другая цель, которая вынудила его, присоединится к уничтожающему потоку этой воображаемой массы – это гуманизм и чистое общество, попытка к самопознанию. Личность и мыслитель Гарри Галлер, который очень умело, анализирует процессы в обществе и кризис в искусстве, который очень ясно рассуждает и ведет политику, становится здесь одним из членов этой толпы. Это не случайно. Этим хочет писатель показать, что все человечество подвергнуто этой психологии. Обращая на это внимание можно заметить, что Гессе действительно является знатоком аналитической психологической науки: показывая результат, писатель очень искусно объясняет причину и корень патологий в человеческой психике. Обратим внимание на одну цитату: “Но я вижу в них нечто большее, документ эпохи, ибо душевная болезнь Галлера – это мне теперь ясно – не выверты какого-то одиночки, а болезнь самой эпохи, невроз того поколения, к которому принадлежит Галлер, и похоже, что неврозом этим охвачены не только слабые и неполноценные индивидуумы, отнюдь нет, а как раз сильные, наиболее умные и одаренные” (8, 82).

Задача Гарри Галлера здесь состоит в том, что между своим интеллектуальным «я» и звериной тенью он должен устранить двойственность. Здесь мнение Юнга находит свое подтверждение «Избыток звериного начало обезображивает культурного человека, а избыток культуры приводит к началу звериного заболевания» (6, 33).

В произведениях Гессе мы становимся свидетелем борьбы героев между самим – собой и что они ищут путь к своему внутреннему миру. О натуре такого конфликта Юнг писал: «Как только человек осознает, что у него есть [...] Тень и его враг в его собственном сердце, начинается конфликт, и один становится двумя» (6, 52). Это мы видим в образе Гарри, Демиана и Сиддхарты.

Герман Гессе, хорошо осведомленный о человеческом внутреннем мире из лекций Юнга, Фрейда и Ланга, отдал образы от рациональных, которые вызывают чувство ненависти к человеку, и опи-сал их как людей, понимающих болезнь общества, жаждущих правды и душевного исцеления. Но с Йозефом Кнехтом, героем романа «Игра в бисер» дело обстоит иначе. Достигнув уровня мастера игры (магистра) жизнь Кнехта состоит в том, что он завоевывает Кастилийские вершины и в конечном итоге понимает, что кастилийцы ведут совсем иную, незнакомую, замкнутую жизнь, которая отличается от жизни обычных людей, и он понимает, настолько опасно эта жизнь. Писатель приходит к такому выводу, что попытка развивать искусство вне общества может превратить его в бессмысленную и беспредметную вещь.

Таким образом, психоанализ, который в определенный период жизни Гессе стал почти его увлечением, оставил большой след в его творчестве и мыслях, и помог ему приобрести своеобразный вид мышления и художественное обличие античных религиозно-философских учений.

1. Гессе Г. «Избранные сочинения», том 7, зуркамп, 1987.
2. Hesse H. – Jahrbuch, Band 2, Max Niemeyer-Verlag, Tübingen 2005.
3. Yung C.G. „Briefe“, Valter-Verlag 1972, Band 3, – с. 221.
4. Гессе Г. Клингзор: Романы, повесть и новеллы / пер. с нем. – М.: ООО «Издательство АСТ»; Харьков: Фолио, 2000.
5. Лебон Г. «Психология масс», – Минск: «Харвест»; М.: АСТ, 2000.
6. Юнг К.Г. «Психология бессознательного», – М.: Канон+, 2003.
7. Гессе Г. «Степной волк» – Баку: Язычы, 1990.
8. Ян ван Райкенборг, Катароза де Петри «Универсальный гнозис», пер. с немецкого, theosophy.ru/lib/gnosis.htm

Түйін

Әдебиет пен психологияның ортақ қырларының бар екені туралы пікірлер ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында айқындала түсті. Зерттеулер қорытындысы бойыша ғылым мен өнер карама-қарсы көзқарас емес, керісінше олар бірін-бірі толықтыратын адамның ішкі әлемінің көлеңкелі тұстарын сәулелендіретін екі құрал. Мақалада автор Герман Гессе шығармашылығына психологиялық талдаудың әсері туралы баяндайды.

Summary

This paper deals with the formation and development of psycho-analysis as a new science in Europe at the end of the XIX century and the beginning of the XX century, and increasing interest in it among creative people. The paper analyses the influence of this science on German writer Hermann Hesse's creative work as well. Herman Hesse was personally acquainted with Carl Jung and I.B. Lang and underwent psycho-analysis under their assistance.

КОРЕЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЖАНРЛАРЫ

Г.Б. Тоқшылықова – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы

Поэзия жанры корей әдебиетінде ежелден жақсы дамыған. Халық өміріндегі поэзияның ролі, жанрлық сипаты мен орындалу мәнері, поэтикалық туындылардың табиғаты мен ерекшелігі секілді поэзияға қатысты мәселелер корей әдебиетінде біршама зерттелген. Жалпы корей әдебиеті екі тілде жазылуына байланысты корей тіліндегі туындылар және ханмун туындылары («ханси», сөзбе-сөз аударғанда «қытай өлеңдері») деп екі тармаққа бөлінеді. Ханмун – вэньянь қытай жазба тілінің корейлендірілген формасы. Ханмунмен жазылған корей поэзиясы IX ғасырда басталып, XIX ғасыр соңында аяқталды. Ханмунның халық арасына етене сіңіп кеткені соншалық, сарай ақындарын айтпағанда, кез-келген білімді адам, оқымысты, әскербасы, янбан (дворян), мейлі буддалық монах болсын өз эрудициясын, білімін, тәрбиелігін, мәдениетін тек ханмун өлеңдері арқылы көрсетуге тырысты. Тіпті жоғарғы шен алу үшін емтихан тапсырғанда да ханмун тілінде шығарма жазуға тиісті болды. Ханмунмен байланысты бірнеше жанрлар дамыды: уставтық өлеңдер гэлюйши, бес немесе жетітар-мақты цзюэцзюй, жетітармақты пайлюй, шағын юэфу т.б. Ханмун туындыларының кең тарағанды-ғын XVI-XVII ғасырларда енквиеси деп аталатын арнайы поэтикалық сайыстың өткізіліп отырғанды-ғынан байқауға болады. Ал біздің бүгінгі сөз етпегіміз корей тіліндегі өлеңдердің пайда болып, даму тарихы жайында болмақ.

Корей фольклорының лирикалық жанрына жататын мине деп аталатын халықтық өлеңдер бүгінгі корей поэзиясында кездесетін барлық жанрлардың бастау көзі болып табылады. Корей поэзиясының ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген көптеген халықтық өлеңдер мазмұны мен пішініне қарай әртүрлі. Еңбекке, әдет-ғұрыпқа, тұрмыс-салтқа байланысты туған пхунье өлеңдері тақырыптық тұр-ғыдан корей дәстүрлерімен байланысты болып келсе, чхаме өлеңдері өткір, саяси мазмұнда келіп, аллегория түрінде беріледі. Корей тілінде жазылған өлеңдер корей ұлттық музыкалық аспаптарының (пак, пипха, каягым) сүйемелдеуімен айтылды. Ханмуннан ерекшелігі корей тіліндегі өлеңдердің жекелеген жинақтары, антологиясы болған жоқ. Бұл туындыларда кездесетін әдеби көркемдегіш тәсілдердің барлығы дерлік халықтық өлеңдерден алынған (гипербола, метафоралық образдар, лири-калық арнаулардың композициялық тәсілі, қайталаулардың әртүрлі типтері т.б.). Ал өлең өлшемі әдетте қысқа болып келеді, жиі кездесетіні – төрттармақты шумақ.

Корей поэзиясындағы жетекші жанрлар қатарында хянга, сиджо, каса, коре кае, кенгичхега, таль-гори, чханга, чаюси өлеңдері аталады. Соның ішінде ең негізгісі әрі ең көнесі хянга өлеңдері. **Хянга** – иду тәсілімен (иду тәсілі – корей тілінің сөздері мен грамматикалық көрсеткіштерін фонетикалық таңбалау кезінде қолданған қытай иероглифтері) корей тілінде жазылған. Хянганың 25 өлеңі сақтал-ған. Олар екі буддалық жинақта: 11 өлеңі – «Кюне өмірінде», 14 өлеңі – «Үш мемлекеттің тарихи жазбаларында» қалып кеткен істер» атты тарихи ескерткіш «Самгук юсада» жазылған. Хянга өлеңде-рі 4, 8, 10 жолдан тұрады. 10 жолдан тұратын хянга үш шумаққа бөлінеді: екі төрт жолдан және соң-ғы екі жолдан. Біздің заманымызға дейін хянга әртүрлі пішінде жеткендіктен, оның нақты өлшемі әлі күнге белгісіз болып отыр. Корей тілінің ең ежелгі жазба ескерткіштері хянганы алғашында сэнэн-норэ немесе санвега деп атады. Хянга – «туған елдің әуені», «ана тілінде жазылған өлеңдер». Бұл Корей түбегінің оңтүстік-шығысында орналасқан, сонан VII ғасырда бүкіл түбекті өзіне бағындырған Силла дәуірінде (VII-X ғғ.) кеңінен тараған поэзияға берілген жалпы атау. Хянга өз кезегінде қытай тілінде туған поэтикалық туындыларға, әсіресе танси өлеңдеріне қарсы бағытталған дүние болған-дықтан, корей әдебиетінде әуел бастан-ақ «өзінікі» мен «өзгенікінін» арасындағы бөлінушілік қалып-тасқан [1, 20]. Себебі қытай иероглифтерімен жазу күшейіп, ханмун өлеңдері шарықтап дамығанда корей тілінде жазылған корей әдебиетінің ежелгі дәстүрі – хянга елеусіз қалды.

Хянга – корей мемлекетін құрушылар туралы тарихи аңыздар мен ежелгі ритуалдық өлеңдерден туды. Хянга өлеңдерінде әлемді тану, түсіну мен ондағы хаос пен космостың өзара әрекеті моделі көрініс тапқан. Ежелде поэтикалық сөздер магиялық қызметке ие болды. Поэтикалық сөз космос эле-міндегі тәртіпті сақтау керек. Хянганы ритуалды өткізу үдерісінде абыз-ақындар шығарды. Әрине, ритуалдар көп болуы мүмкін, бірақ олардың бәрі бір ғана айқын мақсатқа ие болды: әлемде үндестік-тің бұзылмауын қадағалау, демеу мақсаты болды.

Дәстүрлі корей поэзиясында кең тараған жанр – **сиджо**. Сиджо (сичжо) сөзін зерттеушілер «біздің дәуіріміздің әуендері» немесе «жыл мезгілдері әуендері» деп түсіндіреді. Сиджо алғашында таньга деп аталды, тура мағынасында «қысқа өлең» дегенді білдіреді. Сиджо жапонның хокку стиліне жақын келеді. Әр тармақта 14-16 иероглифтен келіп, үш тармақта барлығы 44-46 иероглиф болады. Тармақтың ортасында кідіріс жасалатын болғандықтан сиджо

өлеңдерін басқа тілдерге аударғанда үш емес, алты тармақты болып шығады. Жанрдың басты ерекшелігі оның нақты метрикалық өлше-мінде. Кең тараған немесе классикалық деп танылған сиджо үштармақты қысқа өлеңдер болып келе-ді. Сиджода ұйқас болады, бірақ ол тек қана ерікті ұйқасқа құрылады. Сиджо өлеңінің құрылысы әртүрлі: пхен-сиджо («эмбрионалдық ұйқас») үш тармақты шумақтан тұрады; ос-сиджо («циклдық сиджо») нақты бір тақырып аясында жырланады; сасоль-сиджо («баяндайтын сиджо»), кейде оны ұзын сиджо («джан-сиджо») терминімен де атайды [2].

Корей поэзиясындағы сиджо жанрын арнайы зерттеген орыс ғалымы М.И. Никитинаның айтуын-ша, бұл өлеңнің тууы ел тарихындағы драмалық оқиғамен байланысты. XIV ғасырдың II жартысында өмір сүрген конфуциандық ойшыл Чон Монджу өз билеушісіне адал қызмет етеді. XV ғасырдың басында билік басына келген Ли Сонге әулеті Чон Монджу секілді данышпаннан айрылып қалғысы келмей, өзара саяси одақ құрып, өздеріне қызмет етуді ұсынады. Бірақ Чон Монджу «қанша азап көріп, сүйегім күл боп ұшса да, өз билеушіме сатқындық жасай алмаймын» деп, олардың ұсынысы-нан бас тартады [3, 6]. Чон Монжудың бұл шешімі үшін Ли Сонге оны өлтіруді бұйырады. Өлер алдында шығарған Монжудың бұл өлеңі күні бүгінге дейін сиджо жанрының классикалық үлгісі саналады. Осы сөз болып отырған классикалық үлгіде хянга өлеңдерінде кездесетін ежелгі мәдени дәстүр – «үлкен» мен «кішінің» қарым-қатынасы, адалдығы байқалады.

Сиджо жанры коре кезеңінің соңында пайда болғанымен, қытайлық Сон династиясының дәуірлеп тұрған жаңа идеологиясы – жаңаконфуцийшілдіктің әсерімен Чосон дәуірінде ерекше қарқынмен дамып, өркендеді. Сиджода материалды 3 бөлікке бөлу композициялық принципі бар. Алғашқы екі жол тақырыбы тұрғысынан бір-бірімен байланысты: бірінші жол көп ретте сұрақ түрінде өлең тақы-рыбын немесе көтерген мәселесін білдіреді, екінші жолда ситуация дами түседі, соңғы үшінші жол шешуші жол, негізгі түйін жасалады [4, 15]. Сиджо көркем сөзбен оқылған жоқ, ол музыкалық аспап-тың көмегімен әндетіп айтылды.

Сиджо тақырыбы ауқымды, себебі көптеген сиджо өлеңдері табан астында шығарылды. XV-XVI ғғ. корей поэзиясындағы сиджоның негізгі тақырыбы – адамгершілік, отанды қорғау, елде тыныштықты сақтау, билікке келген жаңа династияға демеу көрсету және бұрынғыны талдау, өз отаны мен билеу-шісіне адал берілген патриотизм мәселесі, табиғат суреттері жырланады. Басқа жанрлармен салыс-тырғанда сиджо өлеңдері көп сақталған, оның антологиясы да жасалған. Оның ішіндегі ең көрнектісі «Пенва Кагок», онда 1109 сиджо жинақталған. Сиджо өлеңдерінің кейбір үлгілерін қазақ тіліне ақын О.Асқар аударған.

Сиджоны жапон поэзиясындағы хокку (хайку) жанрымен жиі салыстырып отырады. Хоккудан ерекшелігі сиджода троп түрлері көп қолданылады: метафора, аллюзия т.б. Сонымен бірге сиджода дыбыстық ойындар жиі қолданылып отырады [4, 17]. Сондай-ақ түс те үлкен роль атқарады. Сиджода адамның тыныштықтағы, жайланған көңіл-күйін білдіретін жасыл, ақ, көк түстер басым келеді. Бұл түстер Басқа символдармен бірге олар қосымша мағынаға да ие болады. Мәселен, ақ пен ай түсі жал-ғыздықтың белгісі болып табылады.

Коре династиясы дәуірінен бұрын пайда болып, қалыптасқанымен Чосон династиясы дәуірінде, яғни ортағасырлық кезеңде дамыған (XV ғ.) корей поэзиясындағы келесі бір жанр – **каса жанры**. Каса өлеңінің алғашқы үлгісін жасаушы Чон Гыгин («Көктемді жырлаймын») деп танылған. Ал әрі қарай дамуына ерекше үлес қосқан көзі тірісінде туған халқының ықыласы мен мейіріміне ие болып үлгерген көрнекті ақын Чон Чхоль. Ч.Чхольдың артында қалдырған мұралары қомақты: ханмунмен жазылған 7 том шығармалар, 80-нен астам сиджо, 4 каса т.б. Ч.Чхоль «Квандондық әуендер», «Сон-сондық әуендер» атты екі пейзаждық касасында табиғаттың әсемдігін, кереметтігін, ұлылығын, өзінің жан-дүниесі табиғатпен біте қайнасқан, үндестікте екендігін шабыттана жырлайды. Ақын өлеңдерін-де адам баласы табиғатқа үн қатып, оңашада онымен тілдесе отырып, өз қуанышын, жан тынышты-ғын табады. Чхоль касасындағы образдың сан алуандығы, теңеулердің көптігі экспрессивтілікпен, ырғақпен үйлесім тауып жатады. Чхоль касасында суреттелгендей пейзаж үлгісін бүкіл корей поэзия-сынан табу қиын [5].

Чхольдың дәстүрін жалғастырушы белгілі ақын Пак Инно (1561-1642) болды. Ақынның «Нога аймағы туралы әуен», «Тұйық көше туралы сөз» атты касалары өмірінің тақуалық кезеңіне арналған. Пак Инно 1592-1598 жылдары Имджин азаттық соғысы кезінде жапон армиясы мен флотын талқан-дауға белсене қатысты. Ақынның соғыс уақытында, соғыстан кейін жазған «Әлем туралы өлең», «Кемедегі ойлар» т.б. касалары өз дәуірінің патриоттық көңіл-күйін бейнелейді. Инно касалары корей халқының ұлттық батыры, қолбасшы Ли Сунсин өлеңдерімен үндес келеді.

XVI-XVII ғасырларда каса жанрының тақырыптық ауқымы кеңейіп, ол тек табиғат тақырыбын суреттеумен шектелмей, махаббат тақырыбын жырлауға ойысты. Ол кісэндер шығармашылығында да кеңінен таралып, дамып жатты. Кісэндер арасында білімді, талантты

ақын қыздар (Хван Джини т.б.) көптеп кездесетін.

Кае жанры. Коре дәуірі әдебиетіне тән сипат – хянғаның әлсіреп, қытай иероглифінің кеңінен қолданылуы, «Коре каеның», яғни кае өлеңдерінің пайда болуы. Хянғаның жалғасы ретінде әдебиет сахнасына X-XIV ғасырларда корей поэзиясында пайда болған жаңа пішін – Коре кае (чанга, сол дәуірде үстемдік еткен Коре әулетіне сәйкес «Коре өлеңдері» деп аталды) шықты. Кае өлеңдері де иду тәсілімен жазылды. Ол негізінен әдет-ғұрыптық, сүйіспеншілік мазмұнда келеді. Кае өлеңдері патша сарайында мойындалып, кеңінен таралды. Коре өлеңдерінің пішіні ұзын болып келеді (чанга сөзі ұзын өлең деген мағынаны білдіреді). Қысқа шумақтар (2 немесе 4 жолдан тұратын) нақты бір тақырып бойынша циклдарға бірікті де, қайталанып отыратын қайырмалармен (рефрен) аяқталып отырды. Шумақ саны тұрақты болған жоқ. Бұл кезеңдегі поэзияның әсері қаса жанрларында байқалды. Кае өлеңдері ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарап Чосон кезеңіне дейін жетті. Чосонның ерте кезеңінде ұлттық алфавит – хангыльдың пайда болуы корей әдебиетінің тарихындағы шешуші кезеңдердің бірі болды. Корей алфавитінің көмегімен «Енбечхонга» («Аспанға ұшып бара жатқан айдаһарға арналған ода») секілді туындыға ақчан (музыкалық партитура) жазылды.

Силла дәуірінде хянга қандай маңызды роль атқарса, Коре дәуірінде ханмун поэзиясы сондай роль атқарды. Онымен қоғамның оқыған бөлігінің патриоттық талпыныстары байланыстырылды, солар ғана елді шет мемлекеттерге жақсы таныта, көрсете алатын. Туған тілдегі поэзия екінші орынға ысырылды. Міне, сондықтан да «Коре кае» («Коре өлеңдері») деп аталатын корей тілінде жазылған поэтикалық туындылар хянга секілді аз сақталды. Силла дәуірінде хянга өлеңдерін жинау ісі қолға алынса, Коре дәуірінде ана тіліндегі поэзияның антологиясы жасалған жоқ, жинауға ниет те болған жоқ.

Хянгамен салыстырғанда, каеның пішіні әртүрлі болып келеді. Бірнеше ғана жолдан тұратын қысқа каелар, он шумақтан асатын көлемді каелар да бар. Олар хянгадан тақырыптық жағынан ерекшеленеді. Кае хянгадан ақсүйектерге, зиялыларға арналған туындыларымен ерекшеленеді. Мәселен, «Чон Гваджонның өлеңі», «Чонсокка» т.б. каеларда ақын өз билеушісіне құлай берілуді, адалдықты жырлайды. Кае өлеңдерінің арасында буддалық туындылар жоқ [5]. Олардың кейбірі сүйгенінен айрылысуға арналса, кейбірі әлеуметтік сынға арналады. Жалпы кае өлеңдерінде хянга дәстүрі жиі кездесіп отырады. Мұнда да «кішінің» (бағынушы) «үлкенге» (билеуші) деген адалдығы, «космос» пен «үлкеннің» келбеті арасында байланыс бар деген ой айтылады.

Кенгичхега жанры. Корей поэзиясындағы тағы бір өзіндік жанр – халлим пельгокчхега – «академиялық әндер стиліндегі өлеңдер». Оларды басқаша кенгичхега («астана төңірегінде айтылатын әндерге ұқсайтын туындылар») деп те атайды. Бұл жанр XII ғасырдың I жартысында моңғол шапқыншылығынан кейін Коре астанасы көшірілген Канхва аралында пайда болған. XIV ғасырда бұл жанр тарих сахнасынан кетті. Кенгичхеганың 14 туындысы сақталған. Оның авторлары негізінен табиғат сұлулығы мен сарайдың салтанатты өмірін жырлайтын сарайлық оқымыстылар болды. Кенгичхега ортағасырлық эстеттердің талғампаз, формалистік поэзиясы деп те саналды. Соған қарамастан дәл осы жанр корей өлеңдерін бір тәртіпке келтіруде маңызды роль атқарған. Кенгичхега жанры ханмун поэзиясымен байланысты болса да (қытайлық сөз қолданыстары көп қолданылды), халық әндерінен, әсіресе хянгадан көп нәрсені бойына сіңірді. Кенгичхега үш бөлімнен тұрды. Кенгичхега туындылары өлеңнің қысқа түрінен ұзақ түріне қарай ауысуының сайысы іспетті болды.

XVIII ғасырдың соңында төменгі тап арасында **чапка** («күрделі өлең») атты халық өлеңдерінің түрі пайда болды, ол пішіні жағынан қасаға ұқсас келді. Ол кәсіби бишілер – кисәндердің орындайтын халықтық әндерінен жасалған попури сияқты болып келеді. Чапка белгілі бір өлең өлшеміне бағынған жоқ. Осы уақытта **тальгори** («жыл мезгілдерінің әні») өлеңдері кең таралды. Ол да қаса өлеңдеріне ұқсас болды және ай күнтізбесі бойынша 12 айға бөлініп отырады. Тальгори ауылшаруа-шылық жұмыстары басталатын немесе аяқталатын кезге сәйкес келетін халықтық мерекелерде айтылды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғ. басында яғни ағартушылық кезеңде **чханга** өлеңдері пайда болды. Мазмұны жағынан өзекті мәселелерді көтерген бұл қысқа өлеңдер өзінің ритмикалық-мелодиялық қатарын (құрамын) жаңа поэзия мен корей тілінің заңдылықтарына сәйкес толықтырып, жаңартып отырды. Көпқұрамды стопалардың кезектесіп келуінен тұратын чханга метрикасы (өлшемі) верлибр бағытына қарай дамыды [5]. Ескінің «жаңа поэзияға» (көк) қарай бет алуы XX ғ. 10-20 жылдары жаңа замандық еркін өлең **чаюсидің** пайда болуына кеп соқты.

Ханмун поэзиясы мен корей тіліндегі поэзия тақырыптық, идеялық, мазмұндық жағынан бір-бірінен алшақтап, бөлініп кеткен жоқ, керісінше, бір-бірімен байланыста болып, бірін-бірі толықтыра отырып корей поэзиясын дамытты. Корей әдебиеті жөнінде жазылған зерттеу еңбектерге сүйене отырып, корей тіліндегі поэзияның дамыған кезі – VII-XVII ғасырлар деп

көрсетуге болады. Корей тілін-дегі өлеңдердің қай-қайсында болса да айтылатын мәселе – отанды қорғау, өз билеушісіне сатқындық жасамау, адамзатты қоршаған табиғатқа зиян келтірмеу, оны қаз-қалпында сақтау. Табиғат пен адам арасындағы гармонияның сақталуы үшін корей ақындары көп күш жұмсады. Сиджо, қаса жанрларында пейзаждық лириканың әдемі, ерекше үлгілерінің тууы осыған дәлел. Сондықтан да корей поэзиясы жанрларының тәлім-тәрбиелік мәні ерекше болады.

1. Троцевич А.Ф. История корейской традиционной литературы (до XX в.). Учебное пособие. Издательство Санкт-Петербургского университета. 2004.

2. Концевич Л.Р. Корееведение. Корейская поэтика. Статьи. Интернет көзі: kore-saram.ru_Articles/Article info.aspx.

3. Никитина М.И. Корейская поэзия XVI-XIX вв. в жанре сиджо. – СПб., 1994. – С. 306.

4. Николаева А.С. Корейская классическая поэзия сиджо как объект перевода. Сибирский федеральный университет. 2001.

5. Корейская поэзия. Википедия. Интернет көзі: ru.wikipedia.org_wiki//philology.ru.

Резюме

В этой статье говорится о жанрах корейской поэзии.

Summary

In this article devoted of genre Korean poetic.

ТӨЛ ӘДЕБИЕТІМІЗДЕГІ ЭЛЕГИЯ ЖАНРЫН ЗЕРТТЕУ ІСІНІҢ БАСТЫ МІНДЕТТЕРІ ЖАЙЫНДА

Н.Рахымжанов – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің магистранты

Сөз өнерінің тек пен түрлері, олардың пайда болуы, туып-қалыптасуы туралы ой-пікірлер, ғылы-ми тұжырымдар ежелгі грек ғұламаларының (Платон, Аристотель т.б.) еңбектерінен бастау алып, қазірге дейін әдебиеттануда зерттеліп, зерделеніп келе жатқаны мәлім.

Сөз өнерінің тек деп аталатын бір саласын өмір шындығын адам көңіл күйімен, сезім-сырымен астастыра жеткізетін **лирика** десек, сол лириканың ішінде мұң мен сыр аралас назды жеткізетін, жанның жабырқау, торығу, қамығу сәттерін бейнелейтін жанр **элегия** екендігі белгілі.

Ғылыми еңбектерде лирикалық шығармалар ақынның айналасындағы құбылыстарға қатысын, әсерленуін аңғартатын тәсіл-жолдарына қарай элегия, ода (мадақ өлең), сонет, баллада, эн өлеңі, гимн, романс, сонет, идиллия, канцонетта, пастораль, эклога, эпиталама, эпитафия (жоқтау), эпиграмма (сатиалық лирика) сияқты бірқатар жанрларға жіктеледі. Солардың ішінде **элегия** жанры зерттеу-оқулықтардың көпшілігінде лириканың танымал түрлері мен жанрлық формалардың бірі ретінде қарастырылады.

XX ғ. екінші жартысынан бастап орыс және қазақ әдебиеттануында бірқатар әдебиеттанушылар-дың әдебиеттің тектері мен түрлері жайында жазған еңбектері, поэзиядағы **элегия** жанрына берген теориялық анықтамалары және көркемдік-жанрлық қалыптасу, даму тарихына қатысты айтылған азды-көпті ойлары айтылғанымен, қазақ әдебиеттану ғылымында төл әдебиетіміздегі элегия жанры-ның туу, қалыптасу тарихы күні бүгінге дейін арнайы қарастырылмаған.

Сондықтан бүгінде элегия жанры туралы қалыптасқан теориялық тұжырымдарды негізге ала отырып төл әдебиеттегі аталған жанрдың қалыптасу, тарихи даму жолын байыптау, қазақ ауыз әдебиеті мен жазба поэзиясындағы алатын орнын айқындап, көркемдік-жанрлық табиғатын тану қажеттігі туып отыр.

«Элегия» атауының термин ретіндегі этимологиялық түп-төркініне назар аударсақ, бұл жайында қазақ әдебиеттанушыларының құрастыруымен шыққан «Әдебиеттану. Терминдер сөздігінде» грек тілінде «аянышты жыр», «мұңды өлең» мағынасындағы «elegeia» сөзінен туындаған делінген [1; 374]. Ал Л.И. Тимофеев, С.В. Тураев құрастырған «Словарь литературоведческих терминов» сөздігінде әртүрлі мағыналық тұжырымның бар екендігі айтылады: бірінші болжам бойынша, фригиялық «elegn» сөзінен («тростник», «тростниковая флейта») болуы мүмкін делінсе, екіншісі бойынша, гекза-метр мен пентаметрден құралатын екі жолды тақпақ деген ұғымды білдіретін «elegeion» деген грек сөзінен немесе осындай екі жолды тақпақтармен жазылған шығарма деген «elegeia» сөзінен деген ой айтылады [2; 466]. Сондай-ақ Х.Н. Садыковтың «Введение в литературоведение» атты оқу құралында жанр атауының шығуы

грек тілінде «арыз» (мұң, шағым) тәрізді мағынада қолданылатын «eleos» сөзімен байланыстырылған [3; 103].

Жоғарыда келтірілген дерек көздерінде «элегия» атауы турасындағы этимологиялық болжау-анық-таулар мағыналары өзара жуықтас әртүрлі сөздермен байланыстырылса да (грек сөздері «elegia» – аянышты жыр, «elegion» – екі жолды тақпақ, «eleos» – мұң, шағым, наз, фригиялық «elegn»), «эле-гия» терминінің қазақ тіліндегі мазмұндық түсіндірмесі ақынның мұң-назы, нала-күйініші, жабыр-қау-жабығуы деген ұғымдарға саятындығын анық байқаймыз.

Лирикалық өлең түрі элегияның жанр ретінде қалыптасу, тарихи даму жолы орыс және қазақ әде-биеттанушыларының еңбектерінде көне грек әдебиетінен бастау алғандығы айтылады. Бұл жанрдың негізгі көркемдік-мазмұндық сипатына да өзара үндес анықтамалар берілген.

Мәселен, Х.Н. Садыковтың «Введение в литературоведение» атты еңбегінде: «Бұл лирикалық жанрдың өзіндік ертеден пайда болу және даму тарихы бар. Элегия антикалық кезеңнің өзінде белгілі болған (Овидий, Проперций, Тибулл). Кейіннен ол бүкіл Еуропаға, соның ішінде Ресейге де таралған.

Одаға қарама-қарсы сипатты элегия – мұңды, «биязы» жанр. Ол негізінен ақынның ішкі өміріне, оның ой-толғаулары мен өмірлік естеліктеріне айналған» делінген [3; 104].

Сондай-ақ Л.И. Тимофеев, С.В. Тураев құрастырған терминдер сөздігінде де элегияның ерте замандардағы жанрлық сипаты жайында маңызды дерек келтірілген: «Б.з.д. VII ғ. ежелгі Грецияда айқындалған. Алғашқыда элегия тақырыптық жағынан сан алуан болған: аса маңызда қоғамдықтан тақырыптардан бастап: патриотизм, азаматтық және әскери ерлік идеалдары (Э.Калпин, Тиртей – б.з.д. 7 ғ., Солон – б.з.д. 7 ғ. аяғы – 6 ғ. басы) – кішігірім субъективті тақырыптарға дейін: махаббат қуанышы мен қасіреті (Э.Мимнерм – б.з.д. 7 ғ. екінші жартысы). Аталған екі тақырыптық бағыт та Феогнид поэзиясында көрініс табады (б.з.д. 6 ғ. екінші жартысы – 5 ғ. басы).

Кейінірек александриялық және римдік кезеңдегі антикалық әдебиетте элегия тақырыбының аясы тарыла түскен. Жеке бастың мұң-қайғысы басты мотивке айналады: жалғыздық, баянсыз болған махаббат сағынышы, торығу, қасірет, жабырқау (Э.Каллимах – б.з.д. 4 ғ. аяғы – 3 ғ. басы, Проперций, Тибулл, Овиди – б.з.д. 1 ғ. аяғы – б.з. 1 ғ. басы, және т.б.).

Элегия Еуропалық жаңа әдебиетте өзінің белгіленген формалық нақтылығынан айырылады, алай-да мазмұндық тұрғыдан айқындала түседі, терең философиялық ойларға, мұңды толғауларға, торығу-ға ұласады» [2; 466].

Г.Л. Абрамовичтің «Введение в литературоведение» атты еңбегінде элегия туралы жоғарыдағы теориялық анықтама қуаттала түсіп, орыс поэзиясындағы көрініс сипаты қысқаша сөз болады: «Эле-гия деп әдетте өкінішке толы оқиғалардан болатын жабырқау сезімімен жазылған лирикалық өлеңді айтады.

Элегия сентименталистер мен сентиментальді романтиктердің лирикалық поэзиясының кең тараған түрі болған. Батыста Грей и Юнг, біздің Ресейде Карамзин және Жуковский элегияны түрлі деңгейде адам тіршілігінің баянсыздығы жайындағы меланхоликалық ойларға толы етіп асқақтата түскен.

Орыс классикалық поэзиясында элегияның қызметі басқа да сипат алды. Ол әлеуметтік зор маз-мұңға ие болып, қоғамдық жағымсыз құбылыстарға қатысты мұң-қайғымен айтылған наразылыққа айналады. Лермонтов пен Некрасовтің элегиясы осындай еді» [8; 241].

Қазақ әдебиеттануында элегия жанры туралы алғаш түсініктеме берген еңбек А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» болды. **Лирика** ұғымына **толғау** сөзін балама еткен ғалым бұл жанрға да қазақ сөзін «**налыс**» деп атау еткен. Сөз өнері туралы қазақ ғылымында элегия жанрының алғашқы теориялық сипаттамасы да осы еңбекте берілді: «Қайғы-қасіретсіз, уайымсыз, мұңсыз ... шаттықпен тыныш өмір сүретін адамдар тіпті болмайды. Өмір жолы мұратқа тура жүргізбейді. Тура жүргізбесе, көңілге реніш, шер пайда болады. Сондай өмір жүзіндегі түрлі опасыздық ақынды да ренжітеді, мұңайтады, ықыласын қайтарады. Ренжу, мұнайю, ықылас қайту ақынды көңілсіз күйге түсіреді, шерлендіреді. Шерлі күйден шыққан сөз мұңды болып шығады. Сондай мұңды, шерлі толғаулар налыс деп аталады (курсив біздікі – Р.Н.)» [6; 170].

Қазақ тілінде жарық көрген «Әдебиеттану. Терминдер сөздігінде» элегияға берілген анықтама төмендегідей болды: «Көбіне тұңғиық ойға шому, қамығу, жабығу сарындары басым болып келеді. Алғашқы нұсқалары егіз тармақты өлең күйінде ежелгі грек, рим поэзиясында қалыптасқан. Ол кезде тақырыбы, мазмұны алуан түрлі болып ақынның әр қилы өмір, тіршілік туралы толғаныстары қам-тылған. ... Оған (мұңды лирикалық өлеңге – Р.Н.) тіршілікке, тағдырға, табиғатқа мегзей қарайтын лирикалық толғаныс, нәзік сыршылдық тән» [1; 374].

Профессор Серік Мақпырұлының «Адамтану өнері» атты еңбегінде де элегияның жанр ретіндегі көркемдік-мазмұндық ерекшелігі алғашқы айтылған еңбектердегі ойлармен үндес

сипатталады. Автор әдеби жанрдың табиғатын ашуда мейлінше бейнелі ойға жүгініп, оқушысына теориялық түсі-нікті төмендегідей баяндайды: «Бірде ол (адам – Р.Н.) көңілінің ақ кептерін алысқа ұшырып, шатта-нып, әлденені армандап, қиялға берілсе, енді бірде көңіл көгін бұлт торлап, өзін жапан түзде жалғыз қалғандай сезініп, жабырқауы, әлде бір өкініш өзегін өртеуі немесе мына қызыл-жасыл дүниенің жал-ғандығын, өтпелілігін, сезініп, торығуы да мүмкін. ... Міне, осындай адам көңілінің жабырқау, мұң-лы-сырлы күйін танытатын шағын-көлемді лирикалық өлең **элегия** деп аталады» [5; 138].

Аталмыш еңбекте және жоғарыда келтірілген зерттеулердің барлығында да бұл жанрдың түп-төркіні ежелгі грек әдебиетінен бастау алғандығы, кейіннен барлық Еуропа, әлем әдебиетіне таралғандығы мәлім болады. Орыс поэзиясында кейіннен сентиментализм мен романтизм кең қанат жайғанда элегия басты жанрдың бірі болғандығы Г.Абрамовичтің еңбегінде де, сөз болып отырған «Адамтану өнерінде» де айтылады. Бұл кезеңге қатысты Н.М. Карамзин, В.А. Жуковский, К.И. Батюшковтардың шығарма-шылығы сөз болса, реалистік орыс поэзиясының белді өкілдері А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Н.А. Некрасовтың элегиялық туындылары ауқымды әлеуметтік мазмұн алып, қоғамның келеңсіз құбылыстарынан туындаған жабығу мен торығуға толы болғандығы элегияның тақырыптық шеңбері кеңейгендігін, жаңаша мазмұндық сипатта түлей түскендігін көрсетеді.

Осы орайда қазақтың сөз өнеріндегі элегиялық жыр-өлеңдердің пайда болуы, әдебиеттегі алғашқы мазмұндық көрінісі қай кезеннен бастау алады деген сұрақтың туындауы заңдылық. Оның жауабын қазақтың төл әдебиетіндегі лириканы, ондағы элегиялық сарын-сипатты әдеби фольклордан іздеуден бастаған жағдайда ғана табуға болар. Элегиялық лирикаға тән мұң, наз, торығу, қайғы-қасірет шегу сезімдері де қазақ халық ауыз әдебиетінің өзекті жанрларына арқау, негіз болғандығы белгілі. Осы тұста ұлы жазушы, академик-фольклорист М.О. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде қазақ-тың ауыз әдебиетінің бір саласы деп «Сыршылдық салт өлеңдерін» даралауына назар аудара отырып, қазақ сөз өнеріндегі элегиялық лириканың тамыр тартқан түп-төркіні сонау ертеден екендігіне көз жеткізу қиын емес [11; 22].

Жоғарыда айтылғандай, төл әдебиеттегі элегия жанрының қалыптасу, тарихи даму жолын байыптау, халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттегі алатын орнын айқындау қажеттілігіне орай аталған жанрды зерттеу ісінде мынадай басты міндеттерді орындау көзделуі тиіс:

- Қазақ халық ауыз әдебиетіндегі лирикалық шығармалардағы элегиялық сарындарды, ерекше-ліктерін қарастыру;

- Жыраулар поэзиясындағы элегиялық толғауларды айқындау, көркемдік ерекшеліктерін ашу;

- Қазақ жазба поэзиясындағы (Махамбет, Абай, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, Б.Күлеев т.б.) эле-гиялық туындылар ерекшеліктерін байыптау. М.О. Әуезов аталған еңбегінде сыршылдық салт өлең-дерін «Елдің салтына байланысты туатын шер өлеңдер», «Қыз ұзату үстінде туатын салт өлең-дер», «Дін салты мен ұғымынан туатын салт өлеңдер» деп жіктеп, ел салтына байланысты туатын шер өлеңдерге жоктау, естірту, қоштасу, көңіл айту сияқты ауыз әдебиет түрлерін жатқызуы эле-гиялық лириканың қазақ өлең-жырларында ертеден бар болғандығын растай түседі. Сыршылдық салт өлеңдерінің бір бұтағы ретінде көрсетілген қыз ұзату үстінде туатын салт өлеңдердің де дені уайым, мұң шегу, жабырқау сезім жырланатын сыңсу, қоштасу, жар-жардан тұратын болғанда, бұлардан да элегиялық лирика таңбасын анық көруге болады. Тіпті фольклортанушының осы аталған өлең-жыр-ларды бір арнаға топтаған «шер өлең» деген термин сөзі «элегия» атауына балама сипатты болып тұрғандығын аңғару қиын емес.

Сонымен қатар, А.Байтұрсынұлы да ауыз әдебиет үлгілерін түр-түрге жіктеу барысында әдеби фольклорда элегиялық мазмұн-сарынды жырлардың болғандығын аңғартады. «Әдебиет танытқышта» бұған қатысты былай дейді: «Толғау (яки мұңды өлең) деп көп көңілдің неше түрлі күйін шешетін өлеңдер айтылады. Мәселен, ғашықтық, сағыныш қайғы, күйініш, кейістік, кіжініс, өкпе, наз сияқты көңіл күйлерін білдіретін өлеңдер» (Ахаңның «толғау» сөзін жазба әдебиет тектеріне де, ауыз әдебиетінің түрлеріне де қатысты атау ретінде қолдануының сәтті-сәтсіздігін сөз ету өз алдына бөлек жұмыстың міндеті болуға тиіс екендігін айта кеткеніміз жөн) [6; 120]. Бұл да төл әдебиетіміздегі эле-гиялық жырлардың пайда болуы, алғашқы мазмұндық көрініс табуы халықтық ауыз әдебиетінен бас-тау алады деген ұйғарымды қуаттай түсетіні сөзсіз.

Тек осы тұста эпифания (жоктау) жанрының лирикадағы жеке түр ретінде бөлек аталатыны ескеріліп, осы жолдар авторының тұжырымында элегиямен бір мәнде, бір контексте қаралғаны жөн болмас деген ой туындауы әбден мүмкін. Алайда элегияның жалпы жанрлық-мазмұндық сипатын сөз өнері-нің фольклорлық даму генеологиясымен аастастыра, қатар қарау барысында бұл мәселеге басқаша көзқарастың қажеттігі туды. Жоктау жанрының идеялық өзегі айтушының сезімінсіз, тек дүниеден озған адам жайында (немесе басқа да өмір құбылыстарына қатысты)

жалаң ақпар берумен шектел-мейтінін назарға алып, өзгені жоқтай отырып мұң-қайғы, қамығу, қасірет шегу сезімдерін жеткізетін жырдан элегиялық меннің айқын көрінуін уәж етсек, неге “шерлі күй кешетін автор жыр-толғауының басты мазмұны – элегиялық сыр-сарын (шер өлең)” демеске. Сондықтан қазіргі терминологияда «эпитафия» аталып жүрген жоқтау жырларын элегияның ішкі көркемдік-жанрлық бір қыры ретінде қарастыру дұрыс деген қорытынды жасалады.

Олай болса, әдебиет атты көркем сөз өнеріне тән басты сипат қоршаған орта құбылыстары мен ондағы адам жанын сырлы сөзбен бейнелеу, сезімін суреттеу екенін ескерсек, элегия деген бір атпен топталатын «адам көңілінің жабырқау, мұңлы-сырлы күйін танытатын шағын-көлемді лирикалық өлеңдер» қай халықтың болмасын әдебиетінде сол әдебиетпен қатар туып, қатар өмір сүретін дәстүр деген батыл қорытынды жасауға болады.

1. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: «Ана тілі», 1998.
2. Словарь литературоведческих терминов. – М.: «Просвещение», 1974. (редакторы-составители: Тимофеев Л.И., Тураев С.В.).
3. Садықов Х.Н. Введение в литературоведение. Оқу құралы. – Алматы: 2004.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2002.
5. Мақпырұлы С. Адамтану өнері. – Алматы: «Арыс», 2009.
6. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: «Атамұра», 2003.
7. Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: «Қазақтың біріккен мемлекеттік баспасы», 1948.
8. Абрамович Г.Л. Введение в литературоведение. – М.: «Просвещение», 1975.
9. Головенченко Ф.М. Введение в литературоведение. – М.: «Высшая школа», 1964.
10. Пospelов Г.Н. Лирика среди литературных родов. – М.: Издательство Московского университета, 1976.
11. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. – Алматы: «Ана тілі», 1991.

Резюме

В данной статье подробно рассматриваются теоретические положения жанра элегия в литературоведении и основные задачи исследования жанра элегия в казахской литературе.

Summary

The article focuses on theoretical principles of elegy genre in literary studies and the main objectives of elegy genre research in Kazakh literature.

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ВОЗЗРЕНИЯ Г.Н. ПОТАНИНА В СВЯЗИ С ПРОИСХОЖДЕНИЕМ САГИ О СОЛОМОНЕ

У.Алекберова – Институт Фольклора Национальной Академии наук Азербайджана

Происхождение саги о Соломоне занимало Г.Н. Потанина еще тогда, когда он писал свой труд «Вос-точные мотивы в средневековом европейском эпосе». Он затрагивал этот вопрос в различных частях этого произведения. Однако так как эти мысли были раскиданы по всей книге и не были развернуты, то Г.Н. Потанин почувствовал необходимость вновь вернуться к этой теме. За это время мысли

Г.Н. Потанина о происхождении саги о Соломоне приняли четкое очертание, он собрал достаточно фактов. С другой стороны, по сравнению с предыдущими годами ослабление цензуры создало ученым возможности для открытого выражения своих мыслей. Все это подтолкнуло Г.Н. Потанина вновь вернуться к вопросу о происхождении саги о Соломоне и поделиться своими мыслями с читателями.

До Г.Н. Потанина данная проблема привлекала и многих других исследователей. Посвятивший отдельное исследование данной проблеме, А.Н. Веселовский искал происхождение саги о Соломоне в Индии. По его мнению, сага о Соломоне произошла от индийских вед, известных в Европе как «Викрамачарита». Здесь встречается только одна связанная с Соломоном тема – эпизод суда. Отметив отсутствие в этих текстах эпизодов похищения жены Соломона, строительства дворца из птичьих костей, А.Н. Веселовский предполагает, что когда-то существовал полный вариант этих индийских текстов, и все три отмеченные эпизода были в них. По его мнению, позже эта версия была занесена на Запад, и через Палестину была распространена до Балканского полуострова. Русская сказка о Соломоне и Китоврасе также была создана на основе этой версии.

А.Н. Веселовский указал даже маршрут, по которому сказания о царе Викраматиде были распространены на Запад. По его мнению, сказания по южному берегу Каспия дошли до Ирана и Малой Азии, затем в Палестину. Некоторые эпизоды вошли в Талмуд, которые позже посредством христианства распространились в Византийской империи, а оттуда попали в Италию, Англию. Другой их вариант был направлен на Север. В Монголии они известны под названием «Арджи Барджи».

Происхождение саги Г.Н. Потанин искал на Востоке. Однако в отличие от своего коллеги он утверждал, что сага возникла не в Индии, а в Северной Азии и отмечал, что существуют многочисленные факты, подтверждающие это. Ученый писал, что в индийских ведах встречается только один эпизод, связанный с Соломоном, и это эпизод суда. Тогда как в степных сказаниях можно встретить все эпизоды, связанные с Соломоном. Кроме того, эти темы встречаются не в разбросанном виде, а внутри одного текста. Одной из причин, подталкивающих Г.Н. Потанина говорить так уверенно, это то, что имена персонажей и отдельные детали в степных сказаниях более близки с западными вариантами. Основываясь на таких фактах, он выступает против того, что обнаруженные в Северной Азии варианты являются производными от индийских вед. Наоборот, он утверждал, что сами веды о царе Викраматиде произошли на основе североазиатских вариантов. Г.Н. Потанин указывал два пути распространения этих сказаний. Во-первых, эти сюжеты, проходя через северную часть Каспия, попали в Южную Россию (Хазарское каганатство), где жили евреи и греки, и отсюда распространились в славянский мир, Византию, Италию и Англию. Второй вариант – это распространение сюжетов к югу от Монголии до Индии и Тибета.

Исследователь отмечает, что эпизод о строительстве дворца по просьбе жены Соломона имеет достаточно много параллелей на Востоке. В Талмуде говорится, что Соломон хочет построить дом. Из-за того, что инструмент, который используется для тесания камней, издает много шума, он решает использовать «Шамира» – червя, который может помочь ему тесать камни. Место этого червя знает только Асмодей. Умный Беньягу наливает в место, откуда Асмодей пил воду, вино, и таким образом поймал его, приводит к Соломону. У Асмодее Соломон узнает способ найти «Шамира». Вариант этого сюжета, распространенный среди славян, почти одинаков с талмудским вариантом. Разница в том, что в славянском варианте вместо Асмодее упоминается Китоврас. Проведя параллели между эпизодами строительства храма в Ласе, непальским сказанием о крепости Чарыин-Хасыыр, монгольским повествованием о крепости Чаган-Субурган и Абатае, бурятским сказанием о Эсеге-Малане, Г.Н. Потанин отмечал, что все они являются отдельными частями одного сюжета.

По Г.Н. Потанину, сказания о Соломоне берут свое начало из космогонических мифов, точнее мифов народов Северной Азии о происхождении мира. В этих мифах говорится, что бог хочет соз-

дать мир, но он не способен это сделать в одиночку. В этом ему помогает Эрлик. Он превращается в утку, ныряет под воду и достает оттуда горсток земли. Бог использует эту землю и создает мир. Г.Н. Потанин считал, что в последующем развитии этого мифа бог был заменен человеком, а создание мира – строительством здания или храма. Предположив, что между сказаниями о Чолмоне и представлениями о возникновении мира существует связь, исследователь находит схожие факты в аларо-бурятских текстах о создании вселенной. В этих мифах указывается, что мир был создан бога-ми Бурхан и Шолмо. Г.Н. Потанин отождествляет Шолмо с Чоломоном и утверждает, что они являются идентичными персонажами. С этой точки зрения он приходит к выводу, что Чолмон – это имя бога, участвовавшего в создании мира. Эти представления о звезде Чолмон были занесены в западный мир, и на их основе были созданы сказания о Соломоне и Китоврасе. А имя Чолмон получило форму Соломон (3, 41).

По Г.Н. Потанину, другие темы, связанные с Соломоном, можно встретить в представлениях о звезде Чоломоне. В одной из них говорится, что Соломон в детстве был выброшен на улицу. В русской сказке о Соломоне и Китоврасе говорится, что Соломон еще в утробе матери использует непристойные слова против нее. Разгневанная мать, решает убить его. После рождения ребенка она поручает слуге, чтобы он в поле убил его и принес другого ребенка вместо него. Слуга пожалел ребенка. Он оставил его в сарае около кузницы. Нашедший ребенка кузнец решает оставить его себе. Следы этих сказаний Г.Н. Потанин находит в бурятской легенде о Чолмоне. В легенде повествуется, что Чолмон был принцем, в детстве был выброшен на улицу, был пастухом и кузнецом. Потанин пишет, что эту тему встречал и среди сказаний о Чингиз-хане. В одном из них говорится, что Чингиз-хан был найден в пустыне, когда был маленьким ребенком. Потанин считает, что этих персонажи сближает то, что они оба были связаны с кузнечеством. Выше мы отмечали, что Соломон занимался кузнечеством. Чингиз-хан тоже в молодости был кузнецом, даже после того как стал правителем, чтобы не забыть свое прошлое, раз в год на наковальне обрабатывал горячий металл.

По мнению Потанина, представления о пропавшем принце возникли в результате наблюдений над Плеядами. Первобытные люди похолодание и морозы связывали с полярной звездой. Так, по поверьям, когда видны Плеяды, погода похолодало, становилось морозно, и как только они пропадали из виду, становилось теплее. Первобытные люди считали, что Плеяды спускались на землю, и поэтому погода теплела. На основе этих представлений возникли сказания о поиске пропавших или похищенных небесных тел (3, 64). Потанин включает сказания о Чингиз-хане, Томорше, Соломоне в этот ряд. По его мнению, среди них связанные с Чингиз-ханом легенды остались в Азии и дошли до наших дней через монгольские, киргизские устные и письменные памятники. Варианты, связанные с Томором или Тимурчин-ом, дошли до северной части Кавказа и здесь распространились как легенда о Храме Тимуре. Сказания о Чоломоне в Южной России перешли в легенду о Соломоне.

Обобщая отмеченное, можно сказать, что, несмотря на исследовательский метод Г.Н. Потанина, вольное толкование текстов, сравнение имен по звуковому сходству, которое выглядит несколько примитивно, неоспорим факт влияния Востока на западную культуру, на ее эпический фольклор. Чтобы увидеть, как это влияние происходило, достаточно совершить короткий экскурс в историю.

В середине II века часть гуннов, бежавшей от преследования сянби, направилась в Европу и обосновалась на юго-востоке континента. Завоевав победу в 350 году над аланами, в 375 году – над готами, гунны расширили захваченные земли до реки Тиссы, и отсюда начали нападать на Балканские страны, Малую Азию (2, 206).

Новая волна переселения с Востока на Запад приходится на период после распада жужанов в середине VI века. Утигуры, принадлежащие аварским, сабирским, болгарским племенам, продвигаясь вперед на Запад при поддержке аланов, завоевали победу над славянами-антами и гепидами. В конце 560 года обосновавшиеся на левом берегу реки Тиссы авары создали Аварское хаганатство, продержавшее некоторое время Европу под своей властью. После распада хаганатства входившие в его состав племена ассимилировались среди соседних народов (2, 208).

После распада во второй половине VII века союза племен болгар часть его поднимается вверх по реке Волга, а другая часть движется по берегу Азовского моря до Дуная. Уже к концу 70-х годов болгары под предводительством царя Аспаруха доходят до берегов Дуная и подчиняют себе славянские племена.

Пришедшие в IX веке с южных частей Урала угорские племена (предки венгров) входят в юго-восточную Европу. Захватив под предводительством Алмоса и Арпада центральные части между Дунаем и Тиссой, угоры перешли в оседлую жизнь и, приняв христианство, начали путь «европеизации».

Среди племен, обратившихся на Запад после падения тюркского хаганатства, были и печенеги, кенгери и кыпчаки. Прибыв в устье реки Дунай под давлением огузов, печенеги властвовали здесь до 30-40 годов XI века – до прибытия сюда половцев.

В конце I тысячелетия находящиеся у берегов Арала огузы позже под руководством Селджугов продвинулись к юго-западу – на Кавказ, в Малую Азию и на Балканы и в XIV-XV веках под руководством Османа создали здесь сильное государство. Очередные нашествия тюрков на Европу осуществ-лялись под руководством этой династии, в результате Балканы были подчинены их власти.

С 1218 года монголы во главе с Чингиз-ханом начали нападения на Среднюю Азию. Разрушив Хarezм, Бухару, Афганистан, Восточный Иран, монголы, обойдя Каспий с юга, захватили Азербайджан и Грузию. Они через Дагестан вышли на Северный Кавказ. Двигаясь в сторону Дона, монголы в 1222-1223 годах побеждают аланов, половцев и руссов. После столкновений с булгарами вдоль Волги они возвращаются назад.

Через некоторое время после этого монголы под предводительством Батый хана начинают покорять Кавказ и Восточную Европу. Перейдя в наступление с большой армией, в 1237-1238 годах мон-голы захватили большую часть Северо-восточной России, в 1240 году столицу аланов, а затем Киев. Но обессилевшая армия монголов в 1242 году вынужденно отступает за Волгу, и на этом завершается нашествие кочевых племен Центральной Азии на Европу.

В результате этих событий появились общие черты в устном творчестве народов, живущих на территории с Северо-востока Китая до Балкан. В связи с этим С.Е. Неклюдов пишет: «То, что выявленная здесь эпическая традиция имеет существенные схожие черты, позволяет говорить об общих эпических элементах, что позволяет поднять вопрос общности фольклора региона» (2, 258). Такая схожесть, преж-де всего, показывает себя в сюжетах и темах, композиционно-стилистических элементах, именах персо-нажей в устном творчестве народов, живущих в данном регионе. В фольклористике по этому поводу было проведено достаточное количество исследований. Даже высказывались мнения, что имена героев эпоса о Нарте – Хамуш, Батрадз, Тогуш-алдар, Эльтаган, Баданаг-алдар, Арах-чау, Балга, Сохыр-яуг и другие являются монгольского происхождения, а героические поэмы калмыков «Чангар» и Средней Азии прошли одинаковый путь развития с русскими былинами. Данный факт показывает наличия исти-ны в предположениях Г.Н. Потанина о едином источнике эпосов Европы и Азии.

1. Веселовский А.Н. Славянские сказания о Соломоне и Китоврасе и западноевропейские легенды о Морльфе и Мерлине. Из истории литературного общения Запада и Востока // Веселовский А.Н. Собранные сочинение: в 16 томах, Т.7, – СПб.: Наука, 1921. – с. 450-455.

2. Неклюдов С.Ю. Исторические взаимосвязи тюрко-монгольских фольклонных традиций и проблема вос-точных влияний в европейском эпосе // Типология и взаимосвязи средневековых литератур Востока и Запада. – М.: Наука, 1974, – с. 192-272.

3. Потанин Г.Н. Сага о Соломоне. – Томск: Издат. Сибирского Печатного отд., 1912, – 185 с.

4. Потанин Г.Н. Восточные мотивы в средневековом Европейском эпосе. – М.: Изд. Геог. Отд. Импер. Общ., 1899, – 654 с.

Түйін

Мақалада автор Г.Н. Потаниннің Сүлеймен Пайғамбар туралы жырлардың шығуы туралы теориялық көзқа-растарына тоқталады. Бұл туралы Г.Н. Потанин өзінің «Ортағасырдағы еуропа эпостарындағы шығыс мотивте-рі» деген еңбегін жазып жүрген кезінде шұғылдана бастады.

Summary

Drawing parallels between the stories of Solomon and the Eastern epic samples, G.N. Potanin ignores the different motives between them and his opinions seems less convincing when he sets up his comparisons on apparent similarities and phonetic conformities between the names of personages. However, in a controversy with Veselovskiy who sought for the origin of Solomon's tales in India, G.N. Potanin suggested the stories originated among the Turan nations and further expanded to the world.

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ САРЫНЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

Ф.Ж. Разахова – Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университет

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» демекші, әсіресе ұлттық тәрбиенің өзектілігі балауса ұл мен қыз-дың бойына ата-бабалардың асыл мұрасын, салт-дәстүрін, тәрбие-тәлімін сіңіру ең басты қажеттілік.

Жаңа заман өз талабына сай жаңа адамгершілік тұжырымдар мен нормаларды қалыптастырады. Әрине, бұл міндетті түрде жастардың адамгершілік қалыптасуына әсер етпей қоймайды. Жастардың адамгершілігі, саналылығы оның қоршаған адамдармен, отбасы мүшелерімен дұрыс қарым-қатынас орнатуға ықпал ететін елеулі фактор. Жастардың тұлғалық қалыптасуында адамгершілік қалыптасуы негізгі, шешуші роль атқарады. Осыған орай, адамгершілік санасы «нормадан» ауытқып қалыптасқан жастардың басқалармен қарым-қатынасы өзге механизм желісінде қалыптасады. Ата-аналар дер кезінде балаға ұлттық тәрбие беріп, баланың қате ұстанымдырын уақытында дұрыстап отырса, соғұрлым жастардың тұлғалық қалыптасуы тиімді жүзеге асып, ұлттық санасы да жоғары болады. Ал адамгершілік тұжырымдары мен саналылығы жоғары жастар өз алдына қоғам дамуына елеулі үлесін қосады деп болжай аламыз. Бұл жұмыста жасөспірімнің адамгершілік қалыптасуының маңыздылығын анықтаумен қатар, жастардың тұлғалық адамгершілік қалыптасуындағы отбасы мүшелері мен қоршаған ортаның маңызды, шешуші рөлі көрсетіледі.

Ұлттық тәрбие берудің мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра ала-тын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу, ал міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің дінгегін негіздеу, тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеуде жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру, бүгінгі қазақ елінің индустриалық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін парасатты, ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекет-ке тәрбиелеу, білім және мәдени-рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру

Тарихты білмей тұрып қазіргінің қадіріне жету, болашақты болжау қиын дейтін ғылымның өз қағидасы бар. Ол – өмірлік өсиет, ұлағатты сөз. Бұл тарих тағылымының тәрбиелік үлгісі болса керек. Өміріміздің даму барысын дұрыс түсініп оның ішінде ғылымның, тәрбиенің, бүгінгі мен ертеңің танып, бағдарлап отыруда тәрбие мен еңбек бөлінбестей берік, маңызды да мәнді рөл атқарады.

Жастарға ұлттық тәрбие беруде Абай мен Шәкәрім шығармашылығының олардың адамның рухани дамуына, жетілуіне байланысты ойларының маңызы зор. Абай адам тәрбиесіне өз шығармашылығында айрықша тоқталады. Қазіргі кезеңде жас ұрпақты рухани тәрбиелеуде Абайдың толық адам концепциясының ұлттық тәрбие негізінде бірден-бір ұстаным етіп алуға болады. Абай:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек, [1] – дейді.

Абайдың осы ұстанымы жастарды адамгершілік тұрғыдан өз-өзін танып білуге тірек болатын үлкен бір қағида. Себебі, қазақ жастарына ұлттық тәрбие беруде алдымен ішкі әлеміне үңілдіруді, сол арқылы адами қасиеттерді жетілдіру негізінде тәрбиелеудің маңызы зор. Ал, Шәкәрім бұл тақырыпты өзінше жаңа қырынан көрсетуге ұмтылған. Абай талап, шыдам, қайрат, жүрек, ақыл сияқты адами қасиеттердің қатар болуын, адам бойынан бірдей көрінуін қаласа, Шәкәрімде бұлармен қатар мейірім, ынсап, әділет, ақ ниет сияқты сапалық қасиеттерді уағыздау басым. Адами қасиеттердің түп қазығын ол адалдық пен ақ ниетке әкеліп тірейді. Шәкәрім:

Байлаймын да көзіңді,
Патса қылам өзінді,
Ұғып отыр сөзімді,
Ел билетем жеті ру,
«Мейірім», «Ынсап», «Әділет»,
«Шыдам», «Шыншыл», «Харакет»,
Түп қазығы: «Ақ ниет» –
Бұл жетеуін ел кылу, [2] – дейді.

Шәкәрім адамның ішкі әлемінің құндылықтарын жетілдірудің нақты жолдарын көрсетеді. Шын-дығында қазақ жастарына ұлттық тәрбие беруді осылайша ұйымдастырсақ нақты нәтижеге қол жеткіземіз. Демек, тәрбиені жақсартудың бірден-бір маңызды да, ықпалды жолдары осы даналардың шығармаларындағы үлгі-өнегеде жатыр.

Тәрбие – қоғамның негізгі қызметтерінің бірі, жеке адамды мақсатты, жүйелі қалыптастыру процесі, аға ұрпақтың тәжірибесін кейінгі буынға меңгертіп, олардың сана-сезімін, жағымды мінез-құл-қын дамытушы. Кеңестік дәуірдегі тәрбие мектебі жөнінде ата-аналарымыздың, қазыналы қарттары-мыздың аузынан еститін әңгіме бүгінгі таңның тәрбиесімен «үш қайнаса да, сорпасы қосылмайды». Отбасы – адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты қызық дәурені осы отбасында өтіп жатады. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштары – тәрбие жұмысын атқаруға кіріседі. Ата-аналардың балалары алдында олардың денсаулығының дұрыс жетіліп өсуін қамтамасыз ету, тәрбие беру, білім беру, үй болып, аяққа тұрып ел қатарына қосылып кетуін қамтамасыз ету сияқты міндеттерін орындауы, ал балалары алдында ата-анасын қам-қорлыққа алып, сүйеніш болуы секілді міндеттері ұштасып жатады. Бүгінгі таңдағы отбасы тәрбиесінде қоғам ата-аналар алдына үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр. Бүгінгі тәрбие берудің негізгі міндеттерінің өзі «ең алдымен дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, ар-ожданы мол, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу» деп көрсетілген Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасында. Отбасы тәрбиесінің негізгі мәні отбасындағы өзара ынтымақтастық пен түсіністік болып табылады. Балалар ата-анасының еңбектегі ісіне көңіл бөліп, оны түсінуге тырысады. Ата-аналар да балаларының күн сайынғы әрекеттерін қадағалап жағдайларын біліп отырады. Отбасының берік негізі міне, осы рухани мүдденің бірлігінде. Оның біртұтас ынтымақта болуы, береке бірлігі ең алдымен ата-ана мүддесінің мәні мен мағынасында, әке мен шешенің бір-біріне, балаларына, олардың достары мен жолдастарына деген қарым-қатынасына байланысты болады.

Босағасы берік отбасында әрбір адам өзара қамқорлық пен татулыққа, үй іші жұмыстарын жұмыла кірісіп орындауға, жақсы мен жаман туралы пікірлерін ортаға салып ұштастыруға, қаражатты дұрыс бөліп тұтынуға, еңбекпен табылған ақша құнын бағалап, қадірлеуге үйренеді. Отбасындағы тіршіліктің дұрыс ұйымдастырылуы балалардың еңбекқор болуы, әр нәрсеге жоғары жауапкершілік сезіммен қарау, адамды құрметтеу сияқты адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Бабалар сөзі – кешегі өткен қариялардан, ғұлама ойшылдар мен шешен-билерден, ақын-жыраулар мен сал-серілерден мұра, мирас болып қалған ұлы тәрбие құралы. Біздің ата-бабаларымыздан бізге жеткен көптеген ұлағатты, ғибрат аларлықтай тамаша тәлім-тәрбие берерліктей өсиет сөздер бар. Мың жылда бір-ақ көрінетін кометалардай сыры да, сезімі де терең, тұңғыш дана тұлғаларымыз фәни өмірден баз кешіп, бақилық болып жатыр. Әйтсе де, Баубек пен Бауыржан батырлығы, Әлия мен Мәншүк ерлігі, Қаныш пен Әлкей білімі, Мұхтар мен Ғабит, Ғабидендердің үні, Дінмұхаммедтің парасаты – бүгінгі ұрпаққа өнеге. Олардың даналық болжамы, ғибрат аларлық сөздері мен пайымдау-лары бүгінде халықпен қауышып, жүрегімізден орын алуда. Менің ойымша қазіргі нарықтық заманда ата-ананың күйбең тіршіліктен уақыты қалмай жастар тәрбиесіз қалды, әсіресе ұлттық тәрбиесіз. Ұлттық тәрбиені көрмеген адам ешқашанда елге пайдалы болмайды. Осы жастар ұлттық тәрбиені көрмегеннен ұрлық, надандық, жезөкшелік, арақ ішу мен нашакорлық, нәпсі, күйеуімен ажырасу, түсік жасап нәресте өлтіру, темекі тарту, қылмыс жасау, әке шешесін тастау, туған баласын тастау деген жаман тенденциялар көбейіп жатыр. Сондықтан ұлттық тәрбие біздің халқымызға ауадай қажет. Сосын ұлттық тәрбиені заңдылық шаралармен және қағидалармен қуаттауға болады. Бірінші-ден заң ретінде аборт жасап нәресте өлтіру мен жезөкшелікке тыйым салу керек. Ер азамат ол бірін-шіден жауынгер, елдің қорғанысы және қаһарман, сосын елге пайдалы маман, болашақ әке. Осындай болған қазақтың ата бабалары. Қыздарымыз қылықты, ұлдарымыз ұлықты болу керек деп ойлаймыз.

Әрине, тәрбие жалаң болмауға тиіс. Жалаң тәрбие қауқарсыз. Қазір өкінішке орай, тәрбиеде сон-дай үрдістің жүріп жатқанын ащы да болса мойындауға тура келеді. Біздің ойымша, кез келген адам-ды тәрбиелеудің ұлттық негізі болуы керек. Сонда ғана тәрбие шынайылыққа айналады. Тәрбиенің мақсаты – елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздық-пен күресу болса керек. Сондықтан тәрбиенің жүзеге асуының технологиясы қалай дегенде де ұлты-мызға ұстын, болашағымызға тұғыр болатын ұлттық тәрбиеде жатыр деп нық сеніммен айта аламыз.

Ағаштың түрі мен оның тіршілігі жалғасу үшін оның тұқымы қаншалықты маңызды болса, адам-зат тіршілігі мен ұрпақ жалғастығында да баланың рөлі сондай. Бала тәрбиесіне мән бермеген ұлт құлдырауға, ал оларды жат қолдардың мәдениетіне тапсырғандар өздерін жоғалтуға

мәжбүр болады. Әр отыз-қырық жылдан кейінгі ұлттың ең белсенді және жемісті буыны – қазіргі бүлдіршіндер. Жас буынның тәрбиесіне немқұрайлы қараған қоғам ұлт өміріндегі аса маңызды мәселені ескерусіз қал-дырғанын, оның зардабының қандай болатынын ойлап, шошынуы тиіс. Ал ширек ғасырдан кейін орын алатын апаттар мен ізгіліктер бүгінгі ұрпақтың тәлім-тәрбиесімен айналысып отырғандар еңбе-гінің жемісі болмақ. Өз келешегі үшін осы бастан қамданғысы келген халық уақыты мен күш-қуатын жас буынның ертең нағыз азамат боп өсіп-жетілуіне жұмсау керек. Басқа салаға жұмсаған уақыт пен қуаттың көбі зая кетсе де, келешек ұрпақтың нағыз азамат боп өсіп-жетілуі үшін жұмсалған мүмкін-діктер түгесілмес пайданың көзіне айналады. Қазіргі таңдағы қоғамда масқара саналған бишаралар, залымдар, анархистер, ішкіштер, нашақорлар және тағы басқалар – кешегі тәрбиесіне мән берілмеген балалар. Ал біздің жауапсыздығымыздың кесірінен ертең өкшемізді қандай ұрпақтың басатынын бір сәт ойланып көрдік пе..? Ертеңгі күннің тағдыры техникалық және технологиялық жетістікке ие бол-ған ұлттардың емес, отбасы институты құрылған, ұрпақтың тәрбиесіне терең мән берген халықтар-дың қолында болады. Үйлену мен ұрпақ мәселесіне салғырт қараған ұлт ерте ме, кеш пе, заман азу-лыларының арасында жоқ болып кетеді. «Жастар біздің болашағымыз» дейтін болсақ, сол жастары-мызды ұлтын сүйетін ұлтжанды, Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат етіп тәрбиелеу үшін оларға ұлттық тәрбие қажет екенін өмірдің өзі-ақ көрсетіп отыр. Сондықтан бүгінгі таңда тәрбие жұмысын «үш бағдар» негізінде ұйымдастырған дұрыс деп есептейміз.

Қазақстанның тәуелсіздігіне негізделген тәрбие танымы мен негізгі өзегін айқындайтын құбылыс-тарды «үш бағдар» төңірегінде көрсетуге болады. Оған кіретін тәрбие жұмысы міндеттерін төменде-гідей бірнеше бағдарда сараладық:

– Жастарды ұлттық идеология, ұлттық тәрбие негізінде тәрбиелеу тілдің, мәдениеттің, дәстүр, салттардың, ұлтымыздың рухани өресінің дамуы. Қазақстанның ұлт негізін құраушы қазақ ұлтының тілін, рухани мұраттарын насихаттау, өркендету, жастардың бойына сіңіру тәрбиенің, үгіт-насихат-тың ең басты міндеттеріне айналуы керек. Бұл істе зорлыққа, асығыстыққа жол бермеу маңызды...

– Азаматтарды, жастар мен балдырған ұрпақты үнемі Қазақстан Республикасының Конституция-сын және мемлекеттік рәміздерін білуге және құрметтеуге тәрбиелеу міндетті. Бұның өзі жастарды отаншылдыққа баулиды. Жоғарғы оқу орындарындағы барлық пәндер ел мүддесі негізінде ұлттық тәрбие рухында жүргізілуі тиіс.

– Танымдық-эстетикалық Ұлттық тәрбие жастарды, балдырғандарды адам өмірінің мәні неде және күнделікті қандай жақсы істер жасауы керек деген бағытта жұмыстар жүргізе отырып, эстетикалық құндылықтарға тәрбиелей білуі қажет. Жалпы адам тәрбиесіне қатысты қағидаларды, Алланы сүюге, адамды құрметтеуге, әділетті жақтауға үйрететін этикалық тұрғыдағы тағылымдық жүйені насихаттау-дың маңызы зор. Өтірікті, жалғанды жеңу, олардың бетін ашу дұрыс өмірге, өркениетке жол ашады.

Иә, ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Тәрбиенің басты нысаны елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болса керек. Міне, барлық оқу орында-рында «Ұлттық тәрбие» пәнін оқу үрдісіне енгізудің мақсаты мен міндеттері осы деп ойлаймыз. Ендеше, «Ел боламын десек, бесігінді түзе» демекші, ел болып, ұлт болып қаламыз десек, ұлттық тәрбиеге дұрыс көңіл аударайық.

1. Құнанбаев А. Өлеңдер мен поэмалар. 1-ші том. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1977.
2. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы, 1989.
3. Нагимов С. Шешендік өнер. – Алматы, 1997.
4. Қоянбаев Р. Тәрбие теориясы. – Алматы, 2009.

5. Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы. – Алматы, 1976.

Резюме

В работе показано описание современного национального воспитания и изменения, выясняющие основы познания Независимости Казахстана. Рассмотрены мнения мыслителей в области национального воспитания

Summary

This article is shown the description of modern national education and changing, clearing the bases of knowledge of Independence of the Republic of Kazakhstan. Minds of speculators were considered in national oblast of education.

ТІЛ ДАМУЫ САБАҚТАРЫНДА С.ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ

К.Медеубаева – педагогика ғылымдарының кандидаты

Білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жүргізіліп жатқан жұмыстар терең білімді, ізде-німпаз, барлық іс-әрекетте шығармашылық бағыт ұстанатын, өз болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеу ісіне бағытталуда. Баланы белгілі мақсатқа сай ізденімпаздыққа баулу, логикалық ойлау қабілетін дамыту – әр пән мұғалімінің басты міндеті.

Дж.Дьюидің ғылыми жүйесі бойынша, оқу үрдісі баланың қызығуына, өмірлік қажеттіліктеріне негізделуі тиіс. Оқыту проблемалы әрекетке негізделіп, баланың өзіндік белсенділігі мен жеке таным-дық іс-әрекетіне бағытталуы қажет. Психолог-ғалымдар баланың ойлау іс-әрекетін 3 түрлі деңгейде қарастырады. Олар:

- Репродуктивті – оқушы тапсырманы үлгі, алгоритм бойынша орындайды;
- Продуктивті – іс-әрекет жағдайында оқушы жаңаша алгоритм жасайды;
- Эвристикалық – оқушы өздігінен жаңаша тың идеялар табады.

Жалпы, «іздену», «ойлап табу» ұғымдары шығармашылыққа бастайтын жол деп бағалауға болады. Яғни, бұрын тәжірибеде болмаған жаңа нәрсе ойлап табу, жаңалыққа, жетістікке қол жеткізу.

Жалпы баланың қабілеті екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден, кез келген оқушы оқыту тәжірибе-сіндегі осы уақытқа дейін жинақталған білімді меңгертуге бағытталған оқу әрекеті арқылы дамиды, білім, білік дағдыны қабылдайды.

Екіншіден, кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің мүмкіндіктерін ашады, шығармашылық белсенділігін дамытады.

Екі түрлі әрекет, екі түрлі мүдде әр түрлі мақсатты шешуге көмектеседі: оқу әрекетінде белгілі дағдыны қалыптастыратын, белгілі бір ережені меңгертетін жаттығулар орындалса, шығармашылық әрекетте баланың өздігінен ізденуі басты нысанда болады.

